


X Аргынбаев

**ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ
ҚОЛӨНЕРІ**



Х. Аргынбаев

ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНЫҢ
ҚОЛӨНЕРІ

АЛМАТЫ «ӨНЕР» 1987

Арғынбаев Халел

А 75 Қазақ халқының қолөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек.— Алматы: Өнер, 1987.—128 бет.

Бұл кітапта қазақ халқының дәстүрлі қолөнер үлгілері этнографиялық тұрғыдан жан-жақты сөз болды. Сонымен бірге қолөнердің қаншақты да маңызын саяхатшыларға жеткізіп, металл, үтік өрмеу мен тері, мүйіз, сүйек ұстау шеберлігінің туып-қалыптасуына мысалдар келтірілгені де елімізге белгілі.

Кітап авторымен сөйлескен жылдар бойы Қазақстан өзіршіні жинаған этнографиялық материалдар мен артефактілер және қазіргі заманғы жинақталған материалдар Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Осака, Семей, Шымкент қалалары музейі қорында сақталған қолөнер бұйымдарының түпнұсқасына тиісінше түсірілді. Ғылыми-зерттеу мақсаты үшін материалдардың көпшілігі бұл ғылыми-зерттеуі маңызы ұлымынша тілмен терімендік жиналды. Кітап-альбом өнер сүйер адамдарға арналып отыр.

85.12

Кіріспе

Қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Оған Қазақстан жерінде бұрын-соңды жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады. Мұның өзі қазақ өнерінің республика жерінде мекендеген сақ, үйсін, қыпшақ, ғұн, қарлұқ және тағы басқа көне түркі тайпаларының мәдениетімен тәркіндестігінің айғағы.

Қазақ халқы — кең-байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртқы бұйытушы. Бұл процеске әр кезінде Қазақстан жеріне жан-жақтан келген көшпелі тайпалар мен халықтардың, сондай-ақ, Оңтүстік-Сібір, Орта Азия мен орыс халқының да мәдениеті әсер етті. Сайып келгенде, жергілікті көне мәдениет сырттан келген мәдениет элементтерінің сан толқынын бойына сіңіріп, үнемі жақсару, жаңғыру үстінде болды. Осындай толассыз дамудың нәтижесінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнері өз дамуында айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді.

Революцияға дейінгі қолөнердің дамуына қазақ қауымының әлеуметтік-экономикалық жағ-

дайы, көшпелі өмір, біртіндеп отырықшылыққа көшу процесі, бұрын үстем болып келген тұйық шаруашылықтың ыдырай бастауы, көрші елдермен, әсіресе Россиямен, сауда қатынасының шаруашылық және мәдени байланыстың арта түсуі, тағы да басқа көптеген ішкі-сыртқы факторлардың әсері айтарлықтай ықпал жасады. Ол кездегі қазақ ауылдарының көпшілігінің қаламен байланысы болмады. Сондықтан, олардың өзіне қажетті үй бұйымдарының басым көпшілігін қалалардан сатып аларлықтай мүмкіндігі болмағандықтан, негізінен, халық шеберлерінің қолына қарады. Қазақ қолөнер шеберлері, көбінесе, кедейлер әулетінен шықты. Олардың белгілі бір қолөнер түріне мамандана кәсіп етуі шеберлердің негізгі күнкөріс көзіне айналатын. Соның өзінде қолөнер шеберлерінің өнерлі еңбегі, тіпті ғажап туындыларының өзі де жете бағаланады. Сондықтан, қолөнерді кәсіп етуші шебер хандардың өзі жоқшылық зардабынан қол үзе алмады. Кейде, өнер иесі еңбегін алдын ала сатып, ауқатты адамдардан, айталық: «Балана ер қосып берем» немесе «Сықырлауық жасап берем», — деп қарызға мал алып, қажетіне жұмсады. Нәтижесінде, айтулы шеберлердің өзі малды адамдарға қарыздар болып

соны өтеу жолында өмірлері өтетін-ді.

Қазақ қолөнер шеберлерінің күнделікті еңбегінің тым ауырлығының бір себебі — олардың басым көпшілігінде жабдықталған арнайы шеберханалардың болмауы. Әсіресе, ершілер, зергерлер, етікшілер, тағы да басқа ұсақ-түйек бұйымдар жасайтын шеберлер, көбінесе, қысы-жазы өзінің тұрғын үйінде немесе жасатушының мекен-жайында жатып істеді. Мұндай шеберлердің бұйым жасайтын шикізаты да, құрал-саймандары да көшкөнге қолайлы шағын, сыйымды болды. Сондықтан, олар жаздағын елмен бірге жайлауға көшіп, өзінің шағын киіз үйінде-ақ істей берді. Ал енді, киіз үй сүйегін жасайтын ұйшілер мен арба-шана, жерағаш сияқты көлемді құралдар мен бұйымдар істейтін шеберлер, темір ұсталары, тас өңдеушілер, көбінесе, қысқы мекенінен кете алмай жатақта қалады. Сондықтан, бұлардың кейбіреулерінде, әсіресе ұсталарда, арнайы қарапайым дүкендер болды. Ал, тастан там салып, құлпытас және басқа бұйымдар қашайтын шеберлер мен ұйшілердің, арбашылардың жұмыс орны қыстаудағы қора бұрышында, шошалда немесе арнайы жасалатын лапас астында орналасты. Мұндай шеберлердің жазда жайлауға көшуіне, бір

жағынан, көліксіздік, кедейлік мүмкіндік бермесе, екіншіден, олардың негізгі кәсібінің өзі көш-қонға тым қолайсыздық туғызды. Айталық, ауыр тас-тарды былай қойғанда, киіз үй сүйегі мен арба-шана, тағы да басқа шаруашылық саймандарын жасайтын шикізаттарды, оларды өңдейтін құрал-саймандарды көш-қонның кезінде өзімен бірге ала жүруге мүмкіндік болмады.

Қазіргі уақытта революцияға дейінгі қазақ халқының қолөнер табиғатын жан-жақты этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де, өмірлік тәжірибе үшін де маңызы өте зор. Өйткені, қазақтың қолөнері жалпы халық мәдениетінің ішіндегі негізгі салаларының бірі. Маркстік-лениндік ілім қағидалары бойынша, үлкенді-кішілі қай халық болсын дүниежүзілік мәдениет қорына өз әліше үлес қосады. Олай болса, қазақ халқының да ұлттық мәдениеті, оның ішінде қолөнер шеберлерінің дәстүрлі өнері де жан-жақты зерттеуді қажет ететін бағалы мұра.

Партиямыз бен үкіметіміз халық қолөнер дәстүрлерін мәлепеп сақтау және олардың сан алуан салаларын қазіргі жағдайда творчестволық түрде дамыту мәселесіне ұдайы көңіл бөліп келеді. Мәселен, СССР Министрлер Советі 1966, 1968 және 1986 жылдары халықтық көркемөнер кәсібін дамыту мәселесін арналып қаулылар қабылдады. Бұл қаулыларда халықтың күнделікті тұтыну заттарын өндіру ісін одан әрі арттыру, жергілікті жұртшылықтың ұлттық ерекшеліктерін ескеру, әсіресе, қолөнер кәсібінің өнімін молайтумен бірге өнім түрлерін де мейлінше көбейту мәселесін көтерді. Сондай-ақ, халықтық қолөнердің ағаш, тас, керамика, металл түрлерін көркемдеп өңдеу, кілем тоқу, кесте тігу сияқты сан алуан дәстүрлі түрлерін мұқият зерттеп, оны жаңа жағдайға ыңғайлап, дамыту шараларын белгілеп берді. Осы қаулыларда көрсетілген

нұсқауларды орындау барысында Қазақстанда көптеген көркемөнер кәсіпорындары іске қосылды. Оның ішінде Алматыдағы «Сувенир», «Тұс киіз» фабрикалары мен «Экспериментті көркем керамика» заводын және басқаларын айтуға болады.

Осы, жоғарыда айтылған, көркемөнер кәсіпорындарының шығаратын өнімдерінде қазақтың дәстүрлі қолөнер туындыларының үлгілері мұқият ескеріледі. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің халық өнерінің одан әрі дамуына әкелік қамқорлығын тағы бір айғағы ретінде КПСС Орталық Комитетінің халық көркем қолөнері туралы 1975 жылғы 29 январьдағы қаулысын атап айту қажет. Бұл қаулыда халықтық дәстүрлі көркемөнер салаларын одан әрі дамытудың жолдарын көрсетумен бірге оны социалистік мәдениеттің маңызды саласы ретінде ғылыми тұрғыда зерттеудің қажеттілігін ескертіп, барлық одақтас республикаларға осы мәселені талқылап, нақтылы шаралар белгілеуді тапсырды. КПСС Орталық Комитетінің бұл қаулысын Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі талқылап, республика көлемінде көркемөнер кәсібін дамыту шараларын белгіледі. Бұл қаулыда халықтық қолөнер салаларының тарихы мен болмысын ғылыми тұрғыда зерттеудің қажеттілігі көрсетілді.

Жоғарыда көрсетілген қаулы-қарарлардың алғашқы нәтижелері тез арада бой көрсетті. Қазақстанда халықтық қолөнері негізінде маманданған он шақты өндіріс кәсіпорны, көптеген цех ашылды.

Партия мен үкіметтің қаулыларындағы көрсетілген міндеттерді, шын мәнісінде, жоғары деңгейде орындау үшін, халық мәдениетінің өткені мен бүгінгісін ғылыми тұрғыда зерттеу керек болды. Міне, осы жағдайларға байланысты қазақ халқының қолөнерін зерттеу қолға алынды.

Өмірдің қай саласында болма-

сын оның қазіргі қалпын жақсы түсіну үшін өткен тарихын, тегін тереңірек зерттеп білудің қажеттігі белгілі. Сондықтан, біз бұл еңбегімізде қазақтың халықтық қолөнерін тарихи тұрғыда зерттеуді алдымызға негізгі мақсат етіп қойдық. Революцияға дейін қазақ қолөнерінің бірнеше салалары болды. Біз оның ішінде ағаш, металл, тас, сүйек, мүйіз, тері мен былғарыдан әр түрлі үй бұйымдарын, шаруашылық құрал-саймандарын, сан алуан ескерткіштер жасауға байланысты қалыптасқан қолөнер түрлерін қарастыруды жөн көрдік. Оның да өзіндік себептері бар. Жоғарыда көрсетілген табиғи заттарды өңдеп, одан әр түрлі бұйымдар жасаумен революцияға дейін, негізінен, ер адамдар айналысты. Мұндай қолөнер шеберлерінің көпшілігінің күнделікті ісі олардың негізгі кәсібін айналып. Дегенмен, әлі де болса, қазақ шеберлері жер өңдеп, мал өсіруден үзілді-кесілді мүлде қол үзе қоймады.

Октябрь революциясының жеңісінен кейін, әсіресе ауыл шаруашылығын коллективтендіруге байланысты, қазақ жұртшылығы түгелге жуық қоғамдық еңбекке белсене араласты да, қолөнер кәсібі, әсіресе, оның ер адамдар айналысатын түрлері күрт төмендеді, тіпті, олар өндіретін бұйымдар жаңа жағдайға байланысты өзінің қажеттілігін жойды. Өйткені, оларды күнделікті халық тұрмысынан өндірістік товарлар оңай иғыстырды. Нәтижесінде ел арасында ер адамдар қолөнеріне байланысты қарекеттер үй кәсібі болу мәнін жойды деуге әбден болады. Ал, киіз басу, тоқымашылық, тігіншілік, кесте тігу сияқты әйелдер үлесіне тиген қолөнер түрлері, керісінше жаңа жағдайға байланысты жаңғыра даму үстінде. Сондықтан да, біз бұл жұмыста осы күні ел арасынан ізін жойып бара жатқан ер адамдар айналысатын қолөнер түрлерін тарихи тұрғыда зерттеуді қаладық. Еңбекте «үйші», «ерші», «зергер», «ұста»,

«көнші», «ысшы», «етікші», «иіші», «тамшы» сияқты халық шеберлерінің өнеріне, олардың қолынан шыққан сан алуан бұйымдардың жасалу тәсіліне, көркемдік сапасына, жергілікті ерекшеліктеріне көңіл бөлінеді.

Бұл еңбек қазақ этнографтарының 1949—1980 жылдарда ел арасынан жинаған деректерін, Қазақ ССР Ғылым академиясының археология, Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық және Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің өнер, СССР Ғылым академиясы Антропология және этнография музейлерінің қорларында сақталған қазақ қолөнер шеберлерінің сан алуан көркем туындылары және жазба деректерін кеңінен пайдалану негізінде жазылды.

Революцияға дейінгі жарық көрген көптеген этнографиялық жазба мұра ішінде тікелей қазақтың қолөнеріне, әсіресе, тек қана ер адамдар айналысатын шеберлік болмысына арналған жұмыстар мүлдем болған жоқ. Әр уақытта, әр түрлі жағдайларға байланысты Қазақстанда болып, жалпы қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті туралы жазған авторлар өз еңбектерінде жергілікті шеберлер жасаған бұйымдар туралы жалпылама мағлұматтар берумен ғана шектеледі. Бұл жазбаларда, әсіресе, ел арасында өте жиі кездесетін киіз басу, тоқымашылық, сырмақ сыру, ою-өрнек сияқты әйелдер өнеріне байланысты жайларды баяндауға көп көңіл бөлінді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Шокан Уалиханов, Мұса Шорманов, Мұхамет-Салық Бабжанов, Құдабай Қостанев сияқты қазақ авторлары халық өмірін этнографиялық тұрғыда қарастырып, бірқыдыру еңбектер жазды. Оларда қазақ қолөнеріне байланысты біраз деректер берілді.

XIX ғасырдың соңында Қазақстан мен Орта Азия елдеріндегі қолөнер қасіптерінің жалпы капиталистік қатынастардың дамуына қажетсіз тұр-

лерін мүлдем жою керектігін уағыздаушылар да (С. А. Давыдова) болды. Мұндай реакцияшыл пікірді атақты орыс ғалымы К. М. Обручев кезінде орынды сынға алды. Ол жергілікті қолөнер қасібінің маңызын Россия капитализмінің пайда-сына қарай емес, оның әнімі-нің, ең алдымен, жергілікті халықтың өз қажетіне сайлығымен байланысты қарастырудың керектігін дәлелдеді.

Қазақ өмірін этнографиялық тұрғыда зерттеудің жана кезе-ні Октябрь революциясының жеңісінен кейін басталды. Бұл кезеңде жалпы қазақ өмірін зерттеумен бірге қолөнер мәселе-сінен де деректер жинау Қазақстанды зерттеу қоғамының үлесіне тиді. Қоғамның 1922—1924 жылдардағы жылдық есеп-терінде бірқыдыру материал-дар жарық көрді.

СССР Ғылым академиясының жиырмасыншы жылдардың со-ныңта Қазақстан жеріне ұйым-дастырған экспедицияларының этнографиялық деректер жинау-дағы ролі айтарлықтай болды. Бұл ретте біздің зерттел отыр-ған мәселеге қатысы бар жұ-мыстар қатарына ең алдымен С. И. Руденконың Ойыл, Сағыз өзендерінің бойын және Қазақ-станның солтүстік-батыс өірін мекендейтін қазақтар тұрмысы туралы жазған еңбектері және С. М. Дудин мен Е. Шнейдер-дің қазақ ою-өрнектері туралы жазған еңбектері жатады. Бұл еңбектерде, негізінен, киізден жасалатын үй бұйымдары мен кілем, алаша тоқуда қолдан-латын оюлар болмысы сөз бо-лады.

Қазақстан жеріндегі архитек-туралық ескерткіштер түрлерін зерттеуде де соғыстан кейінгі жылдарда біраз жұмыстар жа-салды. Атап айтқанда, Т. К. Бә-сеновтің Батыс Қазақстандағы архитектуралық ескерткіштер туралы жазған еңбектері мен М. М. Мендікүловтың Маңғыш-лақ пен Батыс Үстірттегі архи-тектуралық ескерткіштер туралы жазған кітабынан тас өңдеу өне-

ріне байланысты құнды деректер табуға болады.

Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын, өткені мен бү-гінгісін жүйелі түрде этногра-фиялық тұрғыда зерттеу Ұлы Отан соғысынан кейін Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында этнографиялық бө-лімінің қалыптасуына байланы-сты жүргізілді. Қазақстанның әр өңірінде мекендейтін қазақ жұртшылығының материалдық мәдениетін, шаруашылық мәселе-лерін, жалпы мәдениеті мен тұрмысын зерттеу негізінде И. В. Захаров, В. В. Востов, Р. Д. Ходжиева сияқты этнографтар-дың бірнеше ғылыми еңбектері жарық көрді. Бұл жұмыстар қа-зақ қолөнеріне толық арналма-ғанымен, олардың әрқайсысынан қолөнерге байланысты нақтылы деректер табуға болады. 1950 жылдардың соңында Қазақстан-ның солтүстік облыстарында мекендейтін қазақ жұртшылығы-ның революцияға дейінгі қасі-бін этнографиялық тұрғыда зерттеуге Э. А. Масаңовтың кан-дидаттық диссертациясы арнал-ған еді. Бірақ, бұл қолжазба же-ке кітап болып шыққан жоқ, тек оның кейбір бөлімдері бой-ынша бірнеше жеке мақалалар ғана жарық көрді.

Қазақ халқының қазіргі үй ту-ралы академик Ә. Х. Марғұлан-ның көлемі шағын еңбегі мен М. С. Мұқановтың альбом-кіта-бы, сондай-ақ, қазақ өнері мен қолөнері туралы Н. Нұрмұхаме-довтің еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектердің қай-қайсысын болмасын кезінде оқушы қауым жақсы қабылдады, олардың әр-қайсысы өнер тарихын зертте-уге айтарлықтай үлес қосты.

Оқушы қауымға ұсынылып отырған бұл еңбекте ағаш, ме-талл, сүйек, мүйіз, тері, былға-ры, әр түрлі тастар мен шыны-ларды өңдеп, олардан сан алуан үй бұйымдары мен мәдениет ескерткіштерін жасай білген қазақ шеберлерінің гажайып өнері нақтылы деректер негі-зінде сипатталады.



Ағаш ұқсату

Қазақ халқының өмірінде ежелден бері ағаштан жасалатын үй бұйымдарының алатын орны ерекше. Көпшілі мал шаруашылығымен немесе жартылай отырықшылыққа ауысып, егіншілікпен айналысқан қазақ қауымының күнделікті тұрмысына қажетті ағаштан жасалатын бұйымдардың түрі сан алуан. Ағаш өңдеуді кәсіп еткен шеберлерді халық олардың өндіретін бұйымдарына қарай «үйші», «ерші», «арбашы», «ұста» деп даралады. Ал, бұл шеберлердің әрқайсысы өзінің негізгі кәсібінен басқа да уақ-түйек бұйымдар түрлерін жасай білді. Әсіресе, «ұста» атанған шеберлер үй бұйымдарының көптеген түрлерін жасаумен бірге, әр түрлі металл және сүйек өңдеу ісімен де айналысты.

Үйшілер өнері

Ағаш өңдеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен қыруар еңбекті, шынайы талғамды керек ететін түрі — киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер ісі. Мұны халық тілінде «үй басу» деп те атайды.

Киіз үй сүйегі, яғни керегесі мен уықтары, көбінесе, өзен жағасында өсетін әр түрлі талдан жасалады. Мәселен, оған Қазақстанның әр өңірлерінде өсетін сәмбі тал, көк тал, қара тал, боз тал, құба тал сияқты түрлері пайдаланылды. Тал, халық тәжірибесі бойынша, киіз үй сүйегін жасауға ең қолайлы ағаш түрі деп танылған. Біріншіден, жиі өсетін тал тоғайы ішінен кереге мен уыққа жарайтындарын таңдап алу қиынға түспейді, екіншіден, өңдеуге өте қолайлы және одан бабымен кептіріліп жасалған уық-керегелер өте жеңіл және берік болады. Сан-салтанат құруды көк-сеген ірі байлар, төрелер мен билер үйшілерге киіз үй сүйегін түгелдей қайыңнан жасатады. Әдетте, қайыңнан жасалатын үйлердің көлемі үлкен болумен бірге, оның сүйегі де салмақты және өте

берік. Қайыңнан жасалған кереге-уықтарды мұқият өңдеген соң, оны боямайды. Өйткені, ағаштың жылтырата өңделген табиғи түсі үй ішіне аса ұнамды рен беріп тұрады.

Киіз үй сүйегіне жарайтын ағашты, көбінесе үйшілердің өздері ерте көктемнен бастап әзірлеп, кемінде бес-алты ай, кейде, тіпті, жыл бойы көленкеде кептіреді. Киіз үй сүйегіне арналып дайындалатын ағаштың ұзындығы мен жуандығы кереге-уық жасауға жарамды болуы қажет, ал олардың қисықтығына онша мән берілмейді. Шаньырақ үшін дайындалатын қайың мүмкіндігінше түзу, бұтақсыз болуы қажет. Кейде мұндай ағаштар тым жуан болса, оларды кесіп, ұзынынан жарып, ыңғайлап шауып қояды. Үй ағашын кесіп, бұтақтап, қабығын сыдырады. Бұлай етудің өзіндік себептері де бар. Біріншіден, жаңа кесілген жас тал мен қайыңның қабығы оңай сыдырылады, көп еңбекті қажет етпейді; екіншіден, қабығы алынбаған ағашты көленкеге жиып қойса, ол жуырманда кеппей, қабық астында құрт пайда болып, ағаш борсып, шірі бастауы ықтимал. Сондықтан, кесілген ағашты жылдам аршып, бас-аяғын тегістеп отап, керегеге жарайтындарын бір бөлек, уыққа арналған әлдіректерін бір бөлек 20—30 ағаштан бір-бір бума жасап, көленкеге бірінің үстіне бірін жинай береді. Мұндай бумаларды, әдетте, сыдырылған тал қабығының өзімен-ақ буады. Үй ағашын бұлайша бумалап кептірудің де өзіндік себебі бар. Біріншіден, тасымалдауға ыңғайлы, екіншіден, көленкеге жиналған көп бумалардың бәрін дұрыс, біркелкі кептіру үшін оларды әлсін-әлсін аударыстырып, астын үстіне, ортасындағысын шетіне шығарып қозғап отырады. Ал, барлық бумаларды бір шамада жел қақтырып отыруға немесе шыжыған ыстықтарда ағаш тез қурап, жарылып кетпеу үшін оларға су бүркетіндей етіп бумалап жинау тым қолайлы болады. Осындай әдіспен әбден кепкен үй ағашын үйшілер: «Қақсал кепкен ағаш»,— дейді және ол жоғары бағаланады.

Үйшіге қажетті жабдықтар: тез, сықаурын, қонғы, қуыс жонғы, тісті жонғы (сызғы, ырушын), тесе шот, шапашот, балта, қашау, қол ара, оюпшақ, үскі сияқты саймандармен бірге кереге, уық және шаңырақ жасауға арналған әр түрлі қарапайым қалыптар мен кепкен ағашты жібітуге арналған қоз, мор, обын атанатын ыстық «пештердің» де болуы аса қажет. Осы айтылған саймандар мен жабдықтардың барлығын да тәжірибелі шебер үйшілер, көбінесе, талғамдарына сай етіп, өздері жасап алады.

Тез — үйшінің ең басты, негізгі құралдарының бірі. Тезді, көбінесе, сүйегі ауыр, тығыз және жарыла қоймайтын мықты қарағаш, қайың және жиде ағаштарының (ұзындығы 80—100 сантиметр) жуан кесінділерінен жасайды. Тез жасау үшін мүмкіндігінше ағаштың қатар өскен екі мықты бұтағы бар тұсын таңдайды. Өйткені, бір метрдей жерінен кесілген екі бұтақ сүйірлеу ұштарымен жерге кіре тездің бір басындағы екі аяғының ролін атқарады. Ал, екінші басын қолдан жасалған, жерге мықтап орнатылған арнайы аша ағашқа жатқызады. Жерге бұлайша орнатылған тез оның үстінен қанша күш түссе де, мызғаймайтын берік болады және үйшінің жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Бұтақты ағаш кесіндісінің жөні келмегенде тез ағашты айыр ағаштарға жатқызады. Кайткен күнде де үйші іске кіріскенде тез солқылдамай, нық тұратынды болуы қажет. Үйші тез басқанда ылғи түрегіп тұрып істейтіндіктен, оның биіктігі бір метр шамасында болуы керек.

Тез ағаштың үстіңгі жағының дәл ортасына ені бір қарыс, тереңдігі санық сүйемдей көлденең кертпек жасалады. Кертпектің екі басының оң және сол жағынан арнайы жасалатын тік тесіктерге кертпек биіктігінен сәл асып тұратын екі қайың қазықшалар орнатылады. Қисық ағашты түзетуде немесе түзетілген ағашқа иін жасау мүсіндеуде осы қазықшалардың атқаратын қызметі өзгеше. Өйткені, ағаштың қисық тұсы осы қазықшалардың бірімен сықаурын алақанынан арасында сығылудың нәтижесінде түзетіледі.

Сызғаурын — міндетті түрде әбден кепкен, жуандығы білектей, ұзындығы 1,5 метр шамасындағы қайыңнан жасалады. Сықаурынның бір жақ тегістелген жуан басын «алақан», үйшінің жамбасына дәл келетін орта тұсын «жамбастық», ал, жіңішке ұшын «тұтқалық» деп атайды. Қандай қисық ағаш болмасын оны оқпай етіп түзететін немесе түзу ағашты көңілдегідей етіп ию арқылы оған жаңа мүсін беретін аты шулы тездің қарапайым көрінісі мен құрамы осындай ғана. «Қисық ағаш жатпайды тез қасында» деген халық мақалы да киіз үй сүйегін жасаудағы қарапайым қазақ тездінің орны бөлек екенін аңғартқандай.

Әбден кепкен үй ағашын тезге салып түзету үшін, ең алдымен, оларды от қызуына хақтап, балқытып алу керек. Ол үшін үй ағаштарын ар-

найы жасалатын «мор», «обын», «қоз» сияқты «пештерге» салады.

Қазақстанның солтүстік аудандарында мор деп аталатын пешті тақыр жерге ұзындығы 3,5 метр, биіктігі мен көлдененін 30—40 сантиметр етіп, екі қабырғасы мен төбесін кірпіштен не тастан қалайды, бір басынан 2,5 метр мойын шығарады. Осы мойынға үй ағаштарын тігінен салып, пештің аузынан от жағады. «О б ы н» атты пеш жерден қазылып жасалады. Ол үшін ұзындығы 3,5 метр, тереңдігі мен көлденені 40—50 сантиметр ор қазады. Ордың үстіне 3—4 жерден көлденен шабақ ағаштар орнатып, үстінен үй ағаштарын, ұзыннан-ұзақ сұлта жатқызады да, шымен бүркей жауып, обынның бір жағынан от жағады, екінші жағынан түтін шығады. Бұл пештерге үй ағаштарын салып жібіту ісін үйшілер тілінде «мор салу» не «обын салу» дейді.

Қазақстанның көпшілік аудандарында үй ағаштарын дайындау әдісі өте қарапайым келеді, яғни жағылған оттың қозына жібітеді. Мұндай әдісті үйшілер тілінде «қ о з с а л у» дейді. Қоз жасау үшін тездің жаңынан мол етіп қой не түіе құмалақтарынан немесе қидан от жағады да, күлдің жинамай орнында қалдырады. Ертеңіне күл күлдің үстіне тағы от жағып, алі кебе қоймаған дымқыл құмалақ, тезек қалап, лапылдаатып жандырмай бықсытып қояды да, от астындағы ыстық күлге алдын ала су бүркілген үй ағаштарын сұғып, 20—30 минуттан соң бір-бірілеп суырып алып, тезге салып өңдей бастайды. Дымдау үй ағаштарын қозға салар алдында оның күймей, буланып жылдам жібіуіне жағдай туғызады. Кейде қозды құмнан да жасайды. Ол үшін тездің жанына көп қылып ұсақ құм үйеді, оны біраз жаймалап, үстіне ки жағады. Құм әбден қызған уақытта жоғарыда айтылғандай үй ағаштарын балқытып, жібітетін қоз болып шыға келеді.

Жонғы — үй ағаштарының сыртық кем-кетігін тегістейтін құрал. Мұны ұзындығы екі сүйем, ені екі елідей темірден соғады. Екі шетінде ағаш саптары бар, өткір жүзді аспап. Мұның — түзу жонғы, қуыс немесе ойыс жонғы, тісті немесе ыру жонғы деп аталатын үш түрі болады. Түзу жонғының өткір жүзү түзу болады. Үй ағашын алғашқы өңдеу кезінде және керегенің басын, уықтың алақанын шығара тегістей жону үшін қолданады. Қуыс немесе ойыс жонғыны ағашқа жұмырлық бейне бере жону үшін пайдаланады, тісті жонғының жүзі иректеліп тіз тәрізденіп шығарылады, оны кереге басы мен уық алақанына ыру-сызықтар жүргізу үшін қолданады. (Мұны сызғы деп атайды.) Түзу жонғының екінші жағына иректеліп тіз жасауға байланысты оны екі бірдей процесті орындауға қолданады.

Үскі — кереге желісінің көк өткізетін қоздерін және уық алақанындағы уық бау өткізетін кезді тесу үшін арнайы жасалған құрал. Ел арасында үскінің бірнеше түрі болған. Соның ішінде ең көп тарағаны — араларын 20—25 санти-

метр етіп жерге қағылған екі қазықтың бас жағында бір-біріне қарама-қарсы тесіктері болатын, оған темір үскі орнатылатын түрі. Үскінің жұмырланған ағаш бөлігінің өн бойына ұсақ кертпектер жасап қояды. Ол кертпектер үскінің нық және жылдам айналуына себін тигізеді. Өйткені, үскіні айналытатын ұзын қайыс бау осы ағаш білікшеден 2—3 рет шалынып алмауда да, оның екі ұшынан бір кісі екі қолымен кезек тартып отырады, сонда үскі зыр қағып оңды-солды айналады. Ал, үйші айналып тұрған үскіге кереге шыбықтарынан тосып, оның алдын ала белгіленген көк өткізетін көздерін лезде тесіп шығады.

Үскінің екінші түрі қазықсыз жасалады. Сырты бұжырланған қысқа жұмыр ағаштың бір жағына үскі темір, екінші жағына қысқа темір кіндік орнатылады. Кейде үскі темір ұзын етіп соғылады да, оның төрт қырланған орта тұсына ұзыннан-ұзақ екі жарылған жұмыр ағаш бекітіліп, жоғары жағы кіндік, төменгі үшкір жағы үскі ретінде пайдаланылады.

Бұл үскілердің жоғарғы жағынан басып тұруға арналған екі басты қалақ ағаштың ортасындағы тесікке кіндік кигізіледі де, ырғақ үстіне шалқасынан сұлата жатқызыған кереге сағаналарының көк өткізетін көздерін жоғарыдан төмен қарай тесіп шығады. Үскінің бұл түрлері де қайыс бау арқылы екінші бір кісінің күшімен жұмысқа қосылады.

Үскінің бұрғы сияктанған түрі қазак шеберлеріне кейінірек тардады. Бұл үскі 60—65 сантиметр жұмыр темірден жасалады. Оның төменгі ұшы қуыс құлақтандырылып шығарылады, ортасына айналыдуға арналған тұтқа, ал жоғарғы басына бір қолмен басып тұруға арналған жұмырланған ағаш кигізіледі. Мұндай үскімен кереге тесіктерін жоғарыдан төмен қарай теседі.

Ырғақ — кереге сағаналарының мүсін бір-келкілігін сақтау үшін арнайы жасалатын қалып. Ырғақ жасау үшін ұзындығы кереге сағаналарымен шамалас жарыстырыла қойылған екі сырғауылдың үстіне көлденеінін ұзындығы 1 метрдей төрт ағаш шабақтар қырынан бекітіледі. Бұл шабақтардың әрқайсысының биіктіктері мен орналасатын орындары кереге сағаналарының мүсініне байланысты болады. Сондықтан, мұндай ырғақ үстіне кереге сағаналарын шалқасынан салғанда олардың бір-келкілігінің немесе сәл ғана үйлесімсіздіктерінің өзі үшіншің қырағы көзіне бірден шалынып, кемшілікті дереу жөндеп отыруға мүмкіндік береді. Керегенің әр қанатын көктеп болған уақытта да оны осы ырғаққа шалқасынан жатқызғанда, оның мүсіні ырғақ қалпымен үйлесетін болуы керек, мұның өзі киіз үй сүйегінің орнықты, берік болуы шарттарының сақталғандығын көрсетеді.

Уыққа арналған қалып, көбінесе, үш қазық арқылы жасалады. Ол үшін алғашқы уықты әбден өңдеп болған соң (негізгі мәселе оның иінінде) оны тақыр жерге қырынан жатқызады да, уық алақанының сыртынан, иін ортасының ішкі

жағынан және уық қырының сыртынан биіктігі бір метрдей тұзу жонылған үш мықты қазық қағылады, ал солардың арасына жасалған уықтарды ретімен бірінін үстіне екіншісін қырынан қыстыра береді. Мұндай қазықтардан жасалған қалыпқа қыстырылған уықтардың иіндері сол қалпында қатып, кейін су тиссе де, жазылмайтын күйге түседі. Уық иіні бөбіртеу жасалатындықтан, оны дереу қалыпқа салып қатырмаса, балқып тұрған уық иіні жазылып кетеді.

Керегеге арналған ырғақ болсын, үш қазықтан тұратын уық қалпы болсын үйші жұмысының өнімділігін арттыруға себін тигізеді. Уықтың иініне де, кереге сағаналарының мүсініне де көзі қанығып, әбден дағдыланған тәжірибелі үйші жасап жатқан бұйымның белгілі үлгі деңгейіне дөп келді-ау деп ырғаққа не уық қалыбына салғанда, көбінесе, жаза баспайды, ішінара үйлесімсіз келген жерлерін дереу жеріне жеткізе жөндеп жібереді. Осы айтылған станоктар еңбек өнімділігін, сапасын арттырумен қатар үй сүйегі бөлшектерінің бір-келкілігін, формасының беріктігін қамтамасыз етеді.

Үйші жұмысқа кіріспес бұрын неше қанат үйдің сүйегін жасайтынын біліп, соған қарай дайындалған ағаштарының қажеттілерін іріктеп, ыңғайлайды. Жұмыс орнын, саймандарын жөнге келтіріп алып, көбінесе, таң сәріден іске кіріседі. Әрине, шебер үйшілердің бос отыратын уақыты болмайды, негізгі күнкөріс осы кәсіппен байланысты болғандықтан, аласт, әдетте, бір үй сүйегін бітсе, екіншісін бастай береді. Соның өзінде үй сүйегін әркімнің тапсыруы, алдын ала келісімі бойынша жасайтындықтан оның әрқайсысын әркімге арнап, іске кіріседі. Өйткені, әркімнің қалауы әр түрлі болады. Айталық, біреуге —4, біреуге —6, енді біреуге —8 қанат не одан да үлкен үй керек болады. Біреулерге тым сәнді, әшекейлі үй қажет болса, енді біреулерге қарапайым баспана болса болғаны. Осы жағдайлардың бәрі үйші еңбегіне айтарлықтай әсерін тигізеді.

Киіз үй сүйегінің ең күрделісі де, қыруар еңбекті қажет ететіні де кереге болғандықтан, үйші ең алдымен кереге сағаналарын дайындауға кіріседі. Ол үшін алдын ала дайындалған қозға немесе мор мен обынға, керегеге арналған ағаштардың он шақтысын салып, әбден жұмсартпады. Жақсы кепкен ағашты қозға салар алдында суға малып алса, ол тез жұмсарып, бабында балқиды, ағашты сырты күймейді де. Қозда жатқан ағаштарды біртіндеп алып өңдеуге кіріседі. Ең алдымен ағаштың қисық жерлерін тегзе салып, түзетіп алады. Ол үшін қоздан шыққан ыстық ағашты биаял киген сол қолымен ұстап, оның қисық жерін тездің кертпегіндегі қазықшаның тұсына апарып ұстайды да, оны сықаурын алақанымен жанши отырып түзетеді. Сықаурында он қолмен ұстап тұрып, сабы жағын жамбасқа салып, бар дене салмағымен бір басып, бір босатқан уақытта түзетілетін ағашты ретіне қарай аударыстырып, қозғап отырады. Оның ұзына бойындағы олпы-

солпысын түзетіп шығады да, бас-аяғы шапашотпен шауып, сағаналар ұзындықтарын біркелкі етеді. Одан соң ағаштың жуан басының екі жағын түзу жонғымен тегістейді, тісті жонғымен ыру сызықтарын жүргізеді. Кереге сағаналарының қалған ұзына бойын түгелдей қуыс не ойыс жонғымен жұмырлай жонады. Жону, түзеу жұмысы біткен соң тезге салу арқылы кереге сағаналарына арнайы мүсін бере, әр жерінен белгілі мөлшерде ніндер жасайды. Осының нәтижесінде кереге сағанасының басы сал шалқақтау болады, мойын тұсы етінкі, бүйірі сыртқа теуіп шығынқы келеді. Ал, бір жағы біртіндеп ішке тартып, төменгі ұшы тіп-тік келуі қажет. Кереге сағанасын тігінен қойғанда оның басы мен етегінің ең төменгі ұшы бір түзу бойында болуы шарт. Мұның өзі киіз үй сүйегінің орнықты және берік, әсіресе, киіз үйдің салмағына керегенің шыдамды болуының басты шарты. Кереге сағанасының осылайша мүсінделуі бүкіл қанатының әдемі болуына айтарлықтай әсерін тигізеді.

Мүсінделген кереге сағаналарын көлеңкеде тұратын ырмақ үстіне қатарлап қоя береді. Шалқасынан қатар жатқан кереге сағаналары ұзындығы, жуандығы және ніндерінің үйлесімділігі жағынан егіз қозыдай ұқсас, біркелкі болуы қажет. Мұндай біркелкілік болмаса, кереге қанатын дұрыстап көктеу мүмкіндігі де болмайды. Ал, әрелінен көктеген күннің өзінде керегенің жиналып-жазылуының өзі қимыға соғады, көрер көзге де сияқсыз, олпы-солпы болумен бірге тым осал келеді, әсіресе, оның көгі шыдамай үзіле беретін болады.

Киіз үйдің ең көп тараған негізгі түрі — алты қанат үй. Алты қанат үй дегеніміз — алты керегелі үй деген сөз. Сонда үйдің үлкен-кішілігі оның қанат санымен анықталады. Қанат санына қарай кереге бастарының саны, кереге басына қарай уық саны әр түрлі болып келеді. Мұнымен бірге кереге көздерінің үлкен-кішілігіне қарай тор көз кереге (жұдырық сыярлықтай ғана) және жел көз кереге (қос жұдырық сыярлық кен көзді) болып екіге бөлінеді. Олай болса, тор көз және жел көз керегелі киіз үй сүйегінің кереге басы, оған қарай уық саны да әр түрлі болады. Мәселен, Қызылорда, Алматы облыстарынан өзіміз ел арасынан жинаған деректерге қарағанда, тор көзді 12 қанат үйде — 180 бас, 8 қанат үйде — 130 бас, 6 қанат үйде — 90 бас, 5 қанат үйде — 80 бас, 4 қанат үйде — 60—65 бас болса, жел көз керегелі 6 қанат үйде — 72 бас, 5 қанат үйде — 60 бас болады. Тор көзді керегенің біреуінде (яғни, қанатта) 15—16 бас, 6 қанат үй керегелерінің үшеуі 15, қалған үшеуі 16 басты болып келеді, яғни үйдің қанат саны қанша өскенімен, оның жартысы 15, жартысы 16 бастан тұратындығы заңдылық. Ал, жел көзді керегенің біреуінде 12—13 бастан болады, ал оның жартысы 12, қалған жартысы 13 бастан тұрады. Бұлай болу себебі, қанаттарды бір-бірімен қосқан, яки үйді тіккен

уақытта екі керегенің бір-бір басы бірігіп, бір бас болып шығады да, тігілен үйдегі керегелердің арқайсысының басы тор көзді керегеде 15-тен, жел көздіде 12-ден шығады. Бұл арада айта кететін тағы бір заңдылық — киіз үй сүйегінің қанат саны б-дан артық соң оның керегелері әрдайым тор көзденді жасалады, ал жел көз керегелі үйлер, әдетте, 4, 5 және 6 қанаттан аспайды. Көп қанатты үлкен үйлердің сүйегі салмақтырақ болады. Үйдің көлемі үлкейген сайын жауын-шашын, дауыл, құйын кездерінде үй сүйегіне сыртан түсетін күш те көбірек. Сондықтан, өз салмағы мен сыртан түсетін табиғи күштердің тегеурініне үлкен үйлердің сүйегі төтеп беретіндей орнықты, алді болуы қажет. Тор көзді үлкен үйлер сүйегінің жасалуы күрделі, бағасы да қымбатқа түсетіндіктен, оларды кезінде ауқатты адамдар ғана жасатты. Ал, жел көзді шағын үйлердің сүйегі жеңіл, жасалуы оңай, бағасы да араан болғандықтан, орта шаруалар қауымының басым көпшілігі осыны қанағат етті. Алты қанат киіз үйдің бір тор көз керегесіне жұмсалатын сағаналардың үлкенді-кішіні түгел қосқандағы жалпы саны 42 шыбықтан тұрады. Оның ең ұзын ерісінің саны 18 болса, қалғандары сағанан атаңады да, қос-қостан барған сайын қысқара береді. Оның жалпы саны 24-ке жетеді. Кереге ерісінің ұзындығы 2 метр болса, сағананың ең ұзындары 1,6 метр, ең қысқалары 30 сантиметр шамасында болады.

Жасалып жатқан киіз үй сүйегінің керегелеріне жетерліктей түгел сағаналар түзетіліп, жонылып, мүсінделіп, ырулар жүргізіліп болған соң, олардың барлығына да көк өткізетін көздер тесіп шығу қажет. Әрбір кереге сағанасына қанша тесік жасалатындығы керегенің тор көз не жел көз болып жасалуына байланысты. Керегенің басы қанша болса, кереге қанатында жоғарыдан төмен қарай сонша көз бар, ал әрбір кереге ерісінің соншама көк тесігі жасалады. Айталық, 15 басты керегенің әр ерісіне 15 тесік жасалу керек. Шын мәнісінде, оның 13-і тесіледі де, екеуі тесілмейді. Тесілмейтін екі орында «з з а т ь» дейді. Көк тесіктер арасынан азат қалдырудың өзіндік мәні болумен бірге, белгілі тәртібі де бар. Азат қалдырмай керегенің барлық көздерін көктесе, кереге қанаты жылылып-жазылмайтын болады. Олай болса, бір қанатының екі денгейінен азат қалдыру арқылы оңай жылып-жазылуын қамтамасыз етеді, әрі жинауда да қолайлы болады.

Кереге сағанасына жасалатын 15 тесіктің аралары тең болуы қажет, бұл жағдай кереге көздерінің біркелкілігін қамтамасыз етеді. Кереге ерісінің бас жағынан төмен қарай 5 тесік жасалып, 6-сы тесілмейді, одан әрі 3 тесік жасалып, 10-сы тесілмейді, одан әрі керегенің етегіне дейін тағы 5 тесік қатар тесіледі. Кей уақытта 18 басты тор көз кереге ерісіне 15 тесік жасалып, 4 азат қалдыратын жағдай да кездеседі. Мұндай жағдайда әрбір үш тесіктен соң бір азат қалдырып отырады. Керегедегі көз санының өсуіне байланысты

азат саны да артады. Азат қатары жиі қайталанса, керегенің жиылып-жазылуын жеңілдетеді. Азат қатары бір үй сүйегінің барлық қанаттарында бірдей болуы қажет.

Кереге сағаналарының көк өткізетін көзде-рі үскімен түгелдей тесіліп болған соң ғана оның қанатын көктей бастайды. Ол үшін, ең алдымен, көктелетін кереге астына арнайы төселетін жастық ағашты орнықтырып, оның үстіне көктелетін кереге сағаналарының орны-орына қояды. Содан кейін кереге көктеу ісіне кіреді. Кереге сағаналарының ең ұзын ерісін екі қатар етіп қиғаштап орналастырады да, ұзынды-қысқалы сағаналар ерісін екі жағынан, жоғарыдан төмен, төменнен жоғары келесі қанатқа дәл қиыстандай болып көктеледі. Әдетте, керегенің бір ерісінен ұзынды-қысқалы екі сағанақ шығады.



Керегені көктеу үшін түйе сірісінен алдын ала тілініп дайындалған жалпақ, ұзын таспаны су бүркіп жібеді. Содан кейін бір ұшына арнайы мүйіз ине көзінен өткізіп, екінші жағынан кішкене тесік жасап, одан ине арқылы таспаны түгел өткізгенде, оның соңғы ұшында түйін пайда болады. Түйі түйінделген ұзын таспаны екі қабатталған кереге сағаналарының тесіктерінен төменнен жоғары қарай өткізіп, таспаны тартқықырап тұрып түбінен керегеге тигіз тесіп, одан таспаның инелі ұшынан қайта өткізеді де, қиып алады. Екі жағы нық түйілген түйе сірісі аз уақыттың ішінде тас болып қатады да қалады. Мұндай көк тозып үзілмесе, өз бетімен ешқашан шешілмейді, кереге сағаналары біріктіріп мықты ұстайды, жұмыр маңда тозбайды да. Бір үй сүйегіне қажетті кереге қанаттарының бәрін көктеп болған соң, оның басқа бөлшектерін жасауға кіреді.

Кереге сағаналарының көгі мен уық алақандары тесіліп болған соң, оның арқайсысы майда түрлі, темір қырнауыш немесе шыны сынықтарымен мұқият өңделіп, көбінесе, жосамен болады. Ал, шамасы келгендер кереге мен уықтарын түгелдей қызыл, жасыл, көк түсті майда бояулармен боатады, содан олар сырлы үй атанады. Тек қайыңнан жасалған киіз үй сүйегі мұқият өңделгеннен соң өсімдік майын неше қайтара сіңіре жағады. Содан барып өте ұнамды қайың ағашының өзіндік табиғи түсі сақтайды. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында Шоқан Уәлихановқа әкесі арнайы жасатқан 10 қанат киіз үй сүйегінің боялмағандығы, мұқият өңделгендігі, кережелерінің өте әдемі мүсінделгендігі туралы 1865 жылы Шоқан өлгеннен кейін Шыңғыс аулында болып, осы киіз үйде жатқан генерал А. К. Гейнс мұндай тамаша киіз үйді бұрын-соңды еш жерден көрмегендігін баяндайды. Міне, дәл осы Гейнс көрген Шоқан үйінің қайыңнан жасалғандығы туралы академик Ә. Х. Марғұлан еңбектерінен де көреміз. Ал, енді сән-салтанат қуған, әсіресе, саудасаттықпен, қаламен байланыста болған қазақ әкімдері мен ірі байлары кейде сырлы үйлерді місе тұтпаған. Олар кереге бастарын, уық алақаны мен

қаламдарын күмістетіп, сүйектетіп те әшекейлетіп болған. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында адай руынан шыққан Талпақов Қаражігіт деген бай киіз үйінің сүйегін таза күміс, күмістелген темір және өрнектелген сүйек шеберлермен меңгілесе мол безендірген екен. Сол туралы осы күнге дейін ел арасында тамсана сөз етеді. Қазақ әкімдерінің әр уақытта Россия патшаларына сыйлаған немесе әр түрлі көрмелерге жіберген киіз үй сүйектерін айтулы шеберлерге жасатқан, сыр, күміс, сүйек сияқты әшекейлермен түрлендіре безендірген. Осындай қымбат үйді XIX ғасырдың бірінші жартысында Бөкей ордасының ханы Жәңгір бірінші Николайға сыйға тартқандығы туралы П. Столянский жазса, XIX ғасырдың екінші жартысында Зайсан қазақтары Бірінші Николайдың баласы Николайға сыйлаған үй де нағыз өнер туындысы болғандығы туралы академик Ә. Марғұлан жазды.

Кереге мен шаңырақ арасын біріктіріп, киіз үйдің төбесін шығарып тұратын иінді ұзын ағаштарды уық деп атайды. Бір үй сүйегіне арналған уық саны кереге бастарының жалпы санына тең болады. Олай болса, уықтың саны да, әрқайсысының ұзындығы да, әлділігі де киіз үйдің көлеміне, яки қанат санына, керегенің түр көзіне жел көзділігіне тікелей байланысты болады. Әдетте, киіз үйдің маңдайшасына алты уық байланады. Сонда кереге бастарының санына 6 маңдайша уықтарын қосып, жалпы уық санын есептеп шығару қиында түспейді. Орта есеппен 6 қанат үйдің уығының ұзындығы 12—13 қарыстай болады. Өрине, әр жағдайда, әсіресе, шаңырақ көлеміне қарай уықтың ұзындығы жоғарыда көрсетілген мөлшерден не аздап ұзарып, не қысқаруы да ықтимал. Қанат саны өскен сайын уықтың ұзындығы да арта түседі. Мәселен, 8 қанат үйдің уықтары 15—16 қарысқа дейін барады. Уық иіні иінділеу келсе, яғни 130°—135° доғал бұрыш шамасында болса, үй төбесі күмбезделіп шығады, ал иіні аздау болса, яғни 145°—150° доғал бұрыш шамасында болып, уық алақаны қысқалау келсе, үй төбесі конус тәрізді шошақтау болады. Біздің көп жылдар бойы ел арасынан жинаған деректерімізге қарағанда, Жетісу өңірінің киіз үй уықтары иінсіздеу, шаңырағы шағындау келеді де, үй төбесі қалмақ үйі тәрізді шошақтау болады екен, ал Қазақстанның қалған өңірінде уық иіндірек, шаңырақ көлемділеу болады да, үй төбесі күмбезді тәрізді жалпақтау келеді. Академик Ә. Х. Марғұлан дәл осындай талдау жасай келіп, төбесі конус тәрізденген киіз үй конструкциясын киіз үй сүйегінің көне түрі ме деген болжам жасайды. Шынында да, жалпы киіз үйдің пайда болу, даму процестеріне ой жүгіртсек, бұл болжамның дұрыстығына шүбәлануға болмайды.

Уықтың ұзына бойын қазақ халқы төртке бөледі: алақаны — кереге басына байланып бекітетін жалпақтау түбі; иіні — алақанға жалғаса иілетін тұсы; қары — иінен ұшына дейінгі оқтығы;



1. 3. Киіз үй шаңырағы

2. Уық

4. Кереге. Бәрі де Маңғыстау этнографиялық экспедициясы материалынан



қаламы — шаңырақ тесігіне еніп тұратын уықтың төрт қырлы ұшы. Уықтың алақанының бетін тұзу жонғышпен тегістеп алып, тісті жонғышпен ыру жүргізеді. Уық түбін шапашотпен доғалдап шауып, үскімен уық бау өткізетін тесік жасайды. Уықтың қарын ойыс жонғымен жұмырлап жонады. Уық иінінен бастап қаламының дал ұшына дейін біртіндеп жіңішкере береді. Уықтың мұндай конструкциясы, үйшілердің айтуынша, тегін қалыптаспаған. Біріншіден, уықтың жеңілдеу болуына әсерін тигізсе; екіншіден, шаңырақ шеңбері де онша жуан болмайтындықтан, оған жасалатын көптеген тесіктер саусақ сыятындай ғана болып жасалатындықтан, уық ұшына қарай жіңішкере беруі керек; үшіншіден, дөңгелене құрылған кереге бастарынан киіз үй аумағының 1/3-дей көлемде болатын, дөңгелек шаңыраққа қарай жарыса ұмтылатын уықтардың кереге басына бекітетін алақан аралықтары алшақтау болады да, уық қаламдары сұғынатын шаңырақ ұяларының арасы 2,5-3 сантиметрден аспайды. Олай болса, уықтар аралығындағы кеңістік те, уықтардың өздері де төменнен жоғары қарай біртіндеп жіңішкере беріп, шаңырақ шеңберінде тыныштық тапқандай келісті көріністі аңғартады. Мұның өзі халық шеберлерінің ғасырлар бойы эстетикалық талғамы дамуының нәтижесі; төртіншіден, қаламының жуандығы оның алақанымен тең болса, олар шаңырақ шеңберіне сыймайды, ал уық иіні жіңішке, әлсіз болса, жоғарыдан түсетін салмаққа шыдамайды. Сондықтан, уықтардың төменгі жағының жуан, әлді болуымен қатар жоғары қарай жеңілдеп, жіңішкеруі заңды қажеттіліктен туған өнер үлгісі. Уықтың ең жоғарғы жіңішке ұшынан оның 7—8 сантиметрдей төрт қырлы қаламын шығарады. Уық қаламының төрт қырлы болуы мен түбінен ұшына қарай жіңішкере беруі уықтың аунамауына және шаңырақ ұясына оның нық сұғының, ор-



1. Киіз үй қаңқасы. Қызылорда этнографиялық экспедициясы материалынан
 2. Киіз үй қаңқасы Маңғыстау этнографиялық экспедициясы материалынан
 3—4. Үйшілер жұмыс үстінде. 3—4-сурет Шығыс Қазақстан этнографиялық экспедициясы материалынан

нықты болуына ең қолайлы жағдай тұтылады. Төрт қырлы ұық қаламын шапашот және тұзу жонғы арқылы теп-тегіс етіп шығарады, оның бір-келкілігіне мұқият көңіл бөледі.

Ұық ағаш керегеге арналған ағаштан гөрі ұзындау, алділеу болуы қажет. Ұық басу үшін оны да қозға салып жібітіп алады, содан кейін тезге салып тұзетеді. Одан соң жонғылармен әдемілеп жонады, қырнаушыпен не шыны сынығымен қырып мұқият өңдейді. Ұық иінін тезге басып иеді де, тақыр жерге белгілі тәртіп бойынша қағылған қалып қазықтар арасына қыстыра береді. Мұндай қалыптың болуы үшіннің ұық біркелкілігін сактай отырып, жылдам істеуін қамтамасыз етуден бірге, жана иілген ұық иінінің қатпай жатып жазылыққырап кетуіне мүмкіндік бермейді.

Ұық алақанының ішкі бетіне жүргізілетін мрудан басқа басу артық ою-өрнектер жүргізуді ұық ағашы көтермейді, сондықтан ұықтар көбінесе жосаланып, кейде сырланып немесе күміс, сүйек әшекейлермен көркемделеді. Әбден жасалып біткен ұықтарды 20—25-тен біріктіріп, бас-ағын жіппен байлап, келенке жерге қояды, олар үй сүйегі түгел біткенше тұрады.

Ш а н ы р а қ — киіз үйдің төбесін шығарып туратын шеңбер. Шаңырақтың көбінесе, тұтас немесе 2—3 бөлек қайың кесіндісінен, кей жерлерде қара талдан да жасайды. Шаңыраққа арналған ағашты да алдын ала дайындап, сыртқы қабығын сындырып, келенкеде кептіреді. Шебер үйшілер шаңырақты тұтас ағаштан да, екі не үш бөлек кесінділерден де жымын білдірмей, дөп-дөңгелек етіп иіп жасайды. Шаңырақ ағашының диаметрі 7—8 сантиметр болатындықтан, оны сындырмай дурыс шеңбер етіп иію де оңайға түспейді. Дегенмен, қазақ үйшілері өздерінің тым қарапайым қалыптарына салып, шаңырақ шеңберін, яғни тоғынын, шың мәнісінде, мінсіз етіп шығарады. Ел арасында ең жиі кездесетін шаңырақтардың диаметрі 1—1,8 метрдей, кейде 2 метрге де жететін шаңырақтар болады. Диаметрі белгілі болған шаңырақ тоғынының (шеңберінің) ұзындығын табу қиын емес, яғни шаңырақ тоғынының ұзындығы оның диаметрінен 3 есе артық болады. Сонда шаңырақ тоғынының ұзындығы 3—5 метр шамасында болады десек, қателеспейміз. Шаңырақ ағашын шаппа шоппен ұңғайлап, астыңғы бетін шығара шауып, жонғымен мұқият тегістеп болған соң, оны құрым киізге орап, дымқыл жерге көмеді, содан он шақты тауліктен соң, шаңырақ ағашы өз бойына жеткілікті ылғал тартып үлгерді-ау дегенде, оны қазып алады. Осыдан кейін үстіне себілген су бойына сіңген кезде дайын тұрған қозға көмеді. Ыстық қозда бие сауым уақыт (1—1,5 сағаттай) жатып әбден жібіген шаңырақ ағашын кірпіштен не ағаштан арнайы жасалатын қалыппа қазып иеді. Айталық, жасалатын шаңырақ диаметріне сай етіп жер бетіне дөңгелентіп кірпіш қалап

қатырып қояды. Немесе жуандығы жемді білектей ағаш кесінділерін қатарластырып қойып, бір-бірімен кепіл ағаштар арқылы біріктіріп, онан шет-шетін арамен дөңгелентіп, шаңырақ диаметріне дәлдеп кеседі де, шаңырақ қалпы ретінде пайдаланады. Мұндай арнайы шаңырақ қалпын — б а й т е с дейді. Арнайы қалыптың болуы үйші жұмысын жеңілдетіп, көптеген қолайлылықтар тұтызады. Шаңырақ тоғынының жалғасатын екі басын ағастары ісі де осы қалыппа кигізіп қойып жасағанда оңай орындалады.

Шаңырақ тоғынын екі не үш бөлек ағаштан құрастырғанда кейде оның арқайсысына белгілі мөлшерде иің жасау үшін ішінара тезді де пайдаланады.

Шаңырақ көздерінің саны киіз үй сүйегіндегі ұық пен керегелер басының санына байланысты жасалады. Оны тоғының төменгі шегімен жоғары қарай төрт қырлап тесіп шығады. Бұл тесіктер ұық қаламдарының нық және бөгетсіз сұғынуына сай асқан дәлдікпен жасалуы тиіс. Сондықтан, шаңырақтың сыртқы және ішкі жиектерінің көз тесілетін жерлерін алдын ала белгілеп алып, үскімен тесіп алады, содан кейін оны жіңішке қашаумен төрт қырлап кеңітіп шығады. Одан соң көздердің біркелкі болуы үшін ұық қаламындай етіп соғылған «қалам-темір» не «көзеу» деп аталатын аспапты отқа әбден қыздырып алып, шаңырақ көздерін күйдіріп жөндейді. Бұл күйдіру жұмысын үйшілер тілінде «көзеу» дейді.

Шаңырақтың төбесін шығарғанда түндікті төмен түсіріп алмас үшін оған күлдіреуіш орнатады. Шаңырақ шеңберінің диаметрімен бірге жоғары қарай көтеріле иіліп, бір-бірін дәл ортасынан кесе өтетін шыбықтарды күлдіреуіш дейді. Күлдіреуіштің әр қатарында 3-тен 8-ге дейін шыбықтар орнатылады, оларды арнайы жасалған қарғаша, немесе бақалақ деп аталатын кепіл ағаш тесіктерінен өткізеді. Кепіл ағаш саны әр күлдіреуіштер тобында ескіден не төрттен басалады. Кейде оларды күлдіреуіш шыбықтарының төменгі жағынан арқайсысына шегемен жапсыра бекітеді. Күлдіреуіштің бұлайша жасалу тәсілі — қазақ арасында ертеден келе жатқан дәстүрлі өнер.

Қазақстанның оңтүстік өңірінде шаңырақ күлдіреуішін жасау тәсілінің кейінірек қалыптасқан басқаша түрі де болады. Оны халық та бақтын күлдіреуіш дейді. Шаңырақтың төбесін алақандай табық тәрізденген қалың дөңгелек тақтай шығарып тұрады, 5—6 имекте күлдіреуіштер оны шаңырақ шеңберімен біріктіреді. Табақтың төменгі бетінің ортасында шаңырақ көтергенде бақанның басын тірейтін саяздау ұя жасалады, оның айналасына ою-өрнек ойылды. Күлдіреуіштің мұндай түрін жасау оңай-ақ, бірақ көркемдік және беріктік жағынан дәстүрлі күлдіреуіш түрінен әлдеқайда төмен. Көпшілік бұқара арналған шаңырақтарға ешқандай әшекей жасай-

ды, тек жасалаумен ғана шектеледі. Ал, сән қуған байлар шаңырақты да үйдің басқа сүйектерінен қосып сырлатады немесе шаңырақ бөлшектерінің үй ішінен көрініп тұратын беттерін мүмкіндігінше саяз сызықтар жүргізу арқылы әр түрлі өрнектермен көркемдетеді. Ою-өрнектер, негізінен, геометриялық, символдық, өсімдік және зооморфтық мотивтер элементтерінен тұрады. Шаңыраққа ою-өрнек жүргізетін құралдың негізгісі үшкір пышақ сияқтынан темірден соғылатын арнайы аспапты қолы дейді.

Шаңырақ бөлшектерін сырлау, оюлаумен бірге күмістеу, сүйектеу тәсілдерімен де көркемдейді. Әрине, күмістелген, сүйектелген шаңырақтарды сән қуған ауқатты адамдар ғана жасатады.

Киіз үйге арналған дәстүрлі «сықырлауық» ағаш-есік: екі ашпалы есіктен, маңдайшадан, екі босағадан және табалдырықтан тұрады. Осы екі бөлшектері бөлек-бөлек жасалады, керек болған жағдайда арнайы жасалған тетіктері арқылы үйлесе бірігіп, біртұтас «сықырлауық» есік болып шыға келеді. Сықырлауық есік бөлшектерінің бір-бірімен шөгесіз біріктірілетіндігі көш-қоныс кезінде қолайлылық туғызды. Киіз үй есігінің биіктігі тілген үйдің керегесінің биіктігінедей, яғни орта есеппен 170—175 сантиметр, ал ені 120—122 сантиметр шамасында болады. Маңдайшаның ені 10—12 сантиметрдей, екі босаға мен табалдырық ендері 7—8 сантиметр. Маңдайша, босаға және табалдырық ағаштары жарылмай кепкен, бұтақсыз қайыңнан шабылады. Маңдайшаның енділеу келетін себебі — оның жоғарғы жағынан уық байлайтын тұзу бұрышты 6 тесік қашалады, кейде маңдайшаның үстінен уықтың алақаны сыйып тұратындай тереңдігі 3—4 сантиметр шамасында ұялар жасалады. Маңдайшаның астыңғы жағының, табалдырықтың үстіңгі жағының екі бастарынан қос босағаның бас-аяқтары сұғынып тұратын тұзу бұрышты екі ұя болады. Ал, екі ашпалы есіктердің топасы есебінде олардың босаға жағынан, жоғарғы және төменгі шеттерінен маңдайша мен табалдырық арнайы жасалған дөңгелек ұяларға кіріп тұратын «сықырлауық» атты жұмыр дөңестер шығарылады. Бұл жұмыр дөңестер маңдайша мен табалдырық ұяларына кіріп тұрады, есікті ашып-жақпанда сықырлаған дыбыс шығарады. Киіз үйдің екі ашпалы ағаш есігінің «сықырлауық» атануы, балкім, осыдан да болар.

Сықырлауықтың ашпалы есіктері әр түрлі әдістермен жасалады. Бірде есіктің әр ашпасы тұтас қайың не терек ағаштарының жалпақ тақтайларынан жасалса, енді бірде бірнеше жіңішке қарағай тақтайлардан құрастырылып жасалады. Киіз үй есігі мен маңдайша, босағаларының ішіне қарайтын беттеріне ою-өрнектер ойылып, түрлі түсті бояулармен сырланып, сүйектеліп безендіріледі. Кейде бәсекелес төрелер мен байлар киіз үй есіктерінің ішкі жағын түгелдей әр түрлі өрнекті сүйек, күміс әшекей және түрлі түсті

аспалы тастармен де сәндітейтін болған. Әдетте, маңдайша мен босағалардың сыртқы беттері, табалдырықтың екі жағы да ешбір ою-өрнек, әшекейлермен безендірілмейді. Оның есесіне ашпалы есіктердің сыртқа қарайтын беттеріне ою-өрнектер ойылып, түрлі түсті бояулармен сырланады. Әдетте, ашпалы есіктердің ішкі және сыртқы беттеріне жүргізілетін ою-өрнектер екі түрлі болады, ішкі беттеріндегі оюлар өте күрделірек келеді.

Кейде ашпалы киіз үй есігінің әр ашпасының ұзынды-қысқалы тақтайлардан тұзу бұрышты рама тәріздендіріп құрастырады. Ортасына тақтайдан шарты не сопақтау 2—3 табақшалар орнатады немесе есік ашпасының үстіңгі жағының 1/3 бөлігіне тақтай табақша орнына жұмырланп безендірілген бірнеше таяныштар тігінен орнатылады. Ал, басқа табақшаларға ою-өрнек нобайын үш қырлы саяз сызықтар жүргізу арқылы немесе түрлі түсті бояулармен көркемдейді, кейде осы айтылған өрнектеу әдістері қатар жүргізіліп әсемделеді.

Киіз үй есіктерінің ішкі беттеріне ою-өрнектің сан алуан түрлерін бедерлеп оймыштау тәсілі сирек кездеседі. Дегенмен, Қазақстанның батыс және оңтүстік-батыс өңірлерінде ішінара кездесіп отырады. Мұндай есік беттеріндегі ою-өрнектің өзі бедерленіп ойылды, оның түрі (фоны) әжептәуір тереңдікке дейін түгелдей қашалып, сәнді өрнек айқындала түседі. Бедерлі оймышты әр өрнегі өте назік болады, бірімен-бірі астыап келеді, өткермеленіп жатқандай бейнеде орындалады, ал өрнектердің әрқайсысы фоны түрлі түсті бояулармен болғанда бұйымның әсемдігі артып, нағыз өнер туындысы дерлік дәрежеге жетеді. Мұндай есік беттеріндегі ою-өрнектің әзі бедерленіп ойылады, сәнді өрнек айқындала түседі. Мұндай есік бөлшектерінің ою-өрнектері өзіндік өсімдік, символдық және зооморфтық мотивтердің біте қайнасып араласуының нәтижесі деуге әбден болады. Бедерлі ою-өрнекті қашау арқылы орындау тәжірибелі шеберлердің ғана қолынан келеді. Олар өз ісіне өте жауаптылықпен қарап, жасаған есіктерінің өте сәнді болуын көздейді.

Қалың бұқара киіз үй есіктерін ешбір ою-өрнексіз-ақ жасата береді. Тіпті, кейбіреулердің ашпалы ағаш есіктері де болмайды ғой, оның орнына «есік-ергенек», «ит кірмес» атанатын ағаш шарбақтармен-ақ күн көреді. Оның есесіне, әр үйдің есігінің сыртынан жабылатын киіз есіктері болады.

Көшпелі елдің шаруашылық жағдайына қарай, жорық немесе көші-қон кезінде уақытша тігілетін баспананың негізгі түрі — қос. Оның қанқасын жасау киіз үй сүйегіндегі қиынға түспейді. Қос қанқасының құрамы ұзындығы 3 метрдей 30—35 ұя псн диаметрі 1 метрдей шағын шаңырақтан ғана тұрады. Қосқа арналған харапайым шаңырақтың киіз үй шаңырағынан кішілігі болмаса, басқа айырмасы шамалы. Ал, қос

уықтары тіптен өзгеше болады. Олар көбінесе қарағай мен шырша ағаштарынан жасалады. Бұл ағаштар октай тұзу және кепкен уақытта өте жеңіл болады. Қос ұзына ұзындығы 3 метрдей, түп жағының жуандығы 5 сантиметр шамасында болатын қарағай кесіндісі жарай береді. Мұндай сырықтардың бұтақтарын шауып, қабығын жонып, жінішке ұшынан төрт қырлы қалам шығарса болды, қосқа арналған әлді уық шыға келеді. Осындай 30—35 уықтың қаламдарын шағын шапыраққа сыртынан келбете сұғындырғанда, конус тәрізді қостың қаңқасы қалыптасады. Мұндай қостарға ағаш есік салынбайды, сыртынан жабылатын киіз есіктері ғана болады. Қостың киіз жамылышы екі үзік пен бір түндіктен ғана тұрады. Өзі жеңіл, жылы, жиюы мен тігуі де онай мұндай қостарды революцияға дейін, көбінесе, даладағы жылқышылар баспана есебінде пайдаланған.

Киіз үй сүйегінің құрамына тікелей еңбегенімен, міндетті түрде шебер жасайтын қажетті бөлшек-тің бірі — адалбақан. Адалбақанды үйшілер ағаштан жасаса, ұсталар темірден жасайды. Кейде ағаштан жасалған адалбақанды күмістелген темір ілгектермен, тағы басқа әшекейлермен де безендіреді. Оның металдан жасалатын қосымша бөлшектерін, көбінесе, үйшілердің өздері-ақ, кейде ұста-зергерлер де істейді. Адалбақанның ағаштан жасалатын негізгі бөлігінің ішкі беттеріне ою-өрнек жүргізіліп көркемделеді. Кей жерлерде адалбақанды қызғылт түсті жеміс ағашынан немесе қызыл қайыңнан жасайтын үйшілер оның ұзына бойын мүсіндеп шауып, алдымен ою-өрнектерін ойып алады. Содан кейін ағаш бетін мұқият өңдеп, бірнеше қайтара өсімдік майын сіндіре жағады, сөйтіп ағаштың өзіндік табиғи реңін енгізіп қана қояды. Мұның өзі өте ұнамды болады. Ауқатты адамдар жұмырланып шабылған адалбақанның сыртын түгелдей былғарымен қаптып, ілгектерін күмістеп, темірден салғызды.

Адалбақанның ұзындығы киіз үйдің іргесіне тігінен қойғанда, уықтың иінінен келетіндей биіктікте болу керек. Тігінен сүйеп қоятын адалбақан бір жағына аунап кетпес үшін, оның бас жағы екі айыр болып жасалады, бір уықтың иініне ашасымен тірей сүйеледі. Әдетте, адалбақанның түп жағы көркемделмейді, өйткені оның түбін жерге көміп қояды.

Адалбақан, негізінен, киім, ертеректе қару-жарақ ілу үшін қолданылды. Жоғарыда айтылған жалпы сипаттамалар дәлелді болу үшін, Қазақстанның әр жерінен кездестірген адалбақанның тамаша бірнеше түрінің нақтылы сипаттамаларын жеке-жеке келтірейік. Мәселен, 1952 жылы Жамбыл облысындағы Мерке ауданы Жданов атындағы колхоздың тұрғыны Көкталов Әділбайдың үйінен кездестірген адалбақанды сөз етсек, бұл мүлік, үй иесінің айтуынша, революциядан бұрын жасалған екен, сөйтіп балаға мұра болып келе жатса керек. Сондықтан, оған үй іші адамдары асқан құрметпен қарайды. Адалбақанның



Адалбақан. Ө. Кастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен

ұзындығы 227 сантиметр, түп жағының ені 10 сантиметр де, бас жағының диаметрі 5 сантиметр. Адалбақанның сыртқы кескініне қарағанда, ол екі бөлімнен тұрады. Төменгі бөлімінің ұзыны — 91 сантиметр, ені — 10 сантиметр, қалыңдығы — 5,5 сантиметр. Түзу бұрыштанып жасалған, ең түбінен диаметрі 12 сантиметрдей домалақ шар шығарылған. Бұл шарда еш өрнек жоқ, тек қоныр бояумен түгел боялған. Өзінің көк бояумен сырланған жоғарғы бөлігімен қысқа жұмыр мойын арқылы жалғасқан. Жұмыр мойынның үстігі жақ беті тегістеліп жасалған, 91 сантиметрлік түзу бұрышта төрт бұрыш. Оның бетіне үш жерден күмістелген үш дөңес темір көз орнатылған, айналасы дөңгеленіп, көк бояумен

боялған, ондай көздердің ара-арасына күмістелген екі сопақша әшекейлер орналастырылады. Дөңгелек және сопақ әшекейлердің шеттері иректеледі. Бұл күмістелген әшекейлердің арасындағы бос орындарға бедерлі ою-өрнектер ойылған, жиегі түгелдей түрлі түсті бояулармен өрнектелген. Адалбақанның осы біз сөз еткен төменгі бөлігінің екі иығынан күміс шабылған темір ілгектер шегеленеді.

Адалбақанның жұмырланған, төменнен жоғары қарай жіңішкере беретін бөлігінің ұзындығы 136 сантиметр. Мұның төменгі бөлігі бұнықтапталып, жоғарыдан төмен қарай жасыл, қызыл, сары бояулармен жолақтана боялған. Бұнақтың жоғарғы жағынан күмістелген төрт темір сақина кигізіледі. Сақина араларына үш-үштен құстың басы секілді күмістелген темір ілгектер бекітіледі. Ең жоғарғы — төртінші сақинаның үстіңгі жағы жіңішкеленіп барып күмістелген темір ашаланып бітеді. Адалбақанның жұмырланған жоғарғы бөлігі де қызыл, сары түсті бояулармен тігінен жолақтана боялған. Ал, ең жоғарғы басы көгілдір аспан түсті ренде болады.

Сөйтіп, қазақтағы үйшілер өнері сонау көне замандардағы көшпелілік өмір салтына байланысты қалыптасып, ғасырлар бойы даму, жақсору процесінің нәтижесінде шынайы халықтық өнер дәрежесіне жеткен. Үйші өнері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында нағыз үй кәсібіне айналды, онда еңбек бөлісінің нышаны да бой көрсете бастады. Ә. А. Масахановтың зерттеулеріне қарағанда, XIX ғасырдың соңында жәрменкесі жақын немесе қалалар төңірегіндегі ел арасында, әсіресе, ағашы мол жерлерде киіз үй сүйегін жасаудың өзі — «кергеш», «уықшы» және «шандырақшы» сияқты мамандықтарға бөлінген. Киіз үйдің жоғарыда көрсетілген негізгі құрамдарын жасауда көп өзгешеліктер болмаған. Ал, мұндай еңбек бөлісінің бой көрсетуі оның өте сәнді екі ашпалы есік ағаш есіктерін (сықырлауық) жасауда бой көрсеткен. Әрине, бұл пікірден Қазақстанның барлық өңірінде үйшілер кәсібінде түгелдей еңбек бөлісі үздік-кесілді жемді деген ұғым тумаса керек. Өйткені, XX ғасырдың басында ел арасындағы үйшілердің басым көпшілігі үй сүйегінің барлық құрамдарын түгелдей өздері жасай білді. Әр үйшінің шеберлік мүмкіндігі, көркемдік талағмы ар түрлі болғандықтан, олардың қолынан шыққан үй сүйектерінің сапасы бірдей емес-ті. Нағыз өнер иесінің жасаған кейбір үй сүйектерінің ешбір ою-өрнегі, күрделі нақышы, қымбат әшекейлері болмаса да, ісінің жақтығымен, бөлшектерінің үйлесімділігімен-ақ көздің жауын алады.

Киіз үйдің үлкен-кішілігі ондағы кергеш қанаттарының санына байланысты болады. Ел арасынан өзіміз жинаған деректерге қарағанда, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ арасына ең көп тараған киіз үйдің түрлері 4 қанаттан 12 қанатқа дейінгі үйлер болды.

Ал, академик Ә. Х. Марғұланның зерттеулерінде 18—30 қанатты үйлердің де бір кезде болғандығы сөз болған. Тіпті, әріректе, орта ғасырларда қазақ даласын мекендеген көне тайпаларда төрт аяқ арба үстіне киіз күркелер тігіп жүрудің болғандығын орта ғасырлық тарихшы Рузбихон өз еңбектерінде атап өткен-ді. Әрине, Рузбихон айтқандай, арба үстіне тігілетін киіз күркелерді біздің ұғыммыздағы үлкен киіз үйлер деудің қисыны келмейтін сияқты. Өйткені, ол уақыттағы жер бетінің рельефі қазіргіден өзгеше болмағанын, тегістелген кең жолдардың жоқтығын ескерген жөн. Оған қоса, ең шағын деген 4 қанат үй сиятын арбаның өзі қандай кең болу қажеттігін және, ең бастысы, бірнеше құрамнан тұратын киіз үй қаңқасының арба үстіне тігіліп, жол азабына төтел беру мүмкіндігінің тым аздағын еске алу керек. Рузбихон айтқан арба үстіндегі күркелер бірлі-жарым адамдарға жол бойында жауын-шашыннан баспана, күннен көлеңке болған сияқты. Кейініректе арба үстіне күрке тігу дәстүрі үстем таптың қыз-келіншектеріне арналған күймелі арба ретінде сақталды. Мұндай күймелердің тамаша үлгілері «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қамбар батыр» сияқты эпикалық жырларда сипатталған.


Ершілер өнері

Ежелден көшіп-қонып, мал баққан қазақ халқы үшін көліктің негізгі түрі — салт ат болды, ал соған орай, ер-тұрман жабдықтарының алатын орны да өзгеше еді. Халық басынан өткен сан қилы уақиғаларға сай мұның да өзінше даму, өзгеру процесі жүріп жатты. Мұның өзі қазақ халқының колөнерінің қандайлық дәрежеде болғанын аңғартты.

Ер-тұрман жабдықтарын зерттеудің ғылыми маңызын өнер туындысы ретінде бағалаумен қатар, көне заманнан бері көшпелі халық өмірінің заңды қажеттілігіне сай қалыптасқан еңбек құралы есебінде қараған жөн. Сонда ғана оның өмірдегі орны жан-жақты қамтылады.

Ер-тұрман жабдықтарын өндіру тәсілдері мен оны күнделікті өмірде пайдалану жолдары қазақ қауымының ежелден бергі әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас мәселелерімен де тығыз байланысты. Сондықтан, бұл жайларды этнографиялық тұрғыда жан-жақты зерттеудің ғылыми мәні айрықша дәлелдеуді керек етпейді.

Жұмыстың бұл бөлімінде Қазақстан жеріне тараған қазақ ер-тұрманының сан алуан түрлерін анықтаумен бірге, олардың жасалу техникасындағы ерекшеліктері нақтылы деректер негізінде дәлелдеп, сол өзгешеліктердің қалыптасу себебі мен оның халық арасына таралу мөлшерін әлеуметтік-экономикалық қатынастармен байланыстыра отырып талдау мақсатын көздедік.



Ершілер құрал-сайманы

Ауқатты казак семьясы өз бетімен салт жүруге жараған барлық балаларына түгелдей ер-тұрман дайындаған. Ал, қайсыбіреулері баласы туысымен-ақ атақты ершілер қосқан тамаша ер, сәнді тұрмандарын дайындауға қамданатын. Сондықтан, қазақ даласының қай жерінде болмасын ер қосу ісі кең өріс алған. Сонымен бірге, олардың өнері жоғары бағаланды, тәжірибелі ершілерді қысы-жазы бірдей қолдан-қолға тигізбей ер қостырып отырды.

Қалаға жақын жердегі ершілер, әдетте, ер-тұрмандарын үйінде өз заттарынан жасап, базарға шығарып сатады. Ал, қаладан жырақ, көшпелі халықтың арасындағы ершілер өз үйінде де, кісі үйінде де істей берді. Өз үйінде, көбінесе, ердің соқа басын ғана қосты, ал басқа жабдықтарын тек ер істетушілердің өз заттарынан жасап беретін-ді. Әрине, бұдан ершілердің барлығы ер қосумен бірге, оның басқа жабдықтарын да түгелдей жасай береді екен деген ұғым тұмайды. Өйткені, ер-тұрманды толығымен, көңілдегідей сәнді етіп жасау тек ағаш ісімен қоса былғары, қайыс, күміс, темір заттарын өңдей білетін халық шеберлерінің ғана қолынан келетін. Бұл арада алтын, күміс және әр түрлі асыл тастармен бе-

зендіріліп жасалатын ер-тұрмандар ғана әңгіме болып отыр. Ал, енді мұндай қымбат ер-тұрмандарды жасатуға шамасы келмеген кедейлер мен орта шаруалар ердің соқа басын ғана алып, қалған жабдықтарын өздері жасады.

Ешбір әшекейсіз, тек ағаштан ғана ер қосу ісімен айналысатын ершілер, көбінесе, өз үйінде, ешкімнің тапсыруынсыз-ақ жасай береді. Бұлар бірнеше ердің бөлшектерін қатар шабатын да, дайын болғанын шетінен сатып отырды.

Ершілердің қостырушы үйінде тұрып істеуі түрлі жағдайларға байланысты болды. Біріншіден, ершілердің ер қосу шеберлігіне қоса ердің басқа жабдықтарын түгелдей жасай білуіне және оларды күмістеу, сүйектеу өнерін толық меңгергендігіне байланысты болса; екіншіден, қымбат ерлерді жасауға көп уақыт керек және оған керекті заттарды ер жасатушының өзі тауып беретіндіктен, сән іздеген әуесқой шебер ершілерді өз үйінде ұстап, басқа іске алаңдатпай жұмыс істетуді тиімді көрді. Шынында да, мұндай жағдайлар ер-тұрман жабдықтарының көңілдегідей жасалуының басты шарты.

Базарға шығарған ер-тұрман жабдықтары көбінесе, ақшаға сатылды. Ал, үйден қосы

ердің өз басы бір бойдақ (қой) деп бағаланды. Басқа жабдықтарын күмістетіп жасатқан уақытта ершінің еңбегіне құлынды биеге дейін берді. Дегенмен, зергерлік өнермен безендіріліп жасалатын ер-тұрманға сіңірілетін еңбек қазақ даласында жете бағаланбады. Олай делініміз, 5—6 ай бойына талжылмай көз майын таусысып, шынайы өнер үлгісі боларлықтай етіп жасалған ер-тұрманға төленген бір жылқы мен шебердің ішіп-жегені немесе базарға шығарып сатқанда алатын 20—30 сом ақшасын оның өнерлі еңбегінің нақтылы бағасы деуге, тіпті, болмайды.

Ер-тұрман жасаушы шеберлердің құрал-саймандарын, негізінен, үш топқа бөлуге болады. Ердің соқа басын ғана әшекейсіз қосу үшін ара, балта, шот, ойыс жүзді шот, қуысқулақ, үскі, ынғыру, пышақ, түрпі, қашау, балға, тістеуік сияқты құралдар қолданыла; оның жұмсақ жабдықтарын жасау үшін пышақ, біз, мүйіз сызғыш; балғары бетіне өрнек түсіру үшін темір талшықтары мен өрнекті ағаш қалыптары пайдаланылды. Ал, ердің темір және күміс әшекейлерін жасау үшін темір ұсталары мен зергерлердің саймандары толық жеткілікті болды.

Қазақ ершілерінің құрал-саймандарының бұлайша жіктелуі олардың арасындағы еңбек бөліс мәселесінің болғандығын көрсетеді. Шынында да, көпшілік жағдайда біреу ердің ағаштан тауып жатса, екінші біреу қайыс, балғырыдан істелетін жабдықтарын жасады. Ал, ұста-зергерлер күміс әшекейлерін жасап берді. Олай болса, мұның өзі үш түрлі мамандықты керек етеді. Халық арасында осы үш мамандықты бірдей меңгеріп, ер-тұрман жабдықтарын түгелдей өз қолынан шығаратын шеберлер аз болған жоқ. Қазақ ершілерінің шеберлік өрісінің соншалықты кеңдігіне дәлел болатын тағы бір жағдай, жалпы ер-тұрмандарын жасауға: ағаш, темір, жез, алтын, күміс, түрлі асыл тастар мен тұсты шынылар, сүйек, балғары, қайыс, көн, шұға, барқыт, киіз, қыл, тарамыс, желім, бояу және тоз сияқты заттардың жұмсалатындығы дауыс. Өйткені, осы заттардың әрқайсысы ертеден-ақ әр түрлі шеберлікті, сан қилы тәжірибе мен білімді талап етті.

* * *

Қазақстанның жері өте үлкен, халқы сирек қоныстанғандықтан, қазақ өмірінің қай саласында болсын айтарлықтай жергілікті ерекшеліктер қалыптасты. Мұндай жергілікті ерекшеліктер ер-тұрмандарында да байқалады. Бұлардың бір-бірінен негізгі айырмасы — олардың жасалу тәсілі мен сыртқы көрінісінде. Осы ерекшеліктеріне қарай: «қазақ ері», «шошақ бас ер», «үйрек бас ер», «қан бас ер» деген атаулар да қалыптасқан. Бұлардың ішіндегі ел арасына кен тарап, Қазақстан-

ның көптеген аймақтарын (Шығыс Қазақстан, Семей, Талдықорған, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Целиноград, Қостанай, Орал, Қарағанды облыстарын толық қамтыса, Гурьев, Ақтөбе облыстарының солтүстік аудандары мен Алматы облысының солтүстік-шығыс аудандарын) қамтитыны — қазақ ері.

Қазақ ері қайынан шабылып, екі қас, екі қаптал және орта ағаш деп аталатын бөлшектерден қосылады. Ердің орта ағашы мен екі қапталына қайының бұтақсыз түзу кесінділері, ал екі қасына, көбінесе, жуандау қайының екі айырланған тұсы қолданылады. Қазақстанның орталық және солтүстік облыстарындағы ершілер ердің қастарын жуан қайының шірімеген түбірінен де шабды. Бұл үшін бірнеше қайың кесіндісінің қабығын аршып кептіреді немесе шірімеген қайың түптері кездесе, оны топырағынан арылтып, арамен кескілеп, қас шығатын жерлерін таңдап алады. Біраз уақыт жел қағып, дегдігеннен кейін дайындалған кесінділердің барлығын балтамен немесе салмақтылау шотпен жеңілдетіп алып тағы да кептіреді. Ер бөлшектері әбден нобайланып шабылып, тек өңдеу жұмысы қалған уақытта бір қазан тұзды суға бие сауым уақыт қайнатады да, көленкеде кептіреді. Ершілердің айтуынша, тұзды суға қайнатылған ағаш ешқашан жарылмайды, қансымайды. Ердің барлық бөлшектері өңделіп, дайын болған соң, оларды арнайы жасалған қалыпқа салып қиыстырады да, қас етектері мен қапталдарын асастауың тұстарын қуысқулақпен тесіп, шегелейді. Шегені, әдетте, қаңлытырдан немесе жезден түтікше тәріздендіріп жасайды. Мұндай шегелердің бір жағын төске тіреп, екінші жағынан балғамен асықпал еппен ұрса, қаңлытыр не жез түтіктер қазылыққырап жуандайды да, қаптал мен қас тесігіне берік кептеледі, ал түтік ұштарын тойтарудың нәтижесінде пайда болған бүркеншіктер ердің мықтылығын арттыра түседі. Ердің орта ағашы әр уақытта таспамен жан-жағынан көктейліп орнатылады. Кейде қазақ ерлерінің барлық бөлшектері бір-бірімен таспамен көктеу арқылы да біріктіріледі. Осылайша қосылған ердің сыртын түрлімен, пышақпен тегістеп, шыны сыннықтарымен қырпап өңдейді. Сөйтіп, қазақ ерінің жалпы қосылу техникасынан жергілікті өзгешеліктер байқалмайды. Бірақ, оның сыртқы пішіні мен әшекейлеу тәсілінде айтарлықтай ерекшеліктер бар. Бұл ерекшеліктер әр жерде қалыптасқан ердің жалпы кескіні мен әшекейлеу тәсілінен байқалады.

Қазақстанның қай облысында болмасын әйелге арналған ер өзінің үлкендігімен де, әдемілігімен де көзге түседі. Әйел ерінің сүйегі ауыр, әшекейі де мол болады. Сондықтан олар өте сирек кездеседі. Өткен ғасырдың 70—80 жылдарының өзінде әйел ер-тұрманы некен-саяқ ұшырасатын-ды.

Алматы, Қарағанды және Қостанай музейлері мен ел арасынан табылған деректерге қарағанда, әйел ер-тұрмандарын жасауға ершілер — өнерін,

жасатушылар — қаржысын аямайтындықтары байқалады. Мұндай ер-тұрмандарға, негізінен, алтын, күміс, асыл тас, сүйек, мүйіз, былғары, шұға және барқыт пайдаланылған. Бұл әшекейлер ердің сыртын түгелдей жауып тұратын, сондықтан оның ағаш негізін жете өңдеуге көп көңіл бөлінбеді. Ал, ердің сыртық пішініне келсек, алдыңғы қасы өте биік, артқы қасы жалпақ келеді. Әйел ерлерінің өте кең және жайлы болатындығы туралы 1877 жылы В. Потто өзінің қазақ даласына келген сапары жайындағы жол жазбаларында көрсеткен болатын.

Әдетте, әйел ер-тұрман жабдықтары (тоқым, үзенгі, құймысқан, өмілдірік, жүген мен айыл, тартпалары) түгелдей бір ғана шебердің қолынан шығатындықтан, олардың ісі біркелкі, жатық болумен бірге өте мол әшекейленеді.

Әйелге арналған ердің алдыңғы және артқы беті түгелдей күміс шабылған темір пластинкалармен немесе қақталған таза күміс әшекейлермен безендіріледі. Қолда бар деректерге қарағанда, әйел ерлерін әшекейлеудің бірнеше тәсілінің болғандығы анықталды. Көбінесе, мұндай ерлердің беті әр түрлі темір әшекейлерімен белгілі бір симметриялық тәртіпті сақтап тұтас жабылды. Ол үшін әр әшекейдің бетіне тұтасынан күміс шауып, содан кейін арнайы жасалған өткір бізбен түрлі өрнектерді (қошқар мүйіз, сынар мүйіз, геометриялық фигуралар және өсімдік тәріздіс бейнелер) ойып алады. Мұндай жалған қаралау әдісін кейде ою, кейде түр (фон) ретінде қолданады. Бұл тәсілдерді ұқыпты орындаса, ердің әшекейі күміске қарала жүргізгендей әсем болып шығады.

Әйел ерін әшекейлеудің тағы бір кен тараған түрі — о й м а л ы ө р н е к. Ол үшін темір әшекейлердің ортасынан әр түрлі өрнектерді немесе өрнектің түрін ойып тастап, қалған жеріне күміс шабады. Әдетте, мұндай әшекейлердің астынан түсті былғары (көксауыр), шұға немесе барқыт салынады, олар ойылған өрнектерден айқындалып көрініп тұрады. Күмістің өнін ашатын түсті былғары, шұға болмай қалған кезде, ердің қасын әбден өңдеп ашық сары бояумен бояп немесе бірнеше қайтара өсімдік майын жағып, жылтыратып та қояды. Мұндай ердің бір данасы Қостанай өлкетану музейінде сақтаулы. Кейде ер күмістелген темір әшекейлермен немесе әр түрлі құйма бейнелермен ойыстары безендіріледі. Осы тәсілмен жасалған қазақ ерлінің бірі Қазақ ССР Ғылым академиясының археология музейінде сақтаулы тұр. Мұның алды-артында бірдей айшық тәрізденген бір-бірден ғана күмістелген темір әшекейлер бар. Ердің әшекейленетін басқа жерлеріне түгелдей күміс жабылған, үстінен белгілі тәртіппен күміс бейнелер (ұшқан құс және үш бұрыш) орнатылады. Күміс әшекейлердің әр жерінен дөңгелектер ойылып, айнала шеттері доғал иректермен оймышталыды. Күміс әшекейлердің барлығының беттеріне түгелдей сызу арқылы (гравировка) әр түрлі оюлар жүргізіледі. Бұл ердің жалты кескінінен, оның сыр-

тына жүргізілген оюлы өрнектерінен тым ертеректе жасалғандығы байқалады.

Ер әшекейлерін алтындау тәсілі күмістеуден гөрі өзгешелеу болады. Күмісті темір бетіне шабу, қақтау не қыю тәсілдері арқылы жүргізсе, алтындау тек жалату арқылы орындалады. Әйел ерінің алтындаған бір түрі қазір Қазақ ССР-інің мемлекеттік Орталық музейінде сақталуда. Бұл ер барлық жабдықтарымен қоса Нәби Қарібаев деген айтулы шебердің қолынан шыққан. Сүйегі өте ауыр. Ердің сырты түгелдей ойылған темір әшекейлермен жабылған, олардың астынан қызыл барқыт төселген. Темір әшекейлердің бетіне күміс шауып, оның үстіне үшкір біз және дөңгелек берделі қадауыспен әр түрлі гүл-жапырақтық бейнесі жүргізіледі. Бұдан соң кейбір әшекейлердің бетіне алтын жалатады, ердің маңдайына қызыл түсті шыны орнатылады. Алдыңғы қасының жиектеріндегі күмістелген темір көмкерулерге араб әрпімен жазылған төмендегідей өлең жолдары бар:

«Кажекем бұйырған соң істеп бер деп,

Қарібаев Нәби ұста соққан ерді.

Нақыштан неше түрлі бұтақ ерден,

38 ж. 20/1X — тамам.

Мұбарак құтты болсын Қажанға,

Көрген жан тамаша етіп қалсын таңға.

Болғанын байқап білер

Көзі ашық, көңіл зерек, мұлы адамға.

Нәби Қарібаев.»

Жоғарыда баяндалған ер аймақтың сан түрлі ерлерінің барлығында бірдей кездесіп отыратын әсемдеу әдісі — ердің маңдайына бірден үшке дейін көз орнату. Әдетте, мұндай көздерді үлкенді-кішілі асыл тастар (ақық, маржан) мен түсті шынылардан салады. Кейде асыл тас орнына қарала жүргізілген күміс көз де орнатылады. Енді бірде ердің маңдайына қойылатын тастың саны 20—30-ға жетеді. Мәселен, Қазақстанның Орталық музейінде сақталған бір ғана әйел еріне 31 көз орнатылған екен. Мұның 13-і сан түсті үлкен тастармен шынылар, қалған 18-і қызыл маржандар. Алдыңғы қастың дәл ортасында үш бұрыштың ойылған орналасқан үлкен-үлкен үш көк тастың арқайсысының айналасында 6-дан ұсақ маржандар орнатылған, олардың араларына көгілдір эмаль құйылған. Осыныша көптеген тастар үлкенді-кішілі және түрлі түсті болып келеді, сондықтан да күмістелген тұтас темір әшекейдің бетінде өте жарасымды-ақ.

Еректерге арналған қазақ ерлерінің сүйегі жұқа және ықшам болатындықтан, олар өте жеңіл келеді, оның ағаш ісіне көп көңіл бөлінді, жете өңделетін де. Күміс әшекейлері тым шағын, бірақ өте ұнамды болады. Әсіресе, Қазақстанның солтүстік аудандарында ерді қайының безінен шабатын ершілер басқа әшекейлерді көп қолданбайды. Өйткені, бұйраланған қайың безінен қосылған ерлерді мұқият өңдеуден кейін таза өсімдік майымен

бірнеше қайтара сіңіре майласа болды, ағаш реңі теңбілденіп, ешбір әшекейді керек етпейді. Мұндай жағдайда екі қас пен қапталдың айнала шеттерінен көмкеру тәріздендіріп жиік шығарады да, оны кара бояумен бояйды. Мұндай ерлердің алдыңғы қасының маңдайына орнатылған айшық пен қапталдың шеттік пен қанжыға өткізетін қос тесіктерінің үстінен күмістелген темір әшекейлер шегеленеді. Мұндай әшекейлер күмістен соғылса, оның бетіне қаралау әдісімен күрделі ою-өрнектер жүргізеді. Мысал ретінде Қазақ ССР-інің орталық музейінде сақталған Павлодар облысының қарт ершілері Әбдіқарим Есалин мен Қадыр Байжановтың жасаған ерлерін айтуға болады. Айшық ортасына, көбінесе, түсті тастардан көз орнатылады. Кей уақытта сан қуған дала акімдері мен билеріне арнап қосылған ерлердің әшекейлері әйел ерлерінен кем болмаған. Бұлардың алды-арты бірдей оюлы өрнек жүргізілген әшекейлермен тұтас жабылады. Темір әшекейлерге ойылатын оюлы өрнек, көбінесе, өсімдік бейнелес болады, беттеріне күміс шабылып, алтын жалатылады. Мұндай әшекейлердің астына әдеттегідей түсті мата не былғары теселініп, алдыңғы қастың маңдайына түрлі тастар орнатылады.

Еркек ерлерін әшекейлеуге мүйіз бен сүйек те жиі қолданылады. Мұндай заттарды алдын ала дайындап алып, бетіне сан түрлі өрнектер жүргізіп, көбінесе, ердің алдыңғы қасына ойып орнатады. Сүйек әшекейлері орнатылатын ерлер мүйіз түсін ашытындай басқа түсті бояумен боялады. Бұлай жасалған ерлер өте сыпайылғымен көз тартады. Бұл туралы өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ даласын көп аралаған генерал А. К. Гейзенге атап көрсеткен еді. Жоғарыда баяндалған қазақ ерлерінің көлемі мен салмағында және әшекейінде ерекшеліктер болмаса, олардың жалпы қосылу тәсілі мен сыртқы пішінінде көп айырмашылық байқалайды. Ал енді, өзіннің сыртқы пішіні жағынан аздап болса да ерекшелу қазақ ерінің бір түрі — Алматы облысының оңтүстік-шығысы мен Семей облысында кездесетін ерлер. Бұлардың жалпы жекіні, әшекейлену және еңделу тәсілдеріне қарағанда, қырғыз және Алтай-Саянда мекендейтін Сібір халықтарының ерлеріне ұқсайды. Бұл ерлердің қасы да етегінен жоғары қарай қушыға көтеріледі де, дал төбесі дөңгелеп бітпей, үсті түзуленіп, иығы бұршыталып шабылады. Артық қасы алдыңғысына қарағанда кейін қарай сәл ғана көлбеу орналасады. Әдетте, мұндай ерлер төрт бөлек ағаштан шабылады, орта ағаш қапталдыңынан тұтас шығарылады да, бір-бірімен қайыс таспа арқылы көктеліп біріктіріледі.

Жамбыл облысының оңтүстік-шығысы мен Алматы облысының оңтүстігінде мекендейтін қазақтар арасында көп тараған ердің бір түрі — шошақбас ер деп аталады. Қазақтың басқа ерлерінен мұның негізгі айырмасы атауынан-ақ көрініп тұр. Дегенмен, мұның жасалу тәсілінде жалпы қазақ ерлерімен кейбір ортақтық байқалады.

Шошақбас ерді 4—5 бөлек қайың, қарағаш немесе емен сияқты берік ағаш кесінділерінен шауып қосады. Ол үшін ең алдымен ердің ар-бір бөлшегіне — алдыңғы қасына ағаштың екі айыр тұсын жинаса, екі қапталы мен артық қасына әжептәуір жуан ағаш кесінділерін дайындайды. Ердің орта ағашын, көбінесе, екі қапталдың ортасынан шауып шығарады. Қапталға арналған ағаш жіңішке болса ғана орта ағашты бөлек шауып қиыстырады. Ердің жеке бөлшектерін бір-бірімен шеге арқылы ұстатады. Ал, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында мұндай ерлердің алдыңғы қасы құранды ер сияқты екі айырланып та жасалады. Артық қасының бітімі әр ауданда әр түрлі жасалады. Мәселен, Жамбыл облысының Мерке ауданында шошақбас ер құранды ердің артық қасы сияқты көлемді, кемерлене шабылса, ал Шу, Алматы облысының Еңбекшіқазақ аудандарында қозықұйрық ерінің артық қасы тәрізді шағын келеді.

Көпшілік жағдайда мұндай ерлердің сырты еш-бір басқа затпен берік бөлу үшін қапталмайды. Тек қана ердің сәндеу мақсатымен оның алдыңғы қасының айнала шеттерін күміс, жез сияқты металдармен көмкереді, ал қалақ тәрізденіп шабылған ер басының ортасына күмістен, сүйектен, мүйізден жасалған әр түрлі шағын әшекейлер орнатылады. Бұлар болмаған күнде шылбыр өткізгіп қоятын шығарыш қағылады. Мұндай ерлердің үстіне былғарыдан немесе киізден көпшік шегеленеді де, алды-арты көк, кара бояулармен боялады.

Шошақбас ердің кейбір түрі өзінің жасалу тәсілімен де, сыртқы пішінімен де, әдемі әшекейлерімен де ерекше көзге түсетінін Алматы облысының Кеген ауданынан жиі кездестіруге болады. Мәселен, 1953 жылы Кеген селосының тұрғыны Е. Қасымбекөттің шошақбас ері бес бөлек ағаштан қосылып, сырты түгелдей көнмен қапталған екен. Бұл ердің екі қастары да қалақбастанып жасалған, беттері күмістелген темір әшекейлермен және жұлдыз тәрізденген үлкенді-кішілі күміс бүркеншіктермен безендірілген.

Жамбыл және Алматы облыстарында шошақбас ерді бір бөлек қарағаш кесіндісінен тұтас шауып шығарады. Мұндай тәсіл қырғыз ершілерінен де кездеседі. Бұл үшін ердің ұзындығындай қарағаш кесіндісін бірнеше күн сұға салып жібітеді, содан өткір балтамен нобайлап шауып алады, біраз уақыттан кейін әр түрлі шоттармен асықпай өңдейді. Әдетте, мұндай ерді бір күнде шауып болмайды. Сондықтан, ағаш ылғи сұда жатады. Оны жұмыс арасында, қол босағанда істейді. Өйткені, күннің кезінде қалса, ағаш тез кеуіп, жарылғыш келеді, өңдеуге қиындықтар туғызды. Әбден шауып, өңдеп болған соң, ерді бір қазан тұзды сұға салып бие сауым қайнатады. Бұдан кейін 2-3 күн бойы самалға қойып дегдітеді де, түйе көнімен қаптап тастайды. Мұндай тұтас шабылған ердің беріктігі, ең алдымен, түйе көнінің мықтылығына байланысты. Тұтас ағаштан шабылған ердің артықшылығы

сол, мұнда қас, қаптал және орта ағашты бөлек шауып, оларды қиыстырып әуре болмайды. Көзі қанығып, қолы жатыққан іскер мұндай ерді тез шабады, ағашын жеткілікті өңдемей-ақ көңдей береді.

Құранды ер — көбінесе Оңтүстік Қазақстанда, Қарағанды облысының шығыс жағы мен Целиноград, Қостанай және Алматы облыстарының оңтүстік өңірлерінде кездеседі.

Ердің бұл түрі бірнеше бөлек ағаштардан қосылады, сондықтан ол құранды ер атанған. Жоғарыда көрсетілген облыстардың қайсысында болсын құранды ер бір үлгімен жасалған.

Біздей жиналған деректерге қарағанда, ауыл арасындағы қазақ ершілері құранды ерді 18—20 бөлек ағаш кесінділерінен құрастырғаны байқалды. Ал, өзбек шеберлері осындай ерлерді 22—23 бөлек ағаштан құрастырып жасайтындығы туралы Н. Габбин өткен ғасырдың соңында жазған екен.

Құранды ердің мұшалықты көп бөлшектерден құралу себебі: біріншіден, ер қосуды кәсіп еткен шеберлер қолынан шығатын ерлерінің біркелкілігін сақтауды көздейді. Екіншіден, қолда бар ағаш кесінділерінің қандайын болсын қажетіне жарата береді. Ал, ондай материалдың табылуы да онайға түспейді. Бұл жағдай ағаш аз өсетін Шымкент, Қызылорда және Жамбыл облыстарындағы ершілерге үлкен мүмкіндіктер туғызатынды.

Құранды ер жасау үшін терек, жиде, тал сияқты жұмсақ әрі мықты ағаштар қолданылады. Мұндай ағаштарға желім де тез сіңіп, жақсы желімденеді.

Құранды бөлшектерінің тұтас ағаш кесіндісінен шабылатыны тек екі қапталдары ғана. Олай болса, құранды ердің кептеген негізгі бөлшектері оның екі қасын құрастыруға жұмсалады. Сондықтан, ең алдымен, әр қасты өз алдына жеке құрастырып алады, содан кейін оларды қапталдарға орнатып, ердің орта ағашын қиыстырады. Бұдан соң ер мүсініндегі олпы-солпы артығын алып, кем-кетігіне қондырма желімдеп өңдейді де, көленкеде біраз кептіріп алады.

Әдетте, мұндай ердің толып жатқан бөлшектерін бір-бірмен біріктіру үшін олардың асастың жерлерін алдын ала мұқият тегістеп алып, содан кейін желім жағады, біраз дегілгеннен соң желімді тағы да қайта жағып біріктіреді. Осылайша желімделген бөлшектерін әбден кепкенше ауыр затпен бастырып немесе арнаулы қысқашпен қысып қояды. Құранды ер жасауда негізгі материалдардың бірі — желім. Қазақ ершілері желімді сатып алумен бірге өздері де жасай білген. Сатып алатын кәдімгі ағаш желімін «сары желім», қолдан қайнатылған желімді «қара желім» дейді. Мұны жасау үшін көтерем малдың сүйегінен сындыған еті мен түйенің көнін тұрап, бір қазан суға ет езілгенше қайнатады да, ет пен көнді түгел сүзіп тастайды. Қалған суды суалғанына қайнатады. Мұны ыстықтай бақса ыдысқа қотарып, суыған соң желім орнына пайдалана береді.

Құранды ер бөлшектерінің өзіне тән атаулары

болады. Алдыңғы қастың негізі болып есептелетін оқпан екі бөлек ағаштан құралады да, қастың оң жақ және сол жақ беті деп аталады. Оқпанның арт жағынан жапсырылып, екі бетті біріктіретін тұтас ағашты желкебасар десе, алдыңғы қастың бүржіт қабақтанған екі айыр басын қас, ал артқы қасты көбінесе к е р с е н дейді. Оның ортасы бір бөлек шабылады да, екі шетіне қанат деп аталатын қосымша қондырмалар желімдейді. Екі қасты қапталдармен ұштастыру үшін ердің екі жағынан ұзыншақтау қоспа ағаш қиыстырады. Ал, ердің үстін жауып тұратын бөлшегін ортан бел ағаш дейді. Алдыңғы қастың екі бетінің түбінен, қаптал басының үстіңгі жағынан кішкене кепіл ағаштар жапсырылып, артқы қас пен қапталдың екі аралығынан тіреушілер қойылады. Қоспа, кепіл ағаш, тіреушітер екі-екіден болады.

Ердің негізгі сүйегі әбден кепкеннен кейін, оған түгелдей тарамыс-талшықтары араластырылған желім үш қайтара жағылады. Ер сүйегінің қосылуына қарай тарамыс талшықтарын қолмен жағады. Алғашқы желім қабатын жүргізгенде, тарамыс-талшықтары ағаш ыңғайына көлденен түсіп отырса, келесінде, керісінше, алғашқы тарамы талшықтары көлденен түседі. Ал, үшінші қабаты да осы тәртіппен жағылады, тарамыс-талшықтарының үш қабаты тор көздене түсіп, ердің желімделген бөлшектерін тырп еткізбей берік ұстайды.

Әрбір желім қабатын көленкеде ұстап, самалда асықпай кептіреді. Тәжірибелі ершілердің айтуынша, ыстыққа, күннің көзіне кептірілген желім қабаты жарылып кетеді де, ердің беріктігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан, қыстығұны желім жағылған ерді пеш қызуына жақындаптай, жылы үйде кептіреді. Алғашқы күндері ердің тұрған жерінің ыстығына қарай күніне 2—3 рет су бүркіледі. Өйткені, жана жағылған желім қабаты үстіңгі бетінен кебе бастаса, ол жарылып келеді де, сыдырылып түсіп қалады, ал бетіне су бүркіп, алсін-алсін дымадп отырса, желім қабаты астынан кеуіп, жарылмайтын болады.

Үш қайтара желім жағылған ердің сыртынан бір түсті тоз қабатын жапсырады. Бұл үшін жұқалап сыдырылған тозды ер бетінің ыңғайына қарай мүйіз аспаппен сызып алып, қайшымен қияды да, тоз қиындысына желім жағып, біраз уақыт оның сінуін күтеді. Бұл уақытта ердің тоз қиындысы жапсырылатын жеріне ғана су бүркіп, отқа қарып алады. Сөйтіп, ер бетіндегі желім қабаты су мен от қызуының әсерінен сәл жібіңкіреген кезде тоз қиындына желім жағып, өз орнына қиюластыра жапсырып отырады. Осы тәртіппен ердің сыртына түгелдей тоз жапсырылып болған соң, қиындылар арасынан шығып тұратын желімді жылы сумен жуады. Содан кейін ерді асықпай кептіреді.

Түркістан, Шымкент қалаларындағы ершілердің кейбіреулері өзбек шеберлерінің әсерімен тоздалған ердің сыртын боаулармен әдемілеп бояп келді. Ел арасындағы ісмерлер ердің сәнділігінен

гөрі мықтылығын көздеп, құранды ердің өзін тарамсыз араластырған желімсіз-ақ жібітілген түйе көнімен тартып шегелейді. Кейде шеге орнына таспа-лап тігу тәсілін де қолданатындар кездеседі. Соза қапталған көн кебе келе ер кірісін онан әрі кірік-тіре түседі. Әбден кепкен көн ылғалды да, ыстық-суықты да елемейді, өте берік болады.

Сән іздеген серілер мен ел әкімдері құранды ердің сыртын қалың былғарымен қаптапты, алдыңғы қастың бетін түрлі әшекейлермен безендіріп келді. Біздегі деректерге қарағанда, мұндай ерлер құйма күміс бейнелермен, күмістелген оюлы темір әшекейлермен және түсті тастардан не күмістен көз орнату тәсілдерімен де көркемделеді. Тастан салынатын көз, көбінесе, оқпанның дал маңдайынан орнатылатын-ды.

Кейде қошқардың не бүркіттің басы тәрізденген құранды ердің алдыңғы қасының екі шекесіне күмістен немесе тастан екі көз орнатылады.

Бұл ерлердің құйма әшекейлері геометриялық шаршы, дөңгелек не үш бұрыштардан тұрады. Күмістелген темір әшекейлердің оюлы өрнектері қошқар мүйіз, жапырақ бейнесі болып келеді.

Ердің үсті де сан түрлі тәсілдермен өрнектеледі. Мәселен, қазіргі Панфилов ауданында мекендеген атақты ерші Ақтайлақ Бөзжігітовтың 1915 жылы жасаған құранды ерінің үстіне қазақтың қошқар мүйіз өрнектері жүргізілген де, ердің мойнына әр түрлі геометриялық таңбалар түсірілген екен.

Қарттардың айтуынша, құранды ердің бет алдын сүйек және мүйіз әшекейлермен безендіріп отырыпты. Бірақ, ел арасынан болсын, музейлерден болсын сүйектелген не мүйізделген құранды ерлерді кездестіре алмадық. Бұған қарағанда, құранды ерлерді сүйектеу не мүйіздеу ісі үстіміздегі газырада мүлде сиреген тәрізді.

Құранды ерді безендірудің ерекше бір түрін Торғай, Ырғыз бойынан кездестірдік. Бұл ердің қосылу ісінде, сыртқы пішінінде, жоғарыда баяндалған құранды ерлерден еш өзгешелік жоқ. Бірақ, көңделген ердің сыртын қалың қара былғарымен қаптап, екі жақ етегін қысқа тоқым тәріздендіріп бос түсірген де бет жақтары оюлы-өрнектермен өте көркем безендірген. Бұл ердің басқа тұрмандары да өте сыйпай орындалған.

Құранды ердің сүйегі өте жеңіл, сыртқы формасын сыйпайы — атқа да, адамға да жайлы болады. Сондықтан, Қазақстанның кейбір аудандарында құранды ерлерді «эйел ері» деп, әйелдерге арнайды. Бұл аудандарда құранды ерді кейде «қокан ері» деп те атайды. Мұнда біраз шыңдық та бар. Өйткені, қазақтың құранды ері мен өзбек ерінің жасалу тәсілінде де, сыртқы жескінінде де бірқұдыру ортақ жайлар бар. Бұдан, әрине, нағыз қокан ерлері қазақ даласына мүлдем тарамды деген ұғым тұмайды. Бірақ, Қазақстан жеріне қокан ерінен гөрі оңтүстіктегі қазақ ершілері қосқан құранды ерлерінің көбірек таралғандығына күмәндануға болмайды.

Қорыта келгенде, құранды ер Сырдария, Талас өзендерінің бойын мекендейтін халықтарда қалыптасқан. Бұл өңірде, негізінен, қазақ, өзбек және қырғыз халықтары аралас қоныстанғандықтан, олардың тұрмысы мен мәдениетінде де өлтеген өзара ұқастықтар болды. Сол ұқастықтың бір көрінісі дәл осы арада сөз болып отырған құранды ер. Сөйтіп, қазақтың «құранды ері», өзбектің «қокан ері» және қырғыздың «құшбаш ері» әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерінің негізінде, кең аймақта қалыптасқан қолайлы ер түрінің бірі. Олардың жасалу тәсілінде — бірқыдыру ортақтықтар байқалумен бірге әр ұлттың тек өздеріне ғана тән ерекшеліктері де бар екендігі айқын аңғарылады.

Маңқыстау түбегі мен Ембі бойында мекендейтін қазақ жұртшылығында қалыптасқан ер түрі — «к о з ы қ ү й р ы к е р». Мұны кейде «ақбас ер», «шошақбас қазақ ері» деп те атайды.

Қозықұйрық ердің жасалу тәсілінде құранды ермен әжептәуір ортақтықтар да бар. Дегенмен, мұны құранды ердің бір түрі деуге болмайды. Өйткені, оған қойылған атау да, жалпы жескіні де оның қазақ ерлерінің ішіндегі өз алдына жеке қалыптасқан айрықша бір түрі екендігін дәлелдейді.

Қозықұйрық ер, көбінесе, өте жұмсақ және жеңіл болатын жөке ағашынан жасалады. Кейбір жағдайларда қайың ағашы да пайдаланылады. Жөке ағашы жөпшендіге жарылмайды, желімді де жақсы ұстайды. Мұның жеке бөлшектеріне ұзындығы екі тұтамдай ағаш кесінділері де жарай береді. Қозықұйрық ер 6—7 бөлек ағаштан құралады. Алдыңғы қасы екі бөлек, артқы қасы 2—3 бөлек ағаш кесіндісінен жасалады. Бұған екі қапталды қосқанда ер сүйегінің негізгі бөлшектерінің тұрақты қалыптасқан құрамы шығады. Қозықұйрық ердің тағы бір өзгешелігі: мұнда орта ағаш болмайды, оның орнына көн не қайыс тартылады. Ердің сүйегі жеңіл, көлемі шағын келеді. Қасы алдына қарай еңкіштеу болып орнатылады.

Қозықұйрық ердің сыртын түйенің көнімен қаптапты. Кейде көн орнына тарамсыз талшықтарын немесе кендір шүйкесін желімге араластырып жағады. Бұл әдісті халық сіңірлеу деп те атайды. Шынында да, сіңірлеу деп атаған жөн сияқты, өйткені тарамсыз дегеніміздің өзі тігін жұмысына пайдаланылатын кептірілген ірі мал сіңірінің талшықтарынан шираттылып дайындалады. Ал, сойылған ірі малдың арнайы алынған сіңірін халық тарамсыз деп атай береді.

Біздің деректерге қарағанда, көндеген ерді сіңірлемейді де, сіңірлеген ерді көндемейді. Сіңірлеу де, көндеу де ердің беріктігін арттыру үшін қолданылатындықтан, бұлардың бірін пайдаланса, екіншісін керек етпейді. Кейде сіңір аз болып, ердің беріктігін толық қамтамасыз ете алмайтын-дай қауіп туса ғана, оның сыртынан көндеу тәсілін қолданады.

Шамасы келген аудақтылар сіңірленген немесе көңделген ерлердің сыртын былғары, мүйіз, сүйек, темір және күміс әшекейлермен көркемдетеді. Сән-

деуді ең оңай да, арзаны да ердің сыртын түгелдей түсті былғарымен қаптау әдісі болған. Ал, мүйіз, сүйек, күміс әшекейлерімен ердің алды-арты ғана әшекейленеді.

1962 жылы Ембі бойынан бұдан жарты ғасыр бұрын сүйектеліп жасалған өте сәнді қозықұйрық ерді кездестірдік. Бұл ердің қазіргі иесі Байғанин ауданы Калинин атындағы колхоздың аға шопаны Мәтжановтың айтуынша, мұны 1910—1915 жылдары атақты ерші Шырынша жасаған көрінеді.

Ердің сыртқы пішінінде — ерші Қомпаев Имағамбеттің осы кезде жасайтын қозықұйрық ерлерінен еш өзгешелігі жоқ. Оның негізгі ерекшелігі сыртындағы өте сыпайы орындалған сүйек әшекейлерінде.

Бірнеше бөлек жеке ағашынан қиыстырылған бұл ердің сырты сіңірілініп барып көңелден де, алды-арты бірдей сүйектеліп әшекейленген. Жалпы ер кескініне сай дайындалған әр түрлі сүйек әшекейлер шебер киюласып, сүйек шегелермен бекітілген. Сүйек әшекейлердің беттеріне сан түрлі бедерлі өрнектер жүргізілген.

Өрнектердің көпшілігі пышақ ұшымен ойылған тұзу сызықтар мен иректерден және ортасында нүктесі бар шағын дөңгелек-шеңберлерден тұрады. Оқпанның қарсы алды мен екі жақ бүйіріндегі көлемді сүйек әшекейлердің және артқы қастың үстіне айшық бейнесінде шегеленген екі бөлек сүйектің беттері геометриялық өрнектермен, өсімдік тектес оюлармен безендірілген. Мұндай оюларды сүйек бетіне түсіру ұшың, алдымен, өрнектің түрін пышақ ұшымен сызып алып, оны тереңдете түссе болғаны, бір-бірімен сабақтары арқылы жалғасқан жапырақ тәрізді оюлар, бедерлер түсіп отырады.

Екі қапталдың алдыңғы алақандарының ортасына жасыл былғарыдан (көк сауыр) көз салынады, ал ердің үстіне күміс бүркеншікті шегелермен қалың қара былғары тартылады.

Сүйек әшекейлердің қиысу тәртібі болсын, олардың белдегі ою-өрнектердің, шегелердің орналасуы болсын, белгілі бір симметриялық тәртіпті сақтай орындалады. Ал, қапталдың басындағы көк сауыр көз де, ер үстіне тартылған қара былғары да сүйектелген ердің үстінен қарағанда асқан шеберлікпен нақышталған әшекейлердің шырқын бұзбай, қайта оның өңін ашып тұрады.

Сөйтіп, бұл ердің сәнді түрі ерші Шырынның көркемдік талғамының өте жоғары болғандығын аңғартатын сияқты.

Өнерлі халық шеберлері әр түрлі бұйым беттерін әшекейлеуге түйе және жылқы сүйектерін пайдаланған. Бұған малдың жақ, жауырын және қабырға сүйектері жиі қолданылады. Қабырғаның етек жағын қажы, кемігін жонып тастап, екі жақ бетін әр түрлі бұйымдарды безендіруге жаратады. Қабырға сүйектері жіңішке, жұқа болатындықтан, оны ер сияқты ықшам бұйымдарды әшекейлеуге пайдаланады. Мұндай іске, әдетте, асылған еттің сүйегі жұмсалыды, өйткені

шикі сүйекте май көп болады. Кейде семіз малдың сүйегі асылғанымен майынан әбден арылмайтындықтан, оны біраз өңдеген соң, тағы да суға қайнатып алады.

Манжықтау өңірінде қалың қара былғарымен қапталған қозықұйрық ерді күмістен құйылған әр түрлі геометриялық бейнелермен немесе бүркеншікті шегелермен әшекейлейтін-ді. Әсіресе, беттері бедерленген үш бұрыштар, шаршылар, тік бұрыштар, төрт бұрыштар мен жарты дөңгелектер жиі қолданылады. Бұларды ердің жиіктеріне, үстіңгі жағына әр түрлі тәртіппен орналастыру арқылы көркемдейді.

Жоғарыда баяндалған қозықұйрық ерді әшекейлену тәсіліндегі көзге түсетін ерекшеліктің бірі — артқы қасының үстіңгі беті ылғи айшық тәрізденген сүйек әшекейлермен безендірілетін-ді. Қазақстанның басқа жерлерінен кездестірілген сан алуан ерлерде мұндай әшекей кездеспейді.

Қозықұйрық ерді кейде бес бөлек қайың кесінділерінен де жасайды. Мұның сыртқы кескінінде жоғарыда баяндалған қозықұйрық ерлерден еш өзгешелігі болмағанымен, оның қосылу және көркемделу тәсілдерінде біраз айырмашылықтар байқалады. Ер бөлшектері бір-бірімен желімен емес, шегемен біріктіріледі, алдыңғы қостың бет жағына жеңіл-желпі геометриялық өрнектер ойылады.

Торғай, Бірғыз бойында және Көкшетау өңірінде мекендейтін қазақтар арасында өткен ғасырдың соңында үйрек бас деп аталатын ер болған. Бұл ердің үйрек мойынданып, ітері қарай иіліп тұратын алдыңғы қасынан басқа пішіні құранды ерге өте ұқсас. Ал, ағаш сүйегі төрт бөлек қайыңнан шабылады да, бір-бірімен шеге арқылы ұстатылып, сырты көнмен не қалың былғарымен қапталу шегеленеді. Дал осындай үйрек бас ердің бір тамаша үлгісін біз 1970 ж. Көкшетау облысындағы «Сырымбет» совхозының тұрғыны Кеңесбаев Қабдештің үйінен кездестірдік. Осындай ердің тағы бір данасы қазір Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінің қорында сақтаулы. Бұл ерлердің алдыңғы және артқы қастарының үстіңгі жағына жезден ойылған ою-өрнектер күміс бүркеншікті шегелермен шегеленген. Ер пішіні ершінің көркемдік талғамының жоғарылығын дәлелдей түскендей.

Қазақта ер қосу ісінің жалпы заңдылығы есебінде, ең алдымен, ердің атқа тигеуі көзделеді. Ол үшін, біріншіден, ердің оқпаны жылқының қыр арқасын, әсіресе, шоктығын баспайтын-ды көтеріңкі болуы қажет; екіншіден, ердің екі қапталы дұрыс мүсінделіп, олардың екі арасының алшақтығы мен әр қапталдың ер қастарына дұрыс қиысуы қажет. Әдетте, ердің алды қысыңқы болады да, арты енділеу келіп, екі қапталдың алдыңғы басы жоғары қарай салғана шалыстау қаяқая шабылады. Ал, қапталдардың екі қасқа қосылу бұрыштары да әр түрлі болады. Мәселен, алдыңғы қасқа ылғи 45° шамасында

қосылатын болса, артқы қасқа қосылу бұрышы 30—35°-тан аспауы керек. Осы көрсетілген ортақ заңдылықтарды бұлжытпай орындау үшін тәжірибелі қазақ ершілері ер қосуға арнайы жасалған қалыпты кенінен пайдаланған. Сондықтан, олардың ерлері атқа да, адамға да жайлы болады.

Ерге үзенгі бау, әнжіме, қанжыға, бұлдірге өткізетін тесіктер жасалады. Үзенгі бау өткізілетін тесіктер алдыңғы қас етектерінің қапталмен асатасын тұсынан қашаумен тесіледі. Өмілдірік байланатын әнжімеге арналған тесіктер қапталдардың алдыңғы алақанынан екі қатар болып, күйіскан байланатын бұлдірге мен қанжыға өткізілетін тесіктер қапталдың артқы алақанына қуысқұлақпен тесіледі. Тек күмістелген қымбат ерлерге күйісканды күмістелген әдемі айылбас арқылы тағады.

• • •

Ер-тұрманның құрамына ердің жеке басынан басқа тоқым, желдік, терлік, тебінгі, үзенгі, айыл, күйіскан, өмілдірік, жүген, жабу, ат көрпе, тұсау, шідер сияқты заттар да қосылады. Осылардың бәрін халық күнделікті өмірде ер-тұрманшары демеі, ер-тоқым деп атай береді.

Көпшілік халық тоқымды киізден сырып жасайды. Кейде киіз тоқымының айнала жиегін шұға және барықт сияқты қымбат маталармен көмкеріп, тоқымының сыртын түгелдей қалың былғарымен де жабады. Сырма тоқым мен көмкерілген тоқымдар, көбінесе, әйелдер қолынан шығады, ал былғары тоқымды шебер ершілер ғана жасайды.

Тоқымын көлемі де, пішілу кескіні де әр түрлі болады. Әйелдерге арналған ер тоқымдары көлемді болады (140-150 x 50-55 см), жақсы көркемделеді. Ал, ер адамдарға арналған ер-тоқымдары көлемі жағынан ықшамдау (90-100x50-55 см) келеді, әжептәуір әсемделеді.

Ортасынан екі бүктелген тоқымға көз салсақ, төменгі екі ұшы бірдей тік бұрышты пішілгенін байқаймыз; екіншіден, алдыңғы бұрыштарының сүйірленіп, артқы бұрыштарының дөңгеленіп жасалғанын немесе екі ұшы да сүйірленіп, кейде ойып пішілгендігін аңғарамыз.

Киіз тоқымдарды да түрлі ою-өрнектермен әдемілеп сырыды. Былғары тоқымдарға сан түрлі тәсілдермен жүргізілетін ою-өрнектерге қоса күміс әшекейлер де жиі қолданылады.

Өткен ғасырда мұндай тоқымды ылғи тұтас және қалың былғарымен тыстайтындықтан, олардың бетіне бедерлі ою-өрнектер жүргізу тәсілі жиі қолданылған. Бедерлі өрнекті, көбінесе, арнаулы ағаш қалыптар арқылы түсіреді. Бұл үшін бедерлі өрнегі бар ағаш қалыптасып дегдігенге, қозғалмай қоя тұрады. Бұдан соң тоқымға түскен бедерлі өрнектердің айнала жиектерін пышақ тәрізденген мүйіз аспаппен сызып, айқындай түседі. Кейде өрнек айналасын тарамыспен қайып тігеді. Мұндай бедерлі өрнек келе-келе жойылдып кетпес үшін, былғарының теріс жағынан ойыстарына тол-



Ерші. Жамбыл этнографиялық экспедициясы материалынан

тыра желім күйіп кептіреді де, киізбен астарлап тігіп тастайды.

Тоқымға бедер түсіретін арнайы қалып болмаған жағдайда кейбір шеберлер түрлі өрнектерді басқа тәсілдермен де жүргізеді. Ол үшін былғарыны жібітіп алған соң, бетіне мүйіз аспаппен өрнектер сызады, содан кейін өрнектің астына темір сым немесе жұмырланып бұралған қайыс таспадан өзек салып, сызылған өрнек ізін тарамыспен киіз астарға жапсыра тігеді. Темір талшықтары тек геометриялық өрнектер түсіруге қолданылса, қайыс өзектер әр түрлі өрнектерді мүйізден келтіру үшін пайдаланылады. Бедерлі өрнектер темір бөзубастармен батыра із түсіру әдісі арқылы да орындалады. Сөйтіп, мұндай әдістермен тоқым бетіне түсірілетін бедерлі ою-өрнектері, көбінесе, қазақтың қошқар мүйіз, сынар мүйіз оюлары мен түрлі геометриялық өрнектердің орынды тоғысуы арқылы орындалады.

Осы айтылған әдістермен қалың былғарыға түсірілген бедерлі өрнектер тоқым тозғанға дейін жойылмайды, тіпті суға тигенде де, олар бастапқы өз қалпын жақсы сақтайды.

Жұқа былғарыдан жасалатын тоқымдарға бедерлі ою-өрнектер түсіруге болмайды. Сондықтан, жұмсақ және жұқа былғарымен тысталған тоқымның бетіне басқа түсті былғарыдан дайындалған оюларды жапсырып немесе сызылған өрнек ізін тарамыспен қаю, яки түсті жіптермен кестелі өрнек тігу тәсілдері жиі қолданылады. Бұған қосымша әр түрлі күміс күймалармен немесе күміс шабылған темір әшекейлермен де көркемделеді.

Өткен ғасырда тоқымның екі жағынан бірдей қалың былғарыдан жасалатын жалаң қабат тебінгі тағылатын-ды. Мұның бетіне бедерлі өрнек түсірумен бірге күміс әшекейлер де орнатылады. Тебінгі, бір жағынан, әсемдік үшін тағылса; екіншіден, тоқым қысқа болған жағдайда аяқ киімді аттын терінен сақтайды, ал тоқым ұзын болған күнде оны жылдам тоздырмайды.





- 1, 5. Күмістелген ер. Шығыс Қазақстан облысы
2. Құранды ер. Жетісу өңірі
3. Құранды ер. Оңтүстік Қазақстан облысы
4. Үйрек бас ер. Көкшетау облысы. 1, 3—4-сурет Ә. Қасеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен; 2, 5-сурет Қазақ ССР-інің Мемлекеттік Орталық музейінен



Көпшілік жағдайда тебіңгі жеке істелмейді, тек киіз тоқымдарға жапсырыла тігіледі. Мұндай әдіс тоқымның үзенгі бау тиегін тұсының тез тозбауын қамтамасыз етеді. Халық арасында мұның өзін тоқымның тебіңгісі деп атай береді.

Жалаң тоқым өте жұқа болатындықтан, оның астынан терлік, үстінен желдік салынады. Терлік киізден не жабағыдан жасалады да, оның саны ердің атқа жайлылығы мен желдіктің болу-болмауына байланысты бірден үше дейін болады. Егер ер жайлы болса, екі терлікпен, ал желдік болған жағдайда, бір терлікпен де қанағаттанады.

Желдікті, көбінесе, құранды, қозықұйрық және шошақбас ерлерге арнап жасайды, өйткені бұлардың қапталдарының көлемі шағын болады, тек арнайы жасалатын көлемді желдіктердің арқасында ғана атқа тимейді. Мұндай желдіктер екі қабат киізден сырылып, сырты былғарымен тысталады. Қаптал астындағы желдік ілгеріліккейінді жылжымауы үшін оның екі басының үстіңгі жағы қапталдың көлеміне сай кемештеліп тігіледі. Оны желдіктің қасы деп атайды, жіптермен кестелеп не күміс әшекейлермен безендіреді. Екі желдікті бір-бірімен екі жерден жіңішке қайыспен байланыстыру арқылы олардың төмен суусына мүмкіндік бермейтіндей етеді.

* * *

Үзенгі темірден, қоладан және ағаштан жасалады. Ағаш үзенгіі тек қайыңнан ғана иіп жасайды да, үзенгі бау өткізілетін жерден екі басы қосылып шегеленеді. Кейде мұндай үзенгілерді мықтылық үшін темірмен құрсаулады. Темір құрсаудың бетін күміспен әшекейлейді. Ағаш үзенгіні қыстығүні қолданады, өйткені қатты аяздарда темір үзенгі адамның аяғына да, атқа да жайлы тимейді. Қыстығүні жылқы күзетіне баратын жылқышылар ағаш үзенгілерді көбірек пайдаланады.

Үзенгіні қоладан сирек жасайды. Оның өзінде арнайы қалыпқа құю арқылы жасайтынды. Қоладан құйылған үзенгінің бір түрі қазір Қазақстанның Орталық музейінде сақтаулы. Мұның сыртық кескіні құмған тәрізденіп құйылған. Үңгірның екі бетіне күміс шабылып, дәл ортасына қызыл тастан көз салынған.

Темір үзенгі сом темірден тұтас соғылады, оның табаны ғана бөлек жасалып қондырылады. Ал, кейбір ұсталар үзенгінің ішін құмпап соғып алады да, сыртын толығынан күміспен безендіреді. Күмістелген үзенгінің сыртына әр түрлі өрнектерді сан алуан тасілдермен түсіреді. Бірде күміс бетіне нағыз

қарала жүргізілсе, екіншіде өрнекті темір бетіне шабылған күмістен ойып алып, жалған қарала жасалатын, яғни темірдің табиғи реңі қарала тәрізденіп көрінеді. Үзенгіге шабылған күміс бетіне безеу әдістерімен түрлі өрнектер жасалып, оған алтын жалату тәсілі де қолданылады. Көпшілік жағдайда темір үзенгінің ешбір өрнекісіз, сол қалпында таға береді.

Үзенгіні ерге тағу үшін қалың қайыстан не былғарыдан екі қабаттап айылбасты үзенгі бау жасайды. Әдетте, үзенгі баудың айылбасты күмістеп те жасайды.

Ер-тоқым құрамына кіретін айылдар ежелден бері жіптен не қайыстан жасалады. Жіптен жасаған айылды халық құр айыл дейді. Мұны жасау үшін түіе шудасынан не ешкі қылынан есілген жіңішке жіптердің бірнешеуін қатарлап, оларды бір-біріне қоса жуан шуда жіппен тігіп, жалпақтығы 2—3 елідей құр дайындайды. Мұның бір ұшына айылбас, екінші жағына жылқы қылынан жалпақ етіп өрілген жырым тігіледі. Қайыстан жасалатын айылдың да бір басына айылбас тағып, екінші ұшын таспалап тіледі де, жырым етіп өреді. Мұндай айылды кейде түгелдей қайыс таспалардан да өреді, оны өрме айыл дейді. Өрме айыл қайыс айылға қарағанда әлдеқайда тәзімді келеді.

Бір ерде екі айыл болады. Бірі — төс айыл, екіншісі — шап айыл делінеді. Шап айыл төс айылға қарағанда ұзындау келеді де, жалаң ердің үстінен тартылса, төс айыл ат көрпесінің үстінен тартылады.

Халық арасында осы күнге дейін сақталып келе жатқан айылдың көне түрі — тартпа. Мұны құрдан да, қайыстан да өріп жасай береді. Мұның айылдан айырмасы оның екі ұшына да арнайы жасалған темір доғабастар тігіліп, бір ұшына ұзын қайыс бүлдірге тағылады. Бүлдіргені екінші доғабастан іліп алып тартып байлау арқылы бекітілетіндіктен, айылдың бұл түрі тартпа деп аталады. Тартпаның ер үстіне келетін жағын қалың былғары тігіп, күмістен әшекейлейді. Доғабастарының бетіне де күміс шауып, геометриялық бейнелермен өрнектейді. Кей уақытта тартпаның өрімі 2—3 бөлек өріледі. Қазіргі күнде тартпа төс айыл есебінде қолданылады.

Ер-тоқым аттың мойнына кетпеу үшін оған құйысқан тағылады. Құйысқан қайыстан не қалың былғарыдан жасалады. Мұндай құйысқандардың бетіне түгелдей құйма күмістен, күмістелген не алтындалған темір әшекейлерден, түрлі түсті тастардан көздер салынып безендіріледі. Мұнымен қатар, өрме құйысқандар да жиі кездеседі.

Өмілдірік — сән үшін тағылатындықтан, қалың былғарыдан жасалып, мол әшекейленеді. Мұны әшекейлеу әдісі құйысқанды әшекейлеумен толық үйлеседі. Өмілдіріктің екі ұшы ердің алдыңғы қасының екі жағына бекітіліп, ортасы атын омырауында тұрады. Өмілдірік ердің кейін сырғымауына да себін тигізеді.

1. Күмістелген ер. Шығыс Қазақстан облысы. Антропология және этнография музейінен. Ленинград
2. Ер-тоқым. Орталық Қазақстан
3. Сүйектелген ер. Маңғышлақ облысы
4. Күмістелген ер. 2, 4-сурет Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен

Қазақ шеберлері жүген жасауға да көп көніп бөлген. Жүген қайыстан, былғарыдан жасалады. Күнделікті шаруаға арналған қайыс жүгендер көп әшекейленбейді. Қайыстан өрлігін өрме жүгендер әсем де мықты болады. Былғары жүгендер, әдетте, алтын, күміс, темір және түрлі шынылар, асыл тастармен молынан әшекейленеді.

Оңтүстік Алтайдағы Пазырық қорғандары мен Орталық Қазақстанда жүргізілген археологиялық қазбалардан табылған жүген қалдықтарына қарап, бұл бұйымның да даму тарихын аңғаруға болады. Дегенмен, жүгеннің кейбір бөлшектері болмаса, жалпы кескіні, негізінен, көп өзгермеген. Енді сол жүген бөлшектерінің құрамын анықтайық.

Жүген негізінен нокта, ауыздық және тізгін, шылбыр сияқты төрт бөлімнен тұрады. Алдымен нокта шығып, кейін оған ауыздық салудың нәтижесінде жүген қалыптасқан. Нокта — екі жақ, бір-бірден милық, кеңсірік және сағақ сияқты бөлшектерден тұрады. Екі жақтың ұзындығы екі түрлі, яғни қамшылар жағындағысы екіншісінен едәуір ұзын болады да, жоғарғы ұшы жылқының желкесінен асып, аттанар жағындағы жақтың жоғарғы ұшындағы айылбаспен немесе тұзақпен ұштасып бекітіледі. Ұзын жақтың жоғарғы ұшын жүгеннің желкелігі дейді. Желкелікті кейде бөлек те жасайды. Мұндай жағдайда екі жақтың да жоғарғы ұштарына айылбас тігіледі. Желкелік арқылы жүгенді үлкейтіп, не кішірейтіп отырады.

Милықты кейде кекілбасар деп те атайды. Мұның екі ұшы екі жақтың жоғарғы ұштарына тігіледі де, жылқының милығын басып тұрады.

Жүген аттын басынан өз бетімен сыпырылмауы үшін оған сағақ жасайды. Сағақ милықтың тұсынан жүгеннің астына қарай тігіледі. Бұл да екі бөлек болуымен бірге бірі ұзын, екіншісі қысқа келеді. Ұзыны жүгеннің оң жағына, қысқасы сол жағына тағылады. Қысқасының ұшына айылбас тігіледі немесе тұзақталып (өрме жүген де) жасалады.

Кенсірік жүгеннің қарсы алдынан екі жақтың төменгі ұштарына жақын арадан тігіледі де, одан төмен ауыздық тағылады. Ауыздық жаққа шығыршық арқылы ұштасады. Мұны сулық дейді. Шығыршық сулықтың жаңарған түрі, ал оның скиф заманындағы немесе Қазақстан жеріндегі алғашқы көшпелілер дәуіріндегі ескі түрі қоладан, мүйізден не ағаштан қайқы қылыш сияктанып жасалған. Оны археологтар пысалдар дейді. Мұндай сулықтың өзгеріскіреген түрін біз Орталық Қазақстаннан және Қазақ ССР Орталық музейінен кездестіреміз. Сулықтың қандай түрі болсын аттын басын оңай бұрып, оны қажет болған бағытпен жүргізу үшін жасалатындығы туралы ғылыми тұрғыда дә-

лелденумен бірге, халық тәжірибесімен де дәлелденген жай.

Тізгін мен шылбыр қылдан есіліп, қайыстан ызылып не өрліп жасалады. Тізгін жішікке болады, оның екі ұшы сулықтарға оңай шешілмейтіндей шиеленіп байланады немесе мүлдем тігіледі. Ал, шылбыр тізгінге қарағанда жуан және ұзын болады. Оның тұзақталған ұшы жүгеннің сол жақ сулығына бекітіледі. Тізгін аттын басын алып жүру үшін тағылса, шылбыр атты байлап қою үшін тағылады. Ұзын шылбыр, әсіресе, жылқышылар үшін өте қажет, өйткені олар түнгі күзетте ұзын шылбырды белбеуіне байлап, ұйықтаған кезде ауыздығы алынған ат несін айналып жайыла береді.

Салт мінілетін атқа қысқы және жазғы жабулар жасалады. Қысқы жабулар Қазақстанның солтүстік облыстарында киізден жасалып, суытылатын немесе таң асырылатын аттарға жабылады. Жазғы жабу, әсіресе, Қазақстанның оңтүстік облысында атты күндізгі ыстықтан сақтау үшін ақ матадан, қолдан тоқылған бір түсті шекпеннен немесе биязды басылған ақ киізден жасалып, ерттеулі атқа жабылады. Жабудың алдыңғы жағын ердің үстінен, кейде тоқым мен ердің арасынан келтіреді, арт жағы жылқының сауырын жауып тұрады. Мұндай жабулар, көбінесе, әшекейленбейді.

Жүйрік пен жорға ұстаған адамдар ат жабуын, мүмкіндігінше, әдемілеп, қызылдан-жасылды шұға мен мақпалдан кестелеп, оюлап, шашақтап әшекейлейтіндігін ХХ ғасырдың басында Маңкыстау өңірінде болған неміс ғалымы Р. Каруц та атап өткен.

Бұрын ірі байлардың ұзатылатын қыздарының мінетін аттарына арнап тігілетін жабулар жоғарыдағыдай қымбат матадан жасалумен бірге, олардың айнала шеттеріне оқа, құндыз тігетіндер де болған. Мұндай жабулар әрі әдемі, әрі аттың мойнына дейін жауып, жан-жағына дейін төгіліп тұратындығы көлемді болады.

Қыздар мен жас келіншектерге арналып ертокымның үстін түгел жабатындай үлкен ат көрпелер жасалады. Бұлар түрлі түсті барқыт, шұға сияқты қымбат маталардан тігіледі де, киізбен астарланады. Дал осындай ат көрпеліні бірі қазір Қазақстанның Орталық музейінде сақтаулы тұр. Мұның жалпы ұзындығы — 1,5 метр, көленені — 0,5 метр. Оның оң жағы үш шаршыдан тұрады. Екі шетіндегі шаршылар қызыл барқыттан, ортасындағысы қара барқыттан жасалған, беттеріне қошқар мүйіз оюлары ойылып жапсырылған, ал қызыл шаршыларға екі қатар оқа жолақтары мен оқалы шашақтар тігілген және жұқа ақ киізбен астарланған. Мұндай ат көрпелер, әдетте, тартпамен бастырылмай, ер үстінен бос салынады, тек пастымен ғана бекітіледі.

Салт ат тұрмандарының құрамына қамшы да кіреді. Мұны кейде ат жүргіш деп те атайды. Керек болған жағдайда қамшы қару есе-

бінде де пайдаланылған. Сондықтан, Ш. Уалиханов қамшыны қазақтың ертедегі қару-жарақ жабдықтарының қатарына қосады. Қару есебінде жасалатын қамшының сабы салмақты, өрімі жуан және ұзын болған. Кейде өрімге темір талшығынан өзек салып та дайындаған.

Қамшы сабын тобылғыдан, ыргайдан, тау ешкісі мен ақбөкен мүйіздерінен немесе елік сирағынан жасайды. Оның қолға ұстайтын ұшын былғарымен қаптап, қайыстан бұдырға тағады. Кейде қамшы сабының сыртын түгелдей былғарымен қаптап, күміспен де әшекейлейді. Сабы күмістелген қамшыны, көбінесе, әйелдерге арнап жасатады. Еркектерге арналатын қамшының сабына темірден бауыр салып, қайыс-таспамен немесе жезбен орап тастайды. Мұндай қамшыны халық арасында с арала қамшы деп те атайды. Қамшының алақаны бірінғай қалып былғарыдан екі қабат болып жасалады. Жалпақ жағынан өрім ұшсады да, екінші жіңішкерген ұшы саптың бауырына бекітіледі. Алақанды сап пен өрімнің арасындағыны дәнекер деп қарауға да болады.

Қамшы өрімі ірі қараның терісінен илеген қайыс таспалардан өріледі. Оны әр түрлі етіп өру үшін таспа саңын 4-тен 32-ге дейін өзгертіп отырады. Таспа саңы аз болса, өрімге өзек салынбайды, өрім жіңішке, төрт қырлы болып өріледі. Ал, көп таспадан өрілетін өрімге қайыстан өзек салынса, өрім өте әдемі және жуан боп шығады. Бұған, көбінесе, бұзау терісі қолданылады. Өзекті қамшы арнайы жасалған аспаппен өріледі. Ол үшін садақ тәрізденіп иілген ағашқа өзекті керіп қойып, оның сыртынан әр түрлі тасіспен таңдайлап өре береді.

Кейде қамшының өріміне қоса, оның сабын да таспадан өріп шығарады. Мұндай қамшылар, әдетте, ұшынан сабына қарай жуандық береді де, сабына темірден өзек салынады. Сап пен өрімнің ұшасатын жерінен пашақ шығарады. Қамшы өрімі жалқы болғанмен, кейде үшке дейін жетеді. Үш өрімді қамшының бір данасы қазір -Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінде сақтаулы. Салт ат тұрмандарының тағы бір қажеттілері — отқа қойылатын аттардың аяған тұсауға арналған: тұсамыс, кісен, өре және шідер.

Тұсамыс пен кісен тек алдыңғы екі аяққа салынса, өре аттанар жақ алдыңғы және артқы аяқтарға салынады. Ал, шідер алдыңғы екі аяқ пен аттанар жақ артқы аяққа салынады.

Тұса м ы с т ы, көбінесе, жіптен, қайыстан, шынжырдан жасайды.

К і с е н — дегеніміз кілтпеніп салынатын темір тұсау. Мұны ұсталар соғады. Кісен аттың қолды болуынан сақтану үшін салынады, әр кісен арнайы жасалған өз кілтпені ғана ашылды.

Ш і д е р қылдан, қайыстан, кейде шынжырдан да жасалады. Ол үш балақ, тұсау және өрен деген тұрады. Тұсаудың жылқы жіңішкіне бекітілетін екі ұшы мен өренің жылқы тілерсегіне бекітілетін кейінгі ұшын б а л а қ дейді. Әр ба-

лақта бір-бір алақан, тиек және балақ баулар болады.

Қ ы л ш і д е р д і н тұсауын, өресін және балақ бауларын жылқы қылынан жеке-жеке дайындап алып құрастырады. Ол үшін, ең алдымен, қылдан жіңішке ұзын тілдер есіледі де, олардан төрт қабатталып, шідердің тұсауын және өресін өз алдына бөлек бұрайды. Тұсаудың екі басы мен өренің кейінгі ұшына ағаштан, мүйізден не сүйектен жасалған тиектер өткізіледі. Өренің алдыңғы ұшын тұзақтап алады да, тұсаудың орта тұсынан бір-біріне өткермелеп бекітеді. Мұндай байлаудың артықшылығы — оның өз бетімен шешілмейтіні, беріктігі және керек болған жағдайда жылдам шешілетіндігі. Бұдан кейін шідердің әр балағына қылдан есілген жіңішке балақ баулар өткізіледі.

Қ ай ы с ш і д е р де сиыр терісінен иеленген қалың қайыстан екі қабатталып жасалады. Қос қабатталған қайыс таспалап тігіледі. Мұндай шідердің тұсауы мен өресі шығыршық арқылы жалғасады. Қалған бөлімдерінің қыл шідерден еш өзгешелігі болмайды.

Ш і д е р д і н ең тауірі өрме ш і д е р л е р. Мұны шебер өрмешілер жұмсақ иленген жүке қайыстан ғана жасайды.

Өрме шідерлердің үш балағы бөлек өріліп біріктіріледі. Бұл үшін алдыңғы екі балақтың арқайсысының бір ұшынан тұтас қайыс алақан қалдырады да, екінші жағынан өрме алақан жұп-жұқа боп шығарылып, екеуі беттеседі. Артқы балақ та дәл осындай болып бөлек жасалады, содан кейін шідердің жұмырланып бөлек өрілген өресіне бекітіледі. Ал, өренің алдыңғы ұшын тұзақтайды, сөйтіп алдыңғы екі балақтың тұйықталған ұштарымен бірінен-бірін откізіп бекітеді. Байланыстырудың мұндай тәсілі оңай орындалумен бірге, өз бетімен еш уақытта шешілмейді, ал жылқышалардың өздері, керек болған жағдайда оны өте жылдам шешіп алады. Кейде шідердің бұл арасын темір шығыршықтармен де ұштастырады.

Өрме шідердің балақ баулары қос қабат жіңішке қайыс таспалардан жұмырланып өріледі. Олар өте әдемі және мықты болумен бірге, ыстық пен суыққа да, ылғал мен суға да тұм, өзтімді келеді. Оның төзімділігін сақтау үшін анда-санда майлап отырады.

Ш ы н ж ы р ш і д е р д і н балақтары қайыстан, тұсауы мен өресі шынжырдан жасалады.

Өре өз алдына жасалмайтындықтан, шідердің алдыңғы екі балағын да жылқының аттанар жақ аяғынан байлап, өре есебінде пайдалана береді. Немесе атты өрелеу үшін жай жіп пен шыбыр да қолданылады.

Сонымен, жоғарыда баяндалған деректерге қарағанда, қазақ халқының ер-тұрман жабдықтарының жасаушы халық шеберлерінің көркемдік талғамының жоғары болғандығын байқаймыз. Ер-тұрмандардың барлық жабдықтарын ойдағдай етіп түгел дайындау ершілерден әр түрлі өнер түр-

лерін меңгеруді талап етеді. Ердің өзін ғана қосу ершінің ісі делік, ал түрлі металдардан жасалатын әшекейлерін дайындау үшін ұста, зергер болу керек. Ал, қайыс немесе былғары жабдықтарын жасау үшін тоқымшылық, тебінгішілік және өрмешілік өнерлерін меңгеру қажет. Мұндай жан-жақты өнер, көбінесе, бір кісінің қолынан келе бермейді, ендеше қазақ ершілерінің арасында ежелден-ақ еңбек бөлісінің болғандығы анық. Бұдан, әрине, осы айтылған қыруар өнер түрлерінің бәрін бір өзі меңгерген, ер-тұрмандарын түгелдей өзі жасайтын ершілер қазақ арасында мүлдем болмады деген ұғым шықпаса керек. Өйткені, ондай он саусағы өнерге толы шеберлер ел арасында жиі кездеседі.

Қазақ халқының ер-тұрман саймандарында жергілікті ерекшеліктердің де болғандығы анықталды. Бұл, әсіресе, ер қосу ісіне тән. Қазақстанда, негізінен, ердің төрт түрі қалыптасқан. Қазақ ер республика жерінің орталығы мен сол-түстік шығысынан батысына дейін қамтыса, қалған үшеуі Манкыстаудан бастап Жетісу өңіріне дейінгі оңтүстік шетін алып жатыр. Бұған қарағанда, бұл үшеуінің, яғни қозықұйрық, құранды және шошақбас ерлердің қалыптасуында Орта Азия халықтарымен іргелестіктерінің де белгілі мөлшерде әсері болуы мүмкін. Бұдан, әрине, жоғарыда көрсетілген ерлер түгелдей көрші халықтардан сол күйінде алынған деген ұғым тұмауы тиіс. Бұлардың бәрінде де кездесетін Орта Азия халықтарының ер-тұрмандарымен кейбір жеке ортақ ұқсастық бар десек те, негізінен, бұл ерлер қазақ халқының колөнерінің ғажайып үлгісі және ұлттық талғамының туындылары деп қарау керек.

Мебельдер мен ыдыс-аяқ жасау өнері

Революцияға дейінгі қазақ халқының өмір жолы көшпелілік, жартылай көшпелілік және отырықшылық жағдайда өтті. Осыған орай, олардың күнделікті тұрмыста пайдаланған ағаштан жасалатын үй іші жиһаздары (мебельдері) мен ыдыс-аяқтары да көш-қонға немесе отырықшылыққа бейімделіп жасалады.

Ағаштан жасалған үй іші жиһаздарының құрамына төсек ағаш, жастық ағаш, жұрлық, кебеже, сандық, әбдіре, жағлан, қант шаққыш тоқпақ, саба аяқ, піспек, астау, табақ, тегене, шара аяқ, тостаған, ожау, қасық, күбі, ағаш шелек, келі, келсап және басқа да көптеген бұйымдар кірді. Қазіргі бұл бұйымдардың арқайсысын дербес жасайтын арнайы маманданған шеберлер болмаған. Олай болса, әр шебер өзінің мүмкіндігіне қарай үй бұйымдарының қайсысын болсын жасаған. Аса шебер ұсталар ағаштан жасалатын үй бұйымдарының беттеріне ою ойып, түрлі түсті бояулармен

өрнек салып, әсемдеумен бірге сүйекпен, әр түрлі металдармен, түрлі түсті тастармен, шынылармен көркемдей білген. Ендеше, мұндай ұсталар темір, мыс, жез, күміс ұстау ісін де меңгерген шынайы өнер иелері болған. Қазақ арасында он саусағынған өнер тамған колөнердің сан-саласын жақсы меңгерген ісмерлер аз болмаған. Кейде ағайынды жігіттердің бірі ағаш ісін меңгерсе, екіншісі темір, үшіншісі күміс ісін дегендей, колөнердің бірнеше саласын игерудің нәтижесінде олар бірігіп, үй бұйымдарының сан алуан түрін аса көркем етіп шығарды, еңбектері де өнімді болды. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында бұрынғы Шымкент уезінде мекендеп, «Бес ұста» атанған ағайынды бес жігіт (Құлжан, Батырқұл, Байлар, Айдарқұл, Құрманқұл) әкелерінен жастайынан жетім қалып, сол өңірдегі ұсталарға қол бала болып жүріп, өнер үйренеді. Батырқұлдың баласы 70 жасқа Нартайдың айтуынша, «Бес ұста», негізінен, ағаш өңдеу, ұсталық, зергерлік өнерді түгел меңгерген адамдар. Бұлардың әрқайсысы өнер бойы, яғни XX ғасырдың 20—30 жылдарына дейін ұсталықты кәсіп еткен. «Бес ұста» — отырықшы жағдайда түсінік шеберлер. Олардың әрқайсысы жылына 5—6 жас шәкірт ұстап, оларға өз өнерлерін үйретіп отырған. Шәкірттеріне ақа төлемеген, шәкірттер де ұстаздарына жалданбаған. Ұстазына көмектесе жүріп, ісі үйренгені мен ішкен-егені дамуына риза болатын да бір жылдан соң өз алдына бөлініп, үйренген шеберлігі бойынша кәсіп етеді. Қолы жеткенде ғана ұстазын қонаққа шақырып, сый-сияпатын көрсетіп, батасын алады екен. «Бес ұстаның» арқайсысынан бір-бір ғана бала болған. Олар: Құлжаннан — Ахмет, Батырқұлдан — Нартай, Байлардан — Пердебек, Айдарқұлдан — Асылбек, Құрманқұлдан — Сейіт. Осылардың Сейіттен басқасы түгелдей әке жолын қуып, ағаш, темір және күміс зерлеу істерін меңгерген. Бұл өнерлі жандар 1930 жылдың басынан бастап колхоз құрылысына белсене араласып, пенсияға шыққанына қоғамдық еңбекпен шұғылданған, яғни колхоз шеберханаларында, дүкендерінде ұсталық құрған.

Нартай ақсақалдың айтуынша, бес ұстаның өнерлі еңбегінің ақысы мардымсыз болса керек. Олардың ағаштан жасайтын үй іші жиһаздарының бір парасы — киіз үйдің сықырлауығы, шаф, жұкаяқ, піспек, төсек ағаш, кебеже, адалбақаннан тұрды. Осы бұйымдардың бәрине бір ат не құнды бие беретін-ді. Комплекстің мұндай құны ешбір әшекейсіз, тек ағаш ісіне ғана төленетін, ал әркім өз жағдайына қарай оюлы, сырлы немесе сүйектетіп, күмістетіп жасатқан десе, ол үшін берілетін төлем молырақ болатын да, оны алды ала келісім бойынша орындайтын.

Шымкент өңірінде ну орман болмағандықтан, үй бұйымдарын жасайтын ағаш табу оныға түспеген, сондықтан Батырқұл бастаған бес ағайынды ұста жігіттер қазіргі Алғабас ауданының

«Алғабас» совхозына қарасты шағын бұлақ басына қоныстанып, тұрақты үй, шеберхана салған, айнала-сына әр түрлі ағаш еккен, ол Байырқұл бағы атанған. Сол бақтың жұрнағы осы күнге дейін сақталған. Айтулы бес шебердің бір жерде тұрып, бірігіп кәсіп етуінің нәтижесінде олардың барлығы бес ұста атанып, жасаған үй бұйымдары осы күнге дейін ел арасында көптеп сақталған. Бес ұста жасаған үй бұйымдарының жоғарыда көрсетілген комплекстігінен бізге кездескендері — асадал, кебеже, жұқаяқ, төсек ағаш және адалбақан. Бұлардың бәрінен де ісі біркелкі, негізінен, түрлі түсті бояулармен өте жақсы өріктелген нағыз өнер туындылары деуге әбден болады. Ол бұйымдарға сәл кейінірек жеке-жеке тоқталамыз.

Көпшілік жағдайда қазақ ұсталары бірікпей-ақ, әрқайсысы жеке-жеке кәсіп еткен. Кей жерлерде мекендейтін шағын рулар ішінде ұсталардың көп болуының нәтижесінде олар сол рудың атымен де аталған. Мәселен, Баянауыл төңірегінде мекендейтін Айдәкөл руының Қоштер деген атысынан шыққан көптеген ұсталарды «Қоштер ұсталары» дейді екен. Бұлар «бес ұста» сияқты бірігіп істемегенмен, қолөнердің сан алуан түрін жете меңгерген жандар еді. Олар ағаш, темір, күміс, сүйек өңдеу істерін меңгерген. Бұлардың ішінде аттары айтрапқа жайылған өнерлі ұсталар қатарына Есалы (XX ғасырдың 20-жылдарында дүниесі салған), оның баласы Әбдікәрім (60-жылдардың ортасында 90-ға келіп дүниесі салған) сияқты айтулы шеберлер де аз болмаған. Қолөнерді арнайы кәсіп етпей, бос уақытында өзі үшін үй бұйымдарының кейбір түрлерін ағаштан жасайтын әуесқой шеберлер де қазақ арасында жиі кездесті. Мәселен, Баянауыл төңірегінде Қақабай Мырзабекұлы (1861—1946 ж.) ағаштан үй бұйымдарын жасауды өзінің қартайған шағында бастап, 1932—1946 жылдар арасында, өз балалары мен келіндері үшін ер қосу мен ыдыс-аяқ және домбыра жасауды машықтаған адам. Бұл кісінің жасаған бұйымдары атақты Мақат ерші мен Есалы ұстаның үлгісімен мінсіз шыбалатын, ешбір қосымша әшекейсіз-ақ қайың безінің өңін мұқият өңдеу, өсімдік майың бірнеше қайтара үстемелеп сіңіре жағу арқылы ғана ағаш бұйымының әдемілігін қамтамасыз етіпті. Арнайы шеберханасы болмаған екен, үйде отырып-ақ қарапайым, көңілге қонымды, көздің жауын алатын әдемі бұйымдарды асықпай, баппен істей білген.

Қазақстанның солтүстік ағашты аудандары мен Жетісу өңіріндегі қалаларда, қазақ-орыс станцияларында және орыс деревняларында көп жылдар бойы жалда жүрген қазақ жігіттері балташылық өнерді үйреніп, қазақ арасында орыс үлгісімен ағаштан үй салды, ағаш төсек, асадал, сандық сияқты бұйымдар жасаған. XIX ғасырдың екінші жартысында қарағай бөренелерінен қиыстырып, ағаш үй салатын маманданған балташылардың қазақ арасында көп болғандығын М. Шорманов еңбегінен де көреміз. Оның айтуынша, Баянауылдан

шыққан балташы қазақ жігіттері, тіпті, Павлодар қаласында орыстарға үй салумен де айналысқан екен.

Мұндай шеберлер Семей, Өскемен төңірегінде де болған. Мәселен, 1956 жылы Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданынан біз кездестірген 96 жасар карт балташы Рахымбай Кегенбаев (ел арасында Қоныр-Ақай атанған) өткен ғасырдың 70-жылдарында Өскемен қаласындағы орыс балташыларының артелінде 15 жылдай істеп, ағаштан үй салу, көптеген үй бұйымдарын жасау өнерін үйренген соң, 30 жасында еліне қайтып, Сібе болысында қазақ байларына ағаш үй салумен көп жылдар бойы айналысқан. Р. Кегенбаев ағаш үй салумен бірге, стол, асадал, күбі, арба, шана, тігасған, тырма, төсек ағаш, жұқаяқ, кебеже жасапты. Р. Кегенбаевтың қиыстырып салған ағаш үйі де, ыдыс-аяқтары, үлкенді-кішілі жиһаздар үлгісімен жасалған. Мұндай шеберлер Зайсан, Жетісу өңірлерінде де болған. XIX ғасырда Торғай, Ақмола және Семей облыстарынан ағаш шеберлерінің көптеп кездескендігі туралы Э. А. Массанов зерттеулерінде де айтылған.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ арасында кең тараған ағаштан жасалатын жиһаздың бірі — төсек ағаш. (Ел арасында «төсек ағаш» атауы «төсөғаш», «кереуест» деп те аталатын болған. Бұдан кейінгі жерде көпшілік арасына кең таралған «төсөғаш» атауын қолдануды мақұл көріп отырмыз.) Жазба деректер мен музей коллекцияларын және ел арасынан өзіміз жинаған деректерді салыстыра отырып жүргізген зерттеу негізінде Қазақстан жерінде кездесетін төсек ағаштардың сыртқы кескініне қарай жіктенгенде, оның бірнеше түрінің болғандығы анықталды. Қазақстанның солтүстік, оңтүстік-шығыс және орталық аймақтарына кең тараған төсек ағаштың ең көне түрінің екі басы тым шалқак және жайдақ болады, төрт аяғы ішке қарай кіріңкі не тік келеді; екінші түрі — өткен ғасырда Қазақстанның шығыс және оңтүстік аймақтарында кездесетін бастары тым шалқак алты не сегіз аяқты төсек ағаштар; үшінші түрі — А. И. Якоби деректері бойынша, Омбы мен Павлодар төңірегінде кездесетін бір жақ басы тым шалқак, аяқ жағында мүлде сүйеніші болмайтын қушетқа тәрізденген төсектер; төртінші түрі Торғай өңірінде кездеседі. Оның тіп-тіп төрт аяғы және екі басы әлдеқайда қысқа болумен бірге, сәл ғана шалқактаншы барып жоғарғы жағы имкетеу келеді; бесінші түрі — Ақтөбе атырабынан кездесетін бастары тұзу ағаштан жасалып, сәл ғана шалқак орналасатын төсектер, алтыншы түрі — Семей, Өскемен төңірегінде кездесетін төрт аяқты, үсті жазық, екі басында бір сүйемдей ғана тік орнатылған сүйеніші бар төсек ағаш; жетінші түрі — Қазақстанның солтүстік-шығысында кездесетін орыс үлгісімен жасалған төсек ағаштар.

Қолда бар деректерге қарағанда, төсек ағаштың осы айтылған түрлерінің әрқайсысында жер-

гілікті және әлеуметтік ерекшеліктер анық байқалады. Жергілікті ерекшеліктер, негізінен, жалпы жасалу тәсілінде, шеберлер ісінің әдісіне байланысты болса, әлеуметтік ерекшеліктер оның бет жағының оюланып, сүйектеліп, күмістеліп безендірілуімен бірге, көксауыр, шұға, асыл тастардың, түсті шынылардың да кенінен қолданылуына немесе ешбір әшекейсіз жасалуына байланысты болған. Жоғарыда айтылған көркемдік ерекшеліктеріне қарай сырлы төсек, оюлы төсек, сүйектелген төсек, күмістелген төсек немесе жай ағаш төсек делініп те атала береді.

Төсек ағаштың барлық түріне тән ортақ ерекшеліктің бірі — олардың бет жағы ғана көркемделетіндігі мен қалған бөліктерінің көркемделмейтіндігі және барлық бөліктерінің өмірге бейімделіп алмалы-салмалы болып жасалағандығы.

Енді жоғарыда сипатталған төсағаш түрлеріне жеке-жеке тоқтайық.

Қазақстанда өте кең тараған төсағаштың бірінші түрі жасалу тәсіліне, бет жағына жүргізілетін ою-өрнек, әшекейлеріне қарай әркелкі келеді. Мұның ең көне түріне зер салсақ, оның үш бөлек ағаштан, екі басы мен ортасын қосатын жалпақ тақтайдан, ал артқы беті екі бас пен арасын қосатын екі ұзын шабақтан тұрады. Екі беттің арасын 6—7 шабақпен қосады. Көлденен шабақтар үстіне ұзыннан бірнеше бос тақтай салады. Ал, көлденен шабақтар санын молайтқан жағдайда ұзыннан төселетін тақтайлардың керегі болмайды, бірақ бірнеше қабат киіз төсеумен ғана шектеледі. Мұндай төсағаштың екі басы қысық біткен төрт ағаш кесіндісінен тұрады. Олардың төменгі жағынан төрт аяқ шығарылады. Жоғарғы бастары көлденен шабақтармен қосылып, төсектің шалқақтау келген екі басына айналады. Төсек бастарының иіні 135—145° шамасындағы доғал бұрыштанып, төрт қырлана немесе жұмырлана шабылады. Тұтас шабылған төсек бастары тым шалқақ болса, аяқтары ішке қарай кіріңкі, ал аяқтары тік болған жағдайда жоғарғы сүйеніштері де тіктеу келеді. Бір-біріне қарама-қарсы орналасатын екі бастың арасын төсектің беті біріктіреді. Бізге кездескен төсағаштың бет жағына кейде ою-өрнек ойылса, енді біреулері түгелдей сүйектеліп, күміс әшекейлермен безендіріледі. Осылардың ең тәуірлеріне арнайы тоқтайық.

Қазақстанның солтүстік-шығыс атырабынан біз көрген үш ағаш төсектің беттері түгелдей сүйектеліп жасалған екен, соның сипаттамасын бере кетелік. XIX ғасырдың соңында Ағзөз төңірегінде ұсталық құрған атақты асхан шебері Ігділік жасаған төсекті оның 70-тен асқан баласының үйінен 1955 жылы көрдік. Бұл төсек ағаштың бет жағы қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының археология музейінде сақтаулы. Төсағаштың екі басы қысық қайыңнан, ал бет жағының тақтайы жалпақ қарағайдан шабылған. Оның үстіңгі жағының ұзын тұрқы 176 сантиметр де, ең төменгі аяқ жағының тұрқы 115 сантиметр, биіктігі 80 сан-

тиметр шамасында. Төсектің бет жағы түгелдей сүйек, күміс, түсті былғары, асыл тастармен безендірілген. Социалықты оюластырылған зергерлікпен сүйек және күмістелген темір әшекейлер ағаш бетіне ойылып орналастырылған, араларынан жиек қалдырылған. Жиектер үстінен күмістен стильденіп құйылған қос мүйіз фигурасы, яғни шеберлер тілінде жиек басар өрнегі шегеленген. Жиек басар өрнегі екі бастың айнала жиегіне түгелдей орнатылған. Төсек бастарының жоғарғы және төменгі шеттеріне, тірсек тәріденген орта тұсына бір-бірден және төсек бетінің ендірек орта жолағының ұзына бойына күмістелген бес оюлы темір текшелер ойыстырылған. Олардың астына көксауыр төселген де төсек бетіндегі бес текшін орталарына түрлі түсті тастардан көз орнатылған. Күмістелген темір текшелер стильденген қошқар мүйіз өрнегімен ойылды. Темір текшелер араларына қиыстырылған сүйек текшелердің беттеріне негізімен түйіскен төрт басты қошқар мүйіз өрнегі ойылып, қызғылт қолны бояумен сырланады, сөйтіп төрт жақ қолтықшаларынан төрт қошқар мүйіз өрнегі шығарылған. Орта жолақтың екі жағындағы тұтасқан ұзын сүйек жолақтар мен төсектің екі басындағы сүйек әшекейлердің беттеріне өсімдік тектес өрнектер ойылып, қызғылт бояумен бояған.

Сөйтіп, бұл төсағаштың бет жағы түгелдей сүйек, күміс, әр түсті тастар, көксауыр былғары және қызғылт, күрән бояу түстерінің орынды алмасуы арқылы өте көркем безендірілген.

Сүйектелген ағаш төсектің тағы бір тамаша үлгісі Өскемен қаласындағы облыстық өлкетану музейінде сақталған. Мұның өзі өте жатық, жалпы кескіні көз тартарлық әдемі мүсінделген. Екі басы түгелдей тік бұрышты сүйек әшекейлермен толық жабылған. Сүйек әшекейлердің әр күміс бүркеншікті мыс шегелермен шегеленген. Әр әшекей бетіне дөңгелектер, спиральдар мен стильденген өсімдік тектес өрнектер сызылған. Сүйек бетіне сызылған өрнектер де, әшекейлердің орналасу тәртібі де, күміс бүркеншікті шегелер де төсағаш бетіне ерекше көрік беріп тұрғандай. Ал, мұны жасаған белгісіз шебердің көркемдік талғамының айтарлықтай жоғары болғандығы ақиқат.

Сүйектелген төсағаштың ендігі бір үлгісі 1960 жылы геологиялық барлау экспедициясы кезінде Балқаш көлінің солтүстік жағындағы Қарауығір тауындағы ескі қыстаулардан табылды. Бұл төсек ағаштың көлемі шағын — ұзын тұрқы 170 сантиметр шамасында. Олай болса, мұндай шағын кереует жасөспірім қыз балаға арналған болар, сірә.

Төсектің біраз тозыңқырағанына қарамай, кезінде оның өте сәнді болғандығы көрініп-ақ тұр. Төсек беті түгелдей әр түрлі әшекейлермен безендірілген. Сүйек әшекейлерді көркемдеуде дәстүрлі қошқар мүйіз оюы мен өсімдік текті және геометриялық өрнектердің аралас қолданылуы, ағаш төсек бетіне ерекше рең беріп, көздің жауын алады.

Қазақ ССР Орталық музейінде ХХ ғасырдың басында қызғылт жеміс ағашынан жұмырланып жасалған өте сәнді төсек ағаш сақтаулы. Ол Жамбыл облысы шеберлерінің қолынан шыққан. Мұның бет жағы 7 бөлек ағаштан шабылып, әрқайсысы ою-өрнектермен жеке-жеке безендіріліп барып қиыстырылған. Екі басы жұмырланып шабылып, бетіне өсімдік тектес ою нұсқасы жүргізілген, бас жағы мен аяқ жағында бірнеше буындықтар жасалған, бас жақтарының үсті жалданып, оюлана жонылған да олардың іш жақ беттері өрнектелген жұмыр ағашпен жалғасқан. Мұның асты-үстіне дөңгелекпен сынар мүйіз бейнелері оюланған. Бұған қоса ойылған тұстарға күміс бүркеншікті шегелер қағылған. Қатты, қызғылт жеміс ағашынан мұқият өңделіп, өзіндік ою-өрнекпен безендірілген осы төсеғаштың бет жағы еш бояусыз-ақ көздің жауын алғандай.

Және бір түрінің негізгі белгісі — төсеғаштың бас жағы бөлек жасалып, ылы тік орналасуымен сипатталады. Мәселен, 1956 жылы Шығыс Қазақстан өңірінен кездескен бірнеше төсеғаштың бет жағы сүргіленіп жасалған төрт бұрышты аяқты рамадан тұрады екен, ал оның ортасына бірнеше ағаш табақшалар қиыстырыпты. Екі басы бөлек жасалып, рамадың жоғары жағынан шалқайта бекітіліпті. Шалқак сүйеніштер мен рамадың қосылатын бұрышына тіреуіш қолтықшалар шегеленіпті. Бұлардың беттері түрлі түсті бояулармен өрнектеліпті.

Төсеғаштың екі басы мен бет жағы тұтас ағаштан шабылып, тік аяқтары бөлек дайындалып орнатылған түрлері Қазақстанның солтүстік-батыс аудандарынан кездеседі. Бұл төсеғаштың шалқак бастары қыздық мойындай иіле шабылыпты. Тұтас ағаштан шабылған бұл төсеғаштың бастары мен орта тұсының беттеріне тұтасынан өсімдік текті өрнектер мен геометриялық фигуралар бедерленіп ойылған.

1959 жылы Жамбыл облысынан сүйеніштері мен сирақтары бөлек жасалып құрастырылған, бет жағы түгелдей нұсқалы ою жүргізіліп көркемделген төсеғаштарды жиі кездестірдік. Бұлардың ұзын тұрқы 200—205 сантиметр, биіктігі 60—70 сантиметр шамасында болып келеді. Төсектің ешбір бөлшегін өңдеуге сүргі қолданылмағаны көрініп-ақ тұр. Соның өзінде шеберлер ісі өте жатық, талғамы жоғары екендігі анық байқалады. Сүйеніштері тым шалқак, сирақтары тік орнатылған. Олардың орнықтылығын арттыру үшін тіреуіш-қолтықшалар қойылған. Мұндай төсеғаштардың бет жағына түгелдей геометриялық фигуралар, стилденген қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, өсімдік тектес ою-өрнектер жүргізілген. Кейбірлерінде түрлі түсті бояулармен әсемдеу де кездеседі.

Жоғарыда айтылған төсеғаш түрінің енді бір тамаша үлгісін 1958 жылы Шымкент төңірегін көптеп кездестірдік. Бұл төсек ағаш үлгісін атақты «Бес ұста» үлгісі дейді халық. «Бес ұста» үлгісінің негізгі ерекшеліктері: біріншіден, шалқак

екі сүйенішінің бөлек жасалып, төсеғаштың жоғарғы жағына темір топса арқылы бекітілетіндігі; екіншіден, бетінің ұзына бойы мен сирақтарының ұзына бойы жұмырланып, бұнақала жонылған білеу ағаштардың жапсырыла шегеленетіндігі; үшіншіден, екі сирақтың да тіктігі, сирақ араларын қосатын 1—2 қатар жіңішке тақтайлардың асты-үстінен кертпе тістер, үш бұрышты не толқынды иректер жасалуында; төртіншіден, бұл төсектің бет жағы мұқият сүргіленіп, өңделумен бірге әрдайым түрлі түсті майлы бояулармен өте сәнді етіліп сырланатындығында. Ою-өрнектің мотиві де сан алуан. Көбінесе, стильденген өсімдік тектес өрнектер мен геометриялық фигуралар, әсіресе, дөңгелектер, үш бұрыштар, ромбылар, әркілі иректер төсеғаш бетіне жарасымды рен береді. «Бес ұстаның» көп қолданатын бояу түрлері — ақ, қызыл, қара, сары, жасыл, қолныр түсті бояулар. Әсіресе, алтын түсті сары бояу қызыл, қара бояулармен қатар қолданылғанда бұйымның көркін енгізеді.

Торғай өңірінен кездескен бір төсеғаш үлгісі жоғарыда айтылған керуеттің төртінші түріне жатады. Оның сүйегі жеңіл, ісі жатық келуімен бірге, жоғарғы сүйеніші мен сирағы біртұтас қисық ағаштан шабылады. Мұндай төсеғаштардың бет жағы, көбінесе, нұсқалы оюлар жүргізу арқылы безендіріледі. Енді бірде мұндай төсектердің бет жағына түрлі түсті бояулармен әр түрлі ою-өрнектер салынады. Көбінесе, ақ, қызыл, сары, көк, жасыл түсті бояулар жиі қолданылады.

Қазақстанның батыс аудандарында төсеғаштың беті түгелдей бедерлі оюлармен көркемделген өте әлемі түр кездеседі. Мұндай төсеғаштардың бет жағы: тұзу ағаштан мүсінделе шабылып, сыртына сәл шалқак орналасатын екі басы мен олардың арасын жалғастыратын ұзын, жалпақ тақтайдан тұрады. Ал, екі бас пен бет тақтайдың қиысатын жоғарғы бұрыштарына мүсіндей жонылған милық ағаштар сәндік үшін шегеленеді. Олардың екі басындағы тақтай бетіне ойылтын бедерлі оюлар бірдей болып келеді. Ендігі екі милыққа ойылтын оюлар бірдей болып келеді. Енді мына милыққа ойылтын оюлар сияқты, орта ағаш бетінің оюлары да өз алдына дербес композиция құрайды. Әдетте, төсектің бет тақтайының ортасына үлкен дөңгелек гүл ойылады. Ойылған оюлар мотиві негізінен өсімдік тектес болып келеді де, стильденген қошқар мүйіз, сыңар мүйіз және әр түрлі геометриялық фигуралармен толықтырылады. Оюлы өрнектер қызыл, қара бояумен боялған.

Осы типте төсеғаштың ең бір жетілген тамаша үлгісін 1972 жылы Ақтөбе облыстық өлкетану музейінен кездестірдік. Төсектің ұзын тұрқы — 2 метр, ені — 115 сантиметр, ал басының биіктігі — 60 сантиметр. Мұның екі басындағы тақтайларының ішкі жақтары өте шебер оюланған. Төсектің екі басындағы ағаштың бет жағына өсімдік сабағындай ойылған өрнек, ал оның үш же-

рінен қысқа сабақты гүл шоқтары өрбіген. Орта ағаш пен екі бастағы сүйеніштердің ішкі беттері төрт басты кошкар мүйіз оюы, ромбы және сегіз бөлекті дөңгелек жұлдыздармен безендіріледі. Ағаштың табиғи түсіне ұқсас ақ сары бояумен боялған мінсіз бедерлі оюлар қаба түр-дің бетінде тым әсем жарасымдылық табады.

Қазақстанның солтүстік-шығысында кездесетін төсөағаштың бесінші түрін дәстүрлі қазақ төсегінің жанарған үлгісі деуге болады. Олай дейтініміз, оның 2 метрдей келетін үстінгі тұрқы түгелдей жазық болады да, екі басының жоғарғы жағынан биіктігі 10 сантиметрдей ғана тік сүйеніш жасалады. Төсектің беті жазғы сүргіленіп, ұзындықтары әр түрлі, ені — 10 сантиметр — төрт тактайдан оюластырылған төрт бұрышты рама жасалған. Оның ортасына орнатылған жалпақ тактайдан бетіне нұсқалы оюлар ойылып, түсті бояулармен өте ұнамды безендірілген.

Бізге бар деректерге қарағанда, Ақмола, Семей, Жамбыл, Алматы төңіректерінде төсек ағаштың кейде ағаш керуест — деп аталатын түрі жасалады екен. Оны ел арасынан осы күнге дейін кездестіруге болады. Бұлардың жалпы кескініне қарағанда, оның үлгісін қазақ шеберлері көрші тұратын орыс ағайындардан үйренген бе деп топшылаймыз. Ал, жасалу тәсілі мен бет жағын безендіру ісінде қазақ шеберлерінің дәстүрлі әдістері анық байқалады. Мұндай ағаш керуесттердің ұзын тұрқы 2 метрден кем болмайды. Екі басы тік болумен бірге, сүйеніштері толық тактайланады. Жалпақ тактайдан жасалып, әр түрлі тәсілдермен безендірілген. Кейде мұндай керуесттердің екі басын бунақтал, мүсіндел те жасайды.


Төсек ағаштың осы түріне қосылатын енді бір тамаша үлгісін 1959 жылы Шу өзені бойынан кездестірдік. Мұның ұзын тұрқы — 200 сантиметр, екі басының биіктігі — 90 сантиметр, ал ортасының сүйеніш бііктігі — 60 сантиметр, керуесттің бет жағына ағаштан бөлек жоңылған оюлар мен геометриялық фигуралар жапсырыла шегеленген. Екі бастарының жоғарғы және төменгі жағы бунақтала мүсінделген, орта тұстарына жоғарыдан төмен қарай тізбектеле бірінесе стильденген кошкар мүйіз бейнелері шегеленген. Бұл керуест әбден тозған көрінеді, нәтижесінде бұрынғы бояулы өрнектерінің ізі де қалмаған, тек ағаш ою-өрнектері ғана сақталған. Соның өзінде оны жасаған шебердің көркемдік талғамы жоғары, нағыз өнер иесі екені байқалады.


Осындай ағаш керуесттің бүктемелі үлгісін 1958 жылы Шымкент облысынан ұшырастырдық. Оның екі басы орыс керуестінің үлгісіндей тік, аркалары тактайдан ойылып жасалған. Ал, артқы беті ортасынан ашпала кесек тәрізденіп жасалған да ортасы бос қалған. Алдыңғы беті ортасынан топса арқылы бүктемелі болып келеді, екі шетіндегі ойымшталған ұзын қазықтары топсамен керуест бастарына бекітілген. Ұзын тұрқы — 2 метр, көлденеңі мен биіктігі 1 метрдей келетін керуестті тез

арада бүктестіріп жиып, бөлек мүлік есебінде арбаға болсын, көлікке болсын артып алып жүре беруге өте қолайлы жасалған дүние. Алдыңғы бетінің негізі екі бөлек жасалған және әрқайсысының орталарына екі-екіден шаршы табақшалар жапсырылған. Екі бастың бетіне стильденген кошкар мүйіз оюы ойылса, беттегі табақшалар геометриялық фигуралардан қиыстырылған. Арт жағындағы бос рамаалардың да, алдыңғы беттерінің де қосылатын тұстарынан сирақтар шығарылғандықтан, керуестті құрған уақытта оның алдыңғы және артқы жақтарында үш-үштен аяқ пайда болып, керуест б аяқты болып шыға келеді. Керуест түгелдей күрең түсті бояумен сырланған. Керуест иесінің айтуына қарағанда, ол XX ғасыр басында жасалса керек. Сонымен, біз Қазақстанның әр өңірінде жасалған төсек ағаштың бірнеше түрлері туралы біраз сөз еттік. Бұлардың басым көпшілігі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жасалған дүниелер. Кейінгі 30 жыл ішінде ел арасынан жинаған деректер мен музейлерде көптеген төсек ағаш үлгілері бар, олардың ішінде бір-біріне егіз қозыдай ұқсастары да аз емес. Сондықтан, біз сол деректерді топтап, жергілікті ерешеліктерін анықтай отырып, жасалу және безендіру тәсіліне қарай мұқият сұрыптау негізінде төсек ағаштың жақсы жасалған түрлері мен үлгілеріне ғана тоқталдық. Осының өзі қазақ шеберлерінің өнер деңгейін жеткілікті түрде көрсетумен бірге, олардың өмір сүрген ортасына қарай қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесін де, көрші халықтармен араласқұраластықтың әсерін де анықтай түседі.

Қазақстанның батыс өңірінде қазда ұсталары жастық ағаштар да жасаған. Құс жастықтың астынан төсейтін жастық ағаштарды, көбінесе, оң жақта отырған қыздарына арнап жасататын-ды. Сондықтан, олардың сыртын түгелдей, сүйенішінің ішкі жағын да оюлап, сырлап көркемдейді. Қолда бар деректерге қарағанда, жастық ағаштың екі түрі болған. Оның ішінде Маңқыстау, Гурьев, Орал, Ақтобе облыстарын мекендейтін қазақтар арасында кенінен тараған түрі — ағаш керуесттің басы тәрізденіп жасалатындары. Оның биіктігі — 60—70, көлденеңі — 90—100 сантиметр шамасында болады. Мұндай жастық ағаштың барлық бөлшектерін біріктіріп тұратын екі қазық бар, ал оның аралары 2—3 немесе бір ғана жалпақ арқалық тактай қосып тұрады, ол жастық ағаштың бас жағы атанады. Оның ішкі жағынан көлбей орналасқан жастық тактай мен бас аралығында пайда болған доғал бұрқыша үш бұрышты қолтықша тіреуіштер орнатылады. Осылайша құрастырылатын жастық ағаштардың сырт жағы тұтас және арқа тактайдан ішкі беті де әр түрлі әдіспен көркемделеді. Нұсқалы оюлар

1. Төсек ағаштың бір жағы. Жамбыл облысы. Қазқ ССР-інің Мемлекеттік Орталық музейінен
2. Оюлған төсек ағаштың бір бөлігі. Ақтобе облыстық музейінен





Оюланған төсек ағаш. Батыс Қазақстан облысы

жүргізіліп, оған қосымша әр түсті бояулармен өрнектеледі. Кейбір жастық ағаштың іші-сырты түгелдей бедерлі оюлармен безендіріледі, ол оюлар эмаль тәрізденген қызғылт сары, терен ойылған түрі ақ, қара түсті бояулармен боялады. Ою-өрнек мотиві зооморфтық, геометриялық фигуралар мен өсімдік тектес өрнектердің әдемі тоғысуы арқылы жасалады.

Жастық ағаштың екінші қарапайымдау түрі бізге 1956 жылы Торғай өңірінен кездесті. Мұның жасалу тәсілі дәстүрлі төсағашқа ұқсас. Бас жағы бөлек дөңгеленіп біткен, астына биіктігі 12—13 сантиметрдей аяқ орнатылған. Жастықтың астына келетін тұсы имектеле сүйірленіп жасалған. Мұның ұзындығы 60—70 сантиметрдей, көлденеңі — 80 сантиметр. Екі жақ бетіне ою-өрнек жүргізілген. Ал, қарама-қарсы беттерінің арасы 3—4 көлденен шабақтармен қосылған. Бетіне жүргізілген ою-өрнек мотиві зооморфтық оюлар мен геометриялық фигуралар. Бедерлі оюлар қоныр, ал түрі қара бояулармен боялған.

Қолда бар деректерге қарағанда, жастық ағаш тек Қазақстанның батыс аймақтарында ғана жасалып, оның өзге өңірінде болмаған сияқты. Мұндай пікірдің дұрыстығын әдеби деректер де растайды. Мәселен, өткен ғасырдың соңында шаруашылық зерттеушісі В. В. Кранихфельд Орал уезінде жастық ағаштардың көптеп кездесетіндігін айтса, үстіміздегі ғасырдың басында Маңғыстау түбегінде болған неміс саяхатшысы Р. Каруц онда төсағаштар мен жастық ағаштардың жиі кездескендігі туралы жазған.

Революцияға дейін Қазақстанның барлық облыстарында көп жасалған қажетті үй жиһаздарының бірі — жүқа аяқ. Қысы-жазы бірдей, киіз үйде болсын, жер үйде болсын іргеде үйіліп жататын жүк атаулының бірі аласа жүқаяқтарға жиналады. Жүқаяқ ылғи ағаштан жасалады. Оның

ұзындығы, негізінен, 90—130 сантиметр, биіктігі 25—30 сантиметр, ені 45—50 сантиметр шамасында болады. Бізде бар деректерге қарағанда, жүқаяқтың жасалу тәсіліне қарай бірнеше түрі болған. Жүқаяқтың да тек бет жағы ғана көркемделеді. Бірде оның бетіне әр түрлі сүйек ашекейлер ойыстырылып, күміс бүркеншікті шегелермен шегеленеді, ою да ойылады немесе түрлі түсті бояулармен де өрнектелетін түрлері де болған. Ал, Торғай өңірінен үш аяқты сырлы жүқаяқты да кездестірдік. Бұлардың аяқтары әркелкі болып мүсінделген.

Мұндай жүқаяқтың біреуін 1959 жылы Арыс ауданынан кездестірдік. Жүқаяқ 4 бөлшектен құрастырылған. Оның үстіңгі ұзын ағашы да, аяқтары да жалпақ. Аяқтары үстіңгі ағаштың екі шетіне қиыстырылған. Екі аяқтың арасы төменгі жағынан жіңішке тақтаймен қосылған. Жүқаяқтың бет жағы түгелдей түсті бояулармен әдемі өрнектелген. Әр бөлшек бетіне жүргізілген ою-өрнектердің композициялары өз алдына бөлек орындалған. Ою өрнекшеліктеріне келсек, екі аяқ беттерінде қошқар мүйіз — геометриялық фигуралар тоғыса орындалған. Үстіңгі жалпақ және астыңғы жіңішке ағаштардың беттеріне өсімдік тектес әдемі ою-өрнек жүргізілген. Ою-өрнектері — жасыл, түрі — көк, жиектері — көк және сары, өсімдік сабағының ұштарынан шығарылған гүлдер — сары, қызыл бояулармен орындалған. Аяқтарының төменгі жақтары тұяқ тәрізденіп мүсінделіп жонылған да қызыл бояумен боялған. Жүқаяқтың ұзын тұрқы 104 сантиметр де, биіктігі 50 сантиметр шамасында жасалған.

Жүқаяқ Қазақстанның барлық облыстарында жасалған. Ағаш ұсталары оны жасауда қыруар еңбек сіңірген. Әрқайсысы өз әліңше көркемдеп жасауға ұмтылған. Әр шебер оны өрнектеп, әдемілеу мақсатымен өзінің таусылмас қиялына да ерік

беріп, өз ісіне көптеген ерекшеліктер бере, жұқаяқтың сан алуан үлгілерін қалдырады. Қазіргі күнде оның басым көпшілігі, әрине, сақталмаған, сақталған үлгілерінің өзіне түгелдей тоқталу да мүмкін емес. Сондықтан, осы арада сөз болған жұқаяқ үлгілерінің өзі қазақ шеберлерінің өнер деңгейін анықтауда жеткілікті мағлұмат бергендей.

Киім-кешек, әр түрлі уақ-түйек бұйымдар сақтау үшін үлкенді-кішілі қол сандық, әбдіре және жағлан пайдаланылған. Үлкен әбдіре-сандықтардың ұзындығы 90—100, биіктігі мен ені 45—50 сантиметр шамасында жұқа қарағай тақтайлардан жасалады. Олардың сырты түгелдей қызыл, жасыл немесе қара бояулармен боялатын да бет жағы жез, күміс, түсті тастармен безендіріледі. Мұндай әбдіре-сандықтардың бір шебердің қолынан шыққан тамаша екі үлгісін 1953 жылы Кеген ауданы «Көлбастау» колхозынан көрдік. Бұлардың жалпы жасалу тәсілі бірдей болғанымен, көркемдеу стилінде, беттерінде жүргізілген ою-өрнектер мен күміс әшекейлердің айтарлықтай өзгешеліктері байқалады. Екеуіне де ортақ көрініс — әбдіре-сандықтардың бет жақ жиектеріне айнала жүргізілген дөңгелек жіншіке жез және күміс жолақтар. Мұның біреуінің беті екіге бөлініп, олардың әрқайсысына шеңбер жасалған. Шеңбер ортасына қызыл тас орнатылып, айналасына құйма күміспен ұшқан құстың, ашылған кітаптың, жорғалаған қонғыздың бейнелері салынған. Ал, екіншісінің беті үш үлкен текшеге бөлінген. Екі шеткі текшенің ортасына жүрек тәрізді қызыл түсті тастардан көз орнатылған. Ортадағы текше үшке бөлініп, ең ортасына 8 гүлді дөңгелек күміс жұлдыз орнатылған. Қалған үш бұрышты, төрт бұрышты дөңгелек құйма күміс әшекейлер жоғарыда айтылған көздер мен дөңгелек жұлдыз төңіректеріне симметрия заңдылығын сақтай әдемі орналастырылған. Екеуіне де құлып салуға арналған күмістелген темір ілгектер орнатылған. Олардың әдемі жасалғаны сондай, сандық беттеріндегі әшекейлердің композициялық тұтастығын бұзбайтын бөлімбес бөлшегі ретінде орындалған. Әбдіре-сандықтың тағы бір тамаша үлгісін 1959 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданы «Жайылма» совхозынан көрдік. Шебер Есболов Сабденбек осы сандықты соғыстан кейінгі жылдары қызана арнап жасапты. Ол жастайынан қолөнерді кәсіп еткен және дәл осындай әбдіре-сандықтарды революция қарсаңында да жасаған көрінеді. Мұның ұзыны — 1 метр, ені мен биіктігі — 48 сантиметр. Ағаш ісі де жатық, жұқа қарағай тақтайлар мұқият сүргіленіп, сырты жасыл бояумен түгел боялған, бет жағы тұтас қызыл шұғамен тысталған, бетіне алтындай жарқыраған сары жезден қошқар мүйіз оюлар жүргізілген. Сандық бетінің әр жерінде күмістен 15 дөңгелек көз және дәл ортасына үлкен бес жұлдыз бейнесі жасалған. Осы түйіме тәрізденген көздердің бірнешеуін алып тәртіптен бұрау арқылы әбдіре-сандық ашы-

лып-жабылатын етіп, оның ішкі жағынан құпия құлып жасалған. Әбдіре бетіндегі күміс түймелер мен ашық сары жез, қызыл шұға түстері бір-бірімен әдемі үйлесім тауып, ерекше рен беріпті.

Жағлан — Қазақстанның оңтүстік өңірін XVIII—XIX ғасырларда кең тараған, киім-кешек салатын сандықтың көне түрі. Жағланның кей-бір тамаша үлгілері қазірге дейін Шу бойын мекендейтін елдерде кездеседі. Түркістан, Алматы музейлерінде де сақталған. Негізінен, жағландар әбдіре-сандық сияқты үлкен емес. Оның ұзындығы 60—70 сантиметр, ені мен биіктігі 30—35 сантиметр шамасында болады. Жағланның негізі жұқа тақтайлардан құрастырылып, сырты түгелдей қалың былғарымен қапталды, тек бет жағы ғана әр түрлі әдіспен көркемделеді. Жағланның ең көне түрлерін біз 1959 жылы Шу бойынан кездестірдік. Оның ағаш негізі бір-бірімен қайыс таспа арқылы бірігіп, сырты оюланған қалың қара былғарымен қапталған. Қошқар мүйіз, қос мүйіз, сынар мүйіз оюлары жүргізіледі. Жағлан бетінің дәл ортасынан дөңгелек, екі шетінен жапырақ тәрізді дөңес көздер көксауыр былғарыдан ойыстырылады. Төрт бұрышындағы дөңгелек жұлдыз тәрізденіп бастырылған өрнектің ортасында күміс көздер болады.

Осы тектес тағы бір жағлан қызғылт былғарымен қапталыпты. Сыртқы беті ромбыланып торланған, екі үлкен текшелердің ортасына күміс көздер орнатылған. Әр ромбының қиылысатын бұрыштарына күміс бүркеншікті кішкене шегелер қағылып көркемделген. Осы екі жағлан қақпақтары әбдіре қақпағы сияқты емес, кебеже қақпағы тәрізденіп жасалған. Соған қарағанда, бұлар кемінде бұдан 100—150 жыл бұрын жасалған болу керек. Жағланның суретін 92-беттен қараныз.

Жағланның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында әбдіре-сандық үлгісімен жасалған түрін Мерке, Жамбыл аудандарынан кездестірдік. Дәл осындай жағландар Қазақстанның Орталық және Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейлерінде сақталуы. Бұлар кезінде Талдықорған, Жамбыл облыстарынан табылған бұйымдар. Осы жағландардың жасалу тәсілі, көлемі, материалы мен көркемдеу тәсіліне қарағанда, бәріне тән ортақ ұқсастықтар көп. Сондықтан да, оларды белгілі бір шебердің қолынан шыққан нағыз өнер туындысы деуге әбден болады. Бұл жағландардың сүйегі қарағай тақтай екен, тек қолдан жасалған шегелер арқылы құрастырылған. Сырты түгелдей қалың қоңыр түсті былғарымен қапталып, бет жағына стильденген қошқар мүйіз, қос мүйіз оюлары бедерленген. Оған қосымша үш жерден ортасында қызыл тастары бар үлкен-үлкен үш дөңгелек күміс гүл шоқтары бейнеленген. Жиектері мен бұрыштары әр түрлі күміс әшекейлермен безендірілген. Жағланды құлаптауға арналған темір ілгектің бет жағы күмістеліп, төрт жерден қызыл тас орнатылған.

Жағлан жасайтын қазақ шеберлері XVIII—XIX ғасырларда Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңірлерінде көп болған. Жағланға қажетті сапалы былғары мен күміс табу оңай болмаған, оларды тек сен қуған аukatты адамдар ұзатылатын қыздарына арнап, өз материалдарынан жасатқан.

Қазақстанның барлық аудандарында ежелден бері көп жасалған бұйымның бірі — қол сандық. Қол сандықтарды бой жеткен қыздарға арнап жасататын, ол ұзатылғанда жасау құрамына енеді. Олай болса, қол сандықтар бой жеткен қыздар мен жана түскен жас келіншектердің еншісіндегі өте сәнді бұйымдардың бірі. Оның көлемі де шағын (ұзындығы 45—50 сантиметр, ені 25—30 сантиметр, биіктігі 15—20 сантиметр шама-сында) болатындықтан қыз-келіншектердің инежіп, айна-тарақ, әтір, сабын сияқты уақ-түйек бұйымдардан сақтауға арналады.

Көпшілік қауымның жасататын қол сандықтары тек ағаштан ғана мұқият өңделіп, бір түсті бояумен сырланып жасалады. Сән қуған кісілер қол сандық беттеріне нұсқалы, бедерлі оюлар ойғызып, түрлі түсті бояулармен сан қилы ою-өрнектер салғызады. Бұған қоса неше түрлі шұға, асыл тастар, сүйек пен күміс әшекейлерін кеңінен пайдаланатын болған. Әрине, қазіргі күнде қарапайым қол сандықтар сирек ұшырасады. Ел арасында да, музейлерде де қол сандықтарын өте әсем көркемделген қымбат үлгілері ғана сақталған. Сондықтан, біз бұл арада бетіне жүргізілген ою-өрнектері, әшекейлері бір-біріне ұқсаймайтын нағыз өнер туындысы ретінде танылатын қол сандықтардың бірнеше үлгісіне қысқаша сипаттама беруді жөн көрдік.

Қолда бар алты қол сандықты көркемдеу ерекшеліктерін қарай төрт топқа бөлуге болады. Бұлардың ішіндегі бірінші топқа жататын ең тәуірі — сырты түгелдей сүйектіліп көркемделген Ақтөбе өлкетану музейінде сақталған қол сандық. Оның төрт жағы түгелдей, қақпақтын төрт жиегі мен төбесі толығымен түйе сүйегінен кесілген әр түрлі әшекейлермен өрнектелген. Қол сандық жиектеріне қиыстырған сүйек әшекейлердің бетіне қос мүйіз оюлары жүргізілген. Алдыңғы бетіне үш үлкен шаршы ойыстырылған. Олардың араларында, астыңғы жағында шебер киюластырылған әшекей беттерінде әдемі оюлар бар және астына жез немесе шұға төселген. Қол сандық ішкі құлыппен ашылғып-жабылады. Ондағы әр түрлі сүйек әшекейлердің қиысу тәртібі де, әшекей беттерін жүргізілген ою-өрнектер де симметрия заңдылығын мұқият сақтай орындалған.

Екінші топқа бет жағы түрлі түсті бояулармен әдемі өрнектелген қол сандық жатады. Мұны біз 1956 жылы Ақтөбе облысының Темір ауданынан кездестірдік. Мұндағы ою ерекшеліктері өсімдік тектес өрнектер мен стильденген зооморфтық оюлардың етене тоғысуымен сипатталады. Қол сандық бетіне жүргізілген ою-өрнектер симметриялы

екі бөлек суреттен тұрады. Олар бірін-бірі толықтырып, бірлікте жасалған. Ою-өрнектер, олардың ішкі-сыртқы түрлері, айнала жиектері қоңыр, жасыл, көк және қара бояулармен асқан ұқмыстылықпен боялған.

Үшінші топқа жататын екі қол сандықтың алдыңғы беттері ғана өте күрделі. Өсімдік тектес және геометриялық фигуралар бейнесінде бедерлі оюлар ойылып, түрлі түсті бояулармен нақышталған. Қол сандықтын айнала жиегіне өсімдік тектес ою нұсқалары ойылған. Ол ақ, қызыл, жасыл бояулармен боялса, ою арасынан көрініп тұратын терен тұра қара бояумен боялған.

Төртінші топқа жататын екі қол сандықтың алдыңғы беттеріндегі өсімдік тектес және зооморфтық оюлар әр түрлі геометриялық фигуралар бір-бірімен айкасып жатады да, ақ, қызыл, жасыл, сары, қоңыр түсті бояулармен бояу арқылы бір жазықта ойылған оюларды 2—3 қатар деңгейде ойылғандай етіп көрсетеді. Біреуінің алдыңғы бетінің төменгі және жоғарғы жиектеріне төрт-төрттен өрнектелген сүйек әшекейлер орнатылса, екіншісінің жоғарғы екі бұрышы мен ортасына дөңгелек айна қойылады. Жалпы, бұл қол сандықтардың ұқсастығын аңғартатын ерекшелігі сол — олардың ою-нақышының ортақтығы, оюлардың ірі көлемде орындалуы және жалпы көрінісінің жоғарыда сипатталған басқа қол сандықтарға қарағанда қарапайым келетіндігі.

Осы сипатталған қол сандықтардың бірі де Батыс Қазақстаннан табылған өнер туындылары. Бұдан, әрине, Қазақстанның өзге аудандарында қол сандықтар жасалмады деген ұғым тұмауы керек. Қол сандықтын алуан түрі Қазақстанның барлық аудандарында жасалған, көркемделуінде айтарлықтай ерекшеліктер де болған. Оған Қазақ ССР-інің мемлекеттік Орталық жетекші Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің мемлекеттік өнер музейінде сақталған қол сандық түрлері дәлел бола алады.

Қазақ ежелден азық-түлік сақтауға кебе же не пайдаланған. Ол Қазақстанның барлық аймақтарында кеңінен тараған. Бір қызығы, кебеженің жалпы кескіні мен жасалу тәсілі барлық жерлерде бірдей деуге болады. Бірақ, олардың бет жағын көркемдеу тәсілі әр түрлі, бірсыпыра кебелерден жергілікті ерекшеліктер анық байқалады. Кебеже — кімге болсын өте қажет бұйым. Сондықтан, ағаш ұсталары оны, көбінесе, ешкімнің тапсыруынсыз-ақ көптеп жасап, шетінен алушыға сата береді екен. Мұндай кебелерді онша көркемдемейді. Өйткені, ою-өрнекпен безендіріліп, көркемделген кебелер қымбат болады, оны сатып алуға көпшілік халықтың мүмкіндігі де болмағен. Ал, сен қуған аukatты адамдар ел ішіндегі ең айтулы ұсталарға арнайы тапсырып, тіпті, ақсын да алдын ала беріп, кейде шеберді өз ұйымен шақырып, кебегені оюлатып, сүйектітіп, күмістітіп те жасататын болған.




Орта есеппен кебеженің ұзындығы 70—90, биіктігі —40—50, ені 40—45 сантиметр шамасында жасалады. Кебеженің төрт қабырғасы, түбі мен қақпағы төрт қырлы төрт қазық арқылы біріктіріледі. Мұның тек бет жағын ғана әсемдейді, ал артқы беті мен екі жанын кейде қызыл, жасыл бояулармен бояп қойғаны болмаса, басқадай әдіспен көркемделмейді. Кебеженің бет жағына келетін екі қазық беттері, оның басы мен аяқ жағы да мүсінделе көркемделеді. Қолда бар деректерге қарағанда, Қазақстанның орталық, солтүстік-шығыс аудандары мен Сырдарияның төменгі ағысын мекендейтін қазақ жұртшылығында сүйектелген кебелер жиі кездеседі. Бұлардың өзі көркемдеу әдісіне қарай өзара ерекшеленеді. Сырдария бойында кездескен сүйектелген кебелердің беттері түгелдей әр түрлі геометриялық фигуралар формасында жонылып, өрнектелген сүйек әшекейлермен жабылған.

Сүйектелген кебеженің тағы бір түрін Торғай өңірінен көрдік. Мұндай кебеже бетінің үстіңгі және астыңғы жиегіне, екі басына 12 тік бұрышты сүйек әшекейлері зергерлікпен киюластырылған. Бұлардың астына қызыл шұға төселген. Кебеже бетінің ең ортасына үш жерден төрт-төрттен біріктірілген сынар мүйіз тәрізденіп жонылған сүйек әшекейлер орнатылған. Әрбір сүйек әшекейдің беттерінше ортасында нокаты бар шағын шеңберлер сызылған.

Сүйектелген кебеженің тағы бір әдемі түрін Семей облысынан кездестірдік. Бұл кебеже бетінің айнала жиегіне нәзік ойылған сүйек әшекейлер тұтас жүргізілген. Кебеже бетінің ортасына стильденген қошқар мүйіз, сынар мүйіз, өсімдік тектес, ұшқан құс бейнесіне ұқсас оюларды сүйектен ойып, кебеже бетіне күміс шегелермен шегеленген. Мүқият өңделіп, бірнеше қайтара өсімдік майы жағылған қайыңның табиғи түрі мен ақ сары сүйек түстері өте жақсы үйлесім тауып тұруының өзі оны жасаған шебер талғамының жоғары болғандығын таңытады.

Кебеже бетін оюлап, сырлап көркемдеуде Қазақстанның батыс аудандарындағы халық шеберлерінің өнері өз алдына бір төбе. Бұл кебелердің ою-өрнек мотиві, негізінен, өсімдік тектес болғанымен, геометриялық және стильденген зооморфтық өрнек элементтерімен де толықтырылады. Әдетте, ою-өрнектер көк, ақ, қызыл, жасыл бояулармен боялады. Ал, түрі, көбінесе, қоңыр, ашық қоңыр түсті бояулармен боялып, ою-өрнек жүйесі айқын көрінетіндей болып жасалады. Кейбір кебелердің ағаш ісі мүқият өңделіп, оның беттері сырланбай, тек мінсіз ойылған ою-өрнек күйінде қалдырылады. Осы кебелердің қай-қайсысының болсын ою-өрнектерін орындауда симметрия заңдылығы мен композиция тұтастығы берік сақталған.

Кебеженің бетіне түгелдей ою ойылып, бірақ боялмайтын түрі де Қазақстанда жиі кездеседі. Бізде мұндай кебеженің бірнешеуі туралы нақтылы



Кебелер. Шу бойы
Сүйектелген кебеже. Семей облысы

деректер бар. Олардың әрқайсысы Қазақстанның әр өңірінен кездесті. Бұлардың бәрінің сырты түгелдей мұқият өңделіп, бет жағына симметрия заңдылығын сақтай отырып, өсімдік тектес, геометриялық және символдық бедерлі оюлар ойылған. Бірінші бет жағына түгелдей әр түрлі бедерлі геометриялық фигуралар ойылса, екіншісінің беті түгелдей тек үш бұрышпап ойымшталған.

Кебеже беттеріне сырмақ, текемет оюларын ойып жасайтын шеберлер де болған. Мұндай кебезелердің ою-өрнегі, негізінен, стильденген қошқар мүйіз, қос мүйіз болып келеді, кейде өсімдік тектес өрнектер де ұшырасады.

Кебеженің бетін түгелдей түрлі түсті бояулармен безендіру әдісі Манкыстау, Шымкент және Жетісу өңірлерінде жиірек кездеседі. Шымкент өңірінен атақты «бес ұста» жасаған кебезелердің сан алуан үлгілерін көзімізбен көрдік. Бұлардың кейбіреулерінің бетіне жұмырлап мүсінделген жиектер шегеленіп, ортасына 2—3 төрт бұрышты табақшалар орнатылып немесе кебеже бетінің жоғарғы және төменгі жиектеріне қос мүйіз оюлары ойылып безендіріледі екен. Ал, түсті ақ, қызыл, жасыл, көк, қоңыр, қара, сары түсті бояулармен көркемделеді. Ою зооморфтық, геометриялық және символдық өрнектердің орындау тоғысуы арқылы әдемі орыдалған, XX ғасырдың басында жасалған кебезені Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданынан кездестірдік. Бұл кебезенің ағаш ісі өте жақсы жасалған екен. Оны ондеуде сүргінің қолданылғаны көрініп тұр. Мұның бет жағы алты көзді терезе кәсігі тәрізденіп жасалған. Көз деп отырғанмыз бөлек орнатылатын төрт бұрышты табақшалар. Табақшалар көк, қызыл, жасыл бояулармен боялып, беттеріне гүл жапырақтары салынған, олардың айналасына нүктелі символдық дөңгелектер жүргізілген. Кебеже бетінің айнала жиектері мен орта ағаштарының бетіне сынар мүйіз, қошқар мүйіз және геометриялық фигуралардан тұратын өрнектер түсті бояулармен салынған. Жалпы, кебеже ісі жатық, симметрия заңдылығы берік сақталған.

Жоғарыда сипатталған сан алуан кебезелердің ішінде дәстүрлі сипаты, жасалу ерекшелігі, көркемдік стилі жағынан болсын өзгеше орын алатын кебеже Қазақ ССР Ғылым академиясының археология музейінің қорында сақталған. Бұл кебеже 1959 жылы Шыу бойындағы ел арасынан табылды. Мұның бет жағы тұтас өрнектелген. Төрт бұрышында күмістелген төрт дөңгелек дөңес жұлдыз бар. Олардың арасы кебеже бетінің шығын құрайды. Жұмырлана жоңылып, тұтас жал шығарылған беттің ортасына үлкен иірімді дөңгелек жұлдыз ойылған. Енді оның ортасына күмістелген дөңес дөңгелек темір жұлдызша орнатылған. Кебеже беті бедерлі оюлармен өрнектеліп, түсті бояулармен көркемделген. Ою мотиві зооморфтық, өсімдік тектес және символдық өрнектердің араласа, бір-бірін толтыртыра орналасуымен

сипатталады. Ортадағы үлкен иірімді жұлдыздың екі жағындағы бір-біріне ұқсас оюлар, айнала жүргізілген жиектер, оның бойына жасалған шағын жұлдыздар кебеже бетіндегі ою-өрнектің композициялық тұтастығын қамтамасыз етіп тұр. Кебеже иесінің айтуына қарағанда, бұл кебеже XIX ғасырдың соңында жасалса керек. Оны жасаған ұста-ның шеберлігі мен талғамының жоғары болғандығын кебеже иесінің өзі-ақ көрсетіп тұр.

Сөйтіп, жоғарыда сипатталған кебезелердің жалпы жасалуы мен кескіні-пішінінде көп ұқастық бар. Сондай-ақ, олардың көркемделу тәсілдерінде де айтарлықтай жергілікті ерекшеліктердің болғандығы байқалады. Кебеже жасауда да Қазақстанның әр өңірінде қалыптасқан дәстүрлі өнер мектебінің болғандығы шындық.

Бідүс-аяқ сақтау үшін ағаштан жасалатын бұйымның бірі — а с а д а л (шкаф) Қазақстанның барлық өңірінде кездеседі. Қолда бар деректерге қарағанда, асадалдың дәстүрлі бірнеше түрі болған. Оның ең көнесі қазіргі тұмбочка тәрізденіп енінен биіктігі артық болып жасалса, екінші түрінің ені мен биіктігі шамалас келеді. Үшінші түрінің биіктігі кебежедей ғана болады. Ал, ені биіктігінен 1,5—2 есеге жуық артық, ұзынша болып жасалады. Енді төртінші түрі қазіргі buffet тәрізденіп жасалатын асадалдар.

Тұмбочка тәрізді биіктіке асадалды оның ең көне түрі деуіміздің себебі бар. Біріншіден, олардың көлемі көш-қонға қолайлы келеді, онша үлкен болмайды (100—100 см×60—70 см), екіншіден, оны көркемдеу тәсіліне нұсқалы ою, күмістеу, сүйектеу дәстүрі жиі кездеседі. Мәселен, кезінде Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарында мекендейтін ел арасынан табылып, қазір Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық, Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер және Қазақ ССР Ғылым академиясының археология музейлерінде сақталған асадалдардың беттері түгелдей сүйектеліп, күмістелген. Олардың екі не бір ашпалы есігі, көлденең суырмалары болады. Іші бірнеше сөреге бөлінеді. Осындай асадалдардың енді бір үлгісің Оңтүстік Қазақстаннан тапқан едік. Атақты «бес ұста» жасапты. Аталмыш асадалдарға сыртқы кескіні ұқсағанымен, көркемдеу тәсілі, тіпті, өзгеше. Ең алдымен, бұлардың есігі алдының жағында емес, бір жақ жанында. Бір ашпалы. Біркелкі бояумен сырланған. Ал, алдының беті түгелдей түсті бояулармен өрнектелген. Қос мүйіз, өсімдік тектес, геометриялық фигуралар, символдық өрнектер көз тартады. Қызыл, сары, қара, қоңыр бояулар алмасып отырады.

Сыртқы кескіні төрт бұрышты асадалдың көлемі 100×100 сантиметр. Екі ашпалы есігі, жоғарғы жағында суырмасы бар.

Мұндай асадалдардың нұсқалы оюлар ойылып, сүйекпен көркемделген үлгілерін Жамбыл облысынан, ал бетіне өсімдік тектес өрнектер салынып, боялған үлгілерін Қазақстанның батыс аудандарынан кездестірдік. Тұрқы ұзын әрі аласа аса-

дал үлгісін Семей, Орал облыстарынан, Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музей қорынан көруге болады. Бұлардың арасынан бет жағы бедерлі оюмен оюланған, бірнеше суырмалы түрі де кездіреді. Алдыңғы екі аяғы мүсінделе жонылып, бет жағында қондырма ою-өрнегі бар, темір әшекейлері күмістелген түрін Семей төңірегінде ұшырастырдық. Мұның бір ашпалы қақпағы бар, топсалы есік сияқты ашылып-жабылады.


XX ғасырдың басында Көкшетау өңірінде жасалған буфет тәріздес асадалды «Сырымбет» сохызынан таптық. Мұның ені—113, көлденеңі—60, биіктігі—110 сантиметр. Бұл асадал үш бөліктен тұрады деуге болады. Ең асты кебеже сияқты, бар ыдыс-аяқ қоятын жабық сөрелер орналасқан, ал оның үстіне ашық сөре жасалыпты. Түрлі түсті бояумен ою-өрнек жүргізілген. Асадал иесінің айтуынша, астыңғы жағына азық-түлік сақталып, кебеже ролін атқарса, үстіңгі екі бөлігі ыдыс-аяқ сақтау үшін пайдаланылады екен. Асадалдың арқалығы қалыңдау тақтайлан жасалған. Сол арқалықтың ең үстіңгі—қыр арқасы және асадалдың жоғарғы бөліктерінің екі қаптал ағаштары толқанды өрнекпен бітеді. Ал, асадалдың бет жағы, екі жаны төрткілденген. Және бір зер саларлық жай: төрткіл ішіне қауазын жарған гүл тәріздес ою бедерленіп, айналасына қошқар мүйіз өрнек жүргізілген. Ал, астыңғы және екінші ортаңғы бөліктің екі жанындағы төрткіл ішіндегі шеңберге сегіз бұрышты жұлдызша сабақтары түйістірілген алты жапырақ ақ фонға әр түрлі бояумен салынған.

Асадалдың ең үстіңгі ашық бөлігіндегі ою-өрнектер де көңіл аударарлық. Маңдай бетіндегі қос мүйіз оюлар түрлі түсті бояулармен өз ренкін, өз нақышын тапқан. Асадалдың жасалу формасына қарағанда, қала шеберлерінің әсері, ықпалы анық байқалады.

Ағаш ұсталары ыдыс-аяқ жасауға да айрықша ден қойған. Соның ішінде қымызға арналған түрлері назар аудартады. Негізінен, бұл ыдыстарды қайыңнан, табылып жатса, оның безінен жасауға тырысатын. Өйткені, қайың мықты келеді. Мүқият өңдеген қайың, әсіресе, оның безі қара шұбарланып, қосымша әшекейсіз-ақ әдемі болады. Шеберлердің айтуынша, әбден келкен қайыңда бөтен иіс те, шайыр да болмайды, сондықтан оған құйылған қымыздың дәмі де бузылмайды.

Қымызға арналған ағаш ыдыстар: тегене, ожау, шара, сапты аяқ, тостаған, күбі, піспек. Ел ішінде бұл ыдыстардың түрлері күнделікті өмірде кенінен пайдаланылса, оның сәнделіп жасалған ғажайып түрлері де аз болмаған.

Тегене — үлкен дөңгелек, шунғыл ыдыс. Сабадағы қымыз осы ыдысқа құйылады. Сыйымдылығы да мол, орта есеппен 10—15 литр еркін келеді, әрі құйылған қымызды сапырып отыруға ыңғайлы. Әдетте, тегенелердің іші-сырты мүқият өңделіп, сыртына ою-өрнек ойылады. Сүйек не күмістелген темір әшекейлермен әр түрлі асыл



Күбі. Ақтабе облыстық музейінен

тастармен безендіріледі. Кейбір тегенелердің қақпағы ағаштан жасалып, күміс әшекейлермен көркемделеді. Тегенеге құйылған қымызды сапырып, аяқ-аяққа күйеу үшін ағаш ожау қолданылады. Қазақ арасында қымыз сапыратын ожаудың екі түрі жасалды. Оның ішінде Қазақстан жеріне ең көп тараған түрі — ұзын сапты ағаш ожау. Мұндай ожаудың сабын сүйектеп, күмістеп, оюлап безендіретін болған. Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс аудандарында ожаудың қысқа сапты түрі де кездеседі. Ожаудың қай түрі болсын, мүқият өңделіп, сырт пішіні әркілкі жасалады. Қымыз ішуге арналатын үлкеңді-кішілі шара, сапты аяқ, тостаған сияқты ыдыстарды да қайыңнан шауып, кейде сыртына ою ойып, күмістеп безендіреді. Байнауылдың атакты ұстасы Әбдікәрім Есалинов жасаған күмістелген тостағанның тамаша үлгісі қазір Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінде сақтаулы.

Қазақстанның қай өңірінде болса да, ағаш шеберлерінің көптеп жасайтын ыдыстары ет тартауын жайпақ табақтар мен сопақталып шабылатын шұңғыл астаулар. Бұл ыдыстардың көлемі әр түрлі. Оларды әдемілеп көр-



Күбі. Шығыс Қазақстан университетінің экспедициясы материалдан

кемдеуге онша мән берілмейді. Жоғарыда сөз болған ыдыс-аяқ жасауға арналған қайың кесінділері мен бездерін нобайлап шауып, көлеңкеде кептіреді. Содан кейін тұзды суға қайнатып алып, тағы да көлеңкеде дегдітіп барып, асықпай шауып, үнгіп өндеуге кіріседі. Шеберлердің айтуынша, тұзды суға қайнату арқылы пісіріліп жасалған ыдыстар мстық-суыққа төзімді, жөпшеңдіге жарымайды.

Қазақстанның барлық өңірінде ағаштан әр түрлі күбілер жасалады. Негізінен, күбі жасаудың екі түрі болған. Бір жерде, яғни қайың мол өсетін өңірде тұтас қайың кесіндісінің өзін үнгіп, кеңейту арқылы жасалса, енді екінші бір жерде әр түрлі ағаштардан дайындалған бірнеше бөлек жіңішке тақтайшалардың темір құрсаулармен біріктірілуі арқылы жасалады. Қы-

мызға арналған күбілер әдетте аласалау және жуандау келеді. Оның да сыртына ою-өрнектер жүргізіледі. Мұндай күбінің бір тамаша үлгісін Ақтөбе өлкетану музейінен кездестірдік. Оның түп жағынан ағаштың өзінен үш қысқа аяқ, қақпағы орнықты болу үшін жоғарғы шетінен үш құлақ шығарылған. Мұның биіктігі — 80, диаметрі — 30 сантиметр. Күбі сыртындағы оюлар жасыл фонда қызыл бояумен боялған. Ағаш күбілердің қандай болсын, түп жағы жуандау келеді де, жоғарлаған сайын жіңішке береді.

Тұтас қайың кесіндісінен ағаш қақпақпен жабылатын шағын шынықап, аяқ қаптар да жасалды. Ертеректе бұлар көшіп-қону кезінде ыдыс-аяқтың сынбауын қамтамасыз ететін болған. Шынықап, аяқ қаптардың ою-өрнек жүргізілген түрлері де жиі ұшырасады.

Әр түрлі ағаштардан күнделікті үй шаруасына арналған шүмекті және шүмексіз шелектер жасалады. Кейде мұндай шелектердің түбі бөлек салынса, енді бірде ағаш кесіндісінің өзінен түп қалдырады. Көбінесе шелектің түп жағы мен аузына темірден құрсау салынады. Әсіресе, шелек түбі бөлек тақтайдан орнатылса, темір құрсау міндетті түрде қажет.

Қазақ ұсталары тұтас ағаш кесіндісінен ішін үнгіп келі жасайды. Келі-келсап жасау үшін, көбінесе, жөпшеңдіге жарыла қоймайтын қайың ағашын қолданады. Келі-келсап Қазақстанның барлық аудандарында бірқалып болып жасалғанын аңғардық. Тек Ертіс бойындағы елдер келісі биіктеу келеді. Сол сияқты, республикамыздың оңтүстік өңірінде құрама келілер жиі кездеседі. Мұның сыры: тұтас ағаш бұл өңірде бола бермейді. Сондықтан, екі не үш ағаш кесіндісін киюластырып, түйе терісімен тартып, қаптап тастайды.

Октябрь революциясына дейін ағаштан кант шағуға арналған шағын қол тоқпақтар мен саба піспегі көбірек жасалатынды. Қол тоқпақ тұтас, ал саба піспегінің жоғарғы жағы нақшылтала оюланады. Күмістелген не сүйектелгендері де, түрлі түсті бояулармен өрнектелгені де бар. Өкінішке орай, бұл күндері аталмыш бұйымдар өте сирек. Жалпы, «Ел іші — өнер кеніші» деген сөз тегін айтылмаған. Небір ағаштан түйін түйген шеберлер халық қазынасына айналған ғажайып өнер туындыларын жасай білумен бірге, домбыра, қобыз тартып, талантпен тамсандырған ісмерлер аз болмаған. Күмбірлетіп құй төккен, әуелетіп ән салған шеберлер қолынан шыққан музыкалық аспаптар да сөйлеп тұрса керек. Тегінде, музыкалық аспап жасауға жарайтын ағаш түрін таңдау, оларды дұрыстап кептіріп, жақсы дыбыс шығаратындай етіп шауып, мұқият өңдеу көрінген ағаш ұстасының қолынан келмейді, оған қол шеберлігіне қоса сол аспаптардың аздап болса да табиғатын, ерекшелігін білетіндей қабілет те керек.

Қазақ арасында ежелден бері ағаштан жасалатын музыкалық аспаптардың қазірге дейін ең

көп тарағандары домбыра мен қобыз болса, шертер, жетіген, асатаяқ, даңғыра, сыбызғы сияқты өте көне түрлері де болған.

Домбыра ны, көбінесе, шайыр аз қарағайдан жасайды. Тоғыз немесе он төрт пернелі қазақ домбырасы, әдетте, онша үлкен болмаған. Жалпы ұзындығы 1 метр шамасында. Домбыраны мойны шанағынан екі есеге жуық ұзын келеді де, тұтас ағаштан шабылады. Шанақтың ортасы қашаумен кеуленіп ойылады да, беті жұқа қарағай тақтаймен жабылып, ағаш шегелермен шегеленеді. Қазақ домбырасы, негізінен, екі не үш ішекті болған. Оның басына ішек бұрайтын екі құлақ, кіші тиек орнатылды. Шанақ бетінің ортасынан әр түрлі — дөңгелек не үш бұрышты дыбыс ойығы жасалады. Домбыра шанағының сыртын оюлап, сүйектеп те көркемдейтін болған. Кейде домбыра мойнының бет жағы, құлақтары түгелдей сүйектеледі. Домбыра шанағы әр түрлі формада: бірде сопақ, бірде үш бұрышты, енді бірде түзу бұрышты болып шебердің қиялына қарай жасала береді. Көпшілік жағдайда домбыраның сыртын мұқият өңдеп, бірнеше қайтара өсімдік майын сіңіре жағу арқылы ағашқа өң береді.

Қазақтың өте көне музыкалық аспабының бірі — тұтас ағаштан жасалатын қылқобыз. Қобыздың революцияға дейін үлкенді-кішілі әр түрі болған. Әсіресе, бақсы қобыздарының көлемі үлкен болумен бірге шанақ ішіне, мойнына, басына қобыз үніне ерекше үн қосып тұру үшін, металдан жасалған әр түрлі сылдырмақтар, жез қонраушалар ілініп безендіріледі. Қара қобыздың шанағы дөңгелек не қос дөңгелек боп келеді, беті ашық жасалады. Шанақтың төменгі жағынан ұзынша қорапша ойылып, оның беті серкенің не бұзаудың иленген тақыр терісімен тартылады. Ысқышы жіңішке имек ағаштан жасалып, жылқының құйрық қылының бірнеше талшықтарымен тартылады. Қобыздың екі не үш ішегі аздап есілген бірнеше қыл талшықтарынан тағылады. Қара қобыздың бір тамаша үлтісі Ленинградтағы антропология және этнография музейінде сақталған. Оны XIX ғасыр соңында Жетісу өңірінен тауып, музейге тапсырған. Бұл қобыздың ең басты ерекшелігі — оның тым үлкендігінде. Оның ұзын тұрқы — 96, шанағының диаметрі — 40 сантиметр. Көпшілік жағдайда, ел арасынан кездесетін қобыздар бұдан екі есеге жуық кіші.

Осы күнгі жетілдірілген жана қобыз түрлерін тек арнайы шеберханаларда маманданған шеберлер ғана жасайды. Қазіргі екі ішекті қылқобыз болсын, үш не төрт ішекті қобыздар болсын, барлығында шанақтарына қарағайдан мұқият жұқартылған бет салынады, ал шанақтың төменгі қуыс қобдшасының беті көнмен тартылады. Қазіргі қобыздарға бұрынғыдай әр түрлі сылдырмақтар тағылмайды, ал ішекті диаметрлері әр түрлі өзекті, өзексіз болат сымдардан тағылады.

Шертер — үш ішекті көне аспап. Оның мойны

қысқа, шанағы қақпақсыз, ішектері жылжы қылыннан тағылады. Мұны өнер зерттеушісі Болат Сарыбаев поляк суретшісі В. Залескийдің 1865 жылы Парижде бастырған альбомындағы қазақтың музыкалық аспап нұсқасының негізінде дүниеге қайта келтіріп қана қоймай, оның жетілдірілген түрін де жасатты.

Жетіген — жеті ішекті көне аспап. Ішектірі жылжы қылыннан тағылатын. Мұның басқа ішекті аспаптардан негізгі айырмашылығы оның бұрауының болмауында, сондықтан оның құлақ күйі әр ішек аныты қондырылатын асықтардың ілгері-кейінді жылжытылуы арқылы орындالاتын. Ел арасынан жиналған аңыз негізінде жетігеннің көне түрінің нұсқасын қалпына келтірумен бірге оның жетілдірілген он үш ішекті жана түрін де жасатқан Болат Сарыбаев еді.



Даңғыра мен асатаяқ — ұрып, сілкіп ойнайтын, сыбызғы — үріп ойнайтын қазақтың көне музыкалық аспаптары. Бұларды да қайта жаңғыртып дүниеге келтірген Болат Сарыбаев.

Қазіргі тамда шертер, жетіген, даңғыра, асатаяқ және сыбызғы аспаптарының жетілдірілген түрлері Қазақстандағы көптеген халық оркестрлерінің құрамында кеңінен қолданылуда. (В. Сарыбаев. Қазақтың музыкалық аспаптары, Алматы, 1978 ж.)


Ел ішінде ежелден бері кен тараған халық ойынының бірі — тоғызқұмалақ. Қазақ шеберлері тоғызқұмалақ тақтасын ағаштан жасайтын болған.


Ағаш ұсталарының ішінде арба мен шана түрлерін жасауға машықтанғандары да болған. Өйткені арба Қазақстанның қай өңірінде болсын кеңінен тараған бұйым, ал шана, әрине, ең алдымен Қазақстанның солтүстік, солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерінде, яғни қысты күнгі қар мол болатын аудандарында көп болатын.

Арба жасау өнері көне замандардан бері бізге дейін жеткен кәсіп. Қазақстан жерін Рубихан заманында мекендеген көне тайпаларда төрт аяқ арбаның айтарлықтай үлкен түрлерінің болғандығы туралы, оның үстіне киіз үй тігіліп, бірнеше өзгертпегендігі туралы тарихи мәліметті Рубихан еңбектерінде табуға болады. Ал, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қазақ ұсталарының жасаған арбаларының: «екі аяқ арба» және «төрт аяқ арба» деп аталатын екі түрі болды. Бұл арбалардың қай түрін болса да, түгелдей мүмкіндігінше қайыңнан жасайтын. Өйткені, қабғын алып мұқият келтірілген қайың өңдеуге де қолайлы, өте берік те болады. Арба бөлшектерінің ішінде ұстадан асқан шеберлікті талап ететіні оның доңғалақтары. Доңғалақтың шеңберін (қимасын) тұтас қайың кесіндісінен ию не бірнеше қисық қайың кесінділерінен қиыстырып жасайтын. Доңғалақтың күпшегін жуан қайың кесіндісінен шауып, ішін ұзыннан үңгіп, білік сырлықтай етіп қуыстайтын да, айнала сыртының ортасынан доңғалақтың қаламдарының жоғарғы жуандау бастары сұғынатын ұялар қашалады, ал қаламдардың



1. Сүйектелген төсек ағаш. Антропология және этнография музейінен. Ленинград
2. Сүйектелген төсек ағаш
3. Жұқаая
4. Жастық ағаш. 2—4-сурет Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен








1. Сырлы асадал. Оңтүстік Қазақстан этнографиялық экспедициясы материалымен
 2. Оюлған асадал. Антропология және этнография музейінен. Ленинград
 3. Оюлған суырымды асадал

- 4, 5. Оюлған сандықтар
 6—9. Оюлған кебелер. 3, 8-сурет Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен; 4—7-сурет Ә. Кастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейі мен Қазақ ССР-інің орталық музейінен; 9-сурет Антропология және этнография музейінен. Ленинград





1. Ожау мен тостағандар
2. Сәтті аяқ пен ожау
3. Ожау, сәтті аяқ, қасық және тостағандар
4. Күмістелген тегене. 1, 4-сурет Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен; 2, 3-сурет Антропология және этнография музейінен. Ленинград



төменгі біртіндеп жіңішкере беретін бастары доңғалақтың қимасындағы ұяларға сұғынатын. Доңғалақ бөлшектерінің (қималар, күпшек және қаламдар) бір-бірімен дәлме-дәл және өте берік қиысуына ұста ардайым баса көңіл бөлетін де, доңғалақ шеңберінің сыртынан айналдыра шентемір кигізетін. Нық кигізілген шентемір доңғалақтың кірісін енгізіп, оны дымылдатып жібереді. Темірдің жетпеуінен мұндай доңғалақтарды шентемірсіз пайдаланатындар да аз болмаған. Әрине, мұндай доңғалақтардың беріктігі шамалы болатын, жоқтың күні ғой. Доңғалақ саны «екі аяқ арбада» — екеу болса, «төрт аяқ арбада» — төртеу болатын. Екі доңғалақты бір-бірімен біріктіретін арба бөлшегі «білік» дейді. Білікті, көбінесе, қайың ағашынан шабатын, темір көбейген кезде темір біліктер де шықты.

Екі аяқ арбаның білігінің ортасынан жасық ағаш шығарылып, оның үстінен екі ұзын арыс бекітіледі. Ақы арыстың білік үстіне бекітілетін жағының 1,8—2 метрдей тұсына көлденең шабақтар орнатып үстінен жүк салатын не адамдар отыратын қорапша жасайтын. Арыстардың ұзындығы оған жегілетін түйе не жылқының тұрқына сай келетіндей болатын. Екі аяқ арбаның шағындығы болмаса, өте жақсы, көш-қонға ыңғайлы, нағыз кедей қауымның қолы болатын. Төрт аяқ арбаның жасалуы күрделірек. Оның артқы екі доңғалағы, білік пен оның үстінен бөлек орнататын не бірге шауып шығаратын жастық ағашы екі аяқ арбаныкінен ерекшелігі болмайды. Ал алдыңғы екі доңғалақты қосатын білік пен төс ағашы бөлек дайындалады. Біліктің екі басынан доңғалақтар сұғындырылып, біліктің ортасының үстіңгі жағынан төс ағаш орнатылып, темір кіндікпен жалғасады. Темір кіндік төрт аяқ арбаның алдыңғы доңғалақтарының оңды-солды бұрылуына жағдай жасайды. Ал, төс ағашпен артқы біліктің үстінен шығарылатын жастық ағаштың арасын жұмыр ұзын қайыңнан жасалатын «оқтық» жалғасты-

рады. Оқтық төс ағашпен артқы жастық ағаштың дәл ортасынан өткізіледі. Төс ағаш пен артқы жастық ағаштың үстінен бірнеше қалың тақтайлар ұзынынан салынып бекітіледі. Төрт аяқ арбаның екі арасы не жетектері оның алдыңғы білігіне бекітіледі.

Арбаның ағаш ісін жетік менгерген шеберлер оның темірден жасалатын бөлшектерін де өздері дайындайтын. Сондықтан болар, арба жасайтын шеберлерді ел арасында, көбінесе, ұста деп атаған. Әсіресе, доңғалақтарды шентемірлеу, арбаның алдыңғы төсі мен білігін темір кіндікпен байланыстыру, жетек түптерін алдыңғы білікке бекіту және күпшектердің екі жағынан олар жарылмас үшін салынатын темір дөңгелектерді жасаудың өзі арба жасаушылардың темір ісін менгерген шебер-ұста болуын қажет етеді.


Арба жасайтын ұсталар шана да жасай білген. Шананың да екі түрі болған. Оның халық арасына көп тараған түрі шаруашылыққа арналған үлкен жайдақ шана. Ал қаламен байланысы бар, сән қуған ауқатты адамдардың жасататын жақсы, екі-үш адамдық шағын қорапты шанасын қазақ «кашауа» атандырған. Шананың қай түрін болсын қайыңнан жасайтын. Оны, негізінен, отырықшылыққа көшкен, қаласы жақын солтүстік аудандарды мекендейтін ел жасататын. Қашовканың «кашауа» атануы сияқты, орыс халқының «саня» деген атауынан «шана» деген қазақ атауының да қалыптасуы ықтимал. Олай болса, бәлкім, жалпы шана жасау, оны өмірде пайдалануды да көрші орыс халқынан үйренуі де шындыққа жақын сияқты.

Ағаштан жасалатын шаруашылық және үй жиһаздары жоғарыда сипатталған түрлерімен ғана шектелмейді. Қазақ арасындағы ағаш ұсталары бұлардан басқа да көптеген құрал-сайман, әр түрлі жабдықтар және басқа да үлкенді-кішілі үй жиһаздарын жасаған.

1—2. Қылқобыздар

3. Күмістелген піспек бастар

4. Аса таяқ; 1—4-сурет түгелімен Антропология және этнография музейінен. Ленинград



Металл өңдеу

Ұсталық өнер

Ұсталық пен зергерлік өнер әр түрлі металдардан сан алуан үй бұйымдары, сәндік әшекейлер жасаумен байланысты. Қазақстан жерінде мыс, жез, темір және күміс сияқты металдардан бұйымдар жасау ісі өте көне замандардан басталады. Содан бері ұсталар мен зергерлер ісінде сан қылы жағдайларға байланысты даму және тоқырау кезеңдер де болды. Соған қарамай, ұсталар мен зергерлердің дәстүрлі өнері біздің заманымызға дейін жетіп отыр.

Көшпелі өмір жағдайында қазақ ұсталары мен зергерлерінің арнайы дүкендері болмаған. Кейде ескі киіз үйде немесе қысы-жазы өздері тұратын тұрғын үйлерде жұмыс істеген. Жаздытүні есік алдындағы үй көлеңкесінде немесе әдейі жасалтын лапастар мен күрекелерде отырып, ұсталық құрды. Мұндай жағдай зергерлер ісіне онша қиындық туғыза қоймады, бірақ темір ұсталары үшін өте қолайсыз болды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының отырықшылыққа не жартылай отырықшылыққа көшу процесінің дамуы нәтижесінде ұсталар өз қыстауларының бір бұрышынан немесе тошала ішінде дүкен жасап, сонда қысы-жазы бірдей жұмыс істеуге мүмкіндік алды.


Қазақ ұсталары мен зергерлері құрал-саймандардың көпшілігін өздері жасап алушы еді. Әсіресе, темір ұсталарының саймандары зергер саймандарына қарағанда шағын және қарапайым келеді. Олай дейтініміз, әдетте, зергерлердің көбі ұсталық өнерді де толық меңгергендіктен, қолдарында темір өңдейтін саймандарды ұстаған. Ал, ұсталардың бәрі бірдей зергерлік өнермен айналыспайды. Өйткені, зергерлік кәсіп өте шеберлікті талап етеді ғой. Аса шебер зергерлердің көбі-ақ істеріне қажет болған темір бөлшектерді өздері жасай алатын-ды.

Ұста мен зергерге бірдей қажетті құрал-саймандар — көрік, төс, балға, шапқы, салты шапқы, тескіш, қысқаш, көсеу, қайшы, шеге жасайтын қалып, металл балқытатын бақыраш не ожау, қалайылау құралы, т. б. Бұларға қоса зергерлерге алтын, күміс өңдеуге арналған шағын төс, әр түрлі кішкене балғалар, бірнеше егеулер, іскенже, күміс үретін түтік, үлкеңді-кішілі шапқылар мен тескіштер, сым созатын, шеге жасайтын темір қалыптар, ұшында сан түрлі бедерлері бар көптеген темір қадаубастар, неше алуан күміс әшекейлерді кептеп не құйып жасайтын темір қалыптар, үшкір пышақ, өткір біз, алтын-күміс әлшейтін кішкене бізбен сияқты саймандар болды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ ұсталары негізінен шаруашылық саймандары — жер ағаш тісі, орақ, тырма тістері, кептең, күрек, қырықтық, арбаның темір бөлшектері, қақпан, балта, шот; ер-тұрман әбзелдеріне арналған әшекейлер мен ауыздық, айылбас, үзенгі, таға, кісен; әр түрлі үй бұйымдары — темір адалбақан, ошақ, мосы; қару-жарақ түрлері — пышақ, семсер, салы, қылыш, найза ұшы, айбалта мен бітелі мылтық сияқты заттарды жасай білді.

Темірден соғылатын заттарды көрік-пеште қыздырып, төске салу арқылы жасаса, мыс, жез, қола, қалайы бұйымдарды, негізінен, балқытып, арнайы қалыпқа құю арқылы орындады. Темірді қыздыру, басқа металдарды балкыту үшін ұсталар құю-қуатымен сексеуіл шоғын пайдаланды. Мұндайда, әсіресе, сексеуіл өте қолайлы болады. Көмірді, көбінесе, ұсталардың өздері іздеп табатын.

Көп ретте орыс көпестерінен сатып алатын сүйемдерден неше түрлі темір заттар жасады. Кейде сүйемдерді ұстануы өзін сатып алса, көбіне-көп темірді жасатушылардың өздері тауып беретін. Күнделікті тұрмысқа пайдаланатын бұйымдардың ішінде тек темірден ғана жасалатындары онша көп болмады. Өйткені, қазақ даласында темір



1. Темір адалбақандар
2. Мылтық
3—4. Айбалтастар. Антропология және этнография музейінен.
Ленинград.


табу қиынға түсті. Оны, көбінесе, қалалар мен орыс поселкелерінен сатып алды. Сондықтан XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ ұсталары, көбінесе, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндеумен айналысты. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап найза, айбалта, қылыш, мылтық сияқты соғыс қару-жарақтарын жасату күрт сиреді. Өйткені, қазақтардың көрші елдермен достығы нығая түскен-ді, феодалдық алауыздыққа ру-ұлыстық қақтығыстарға тыйым салынуына байланысты көпшілік халыққа қару-жарақтың қажеті болмады. Оның өзінде сән қуған ірі байлар, төрелер қазақ ұсталарына болат қанжар, қайық қылыш, сармойнақ пышақ, күмістеген айбалта сияқты қару-жарақ түрлерін айнала жұртқа сес көрсету мақсатымен, мақтанш үшін жасататын болған.


Жоғарыда көрсетілген соғыс қару-жарақтарын 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде Қазақстанның әр өңіріндегі көтерілісшілер көптеп жасатты. Қара темірді қамырша илейтін қазақ ұсталарының қару-жарақ соғудағы ролі айтарлықтай болды.

Халық шеберлері темірден жасалған кейбір үй бұйымдарын да әдемілеп көркемдеуге тырысты. Мәселен, үш аяқты дөңгелек темір ошақтарының сырт жағынан шығыршықтар, ішкі жағынан кішкентай алақандар орнатылды. Шығыршықтар ошақты көтеру үшін, ішкі алақандар шағын қазан үшін жасалды. Кейде жұмырлап соғылған темірден үш бұрышты ошақтар жасады, ал аяқтарының өн бойын мүсіндеп, өрнектеп көркемдеді. Ұсталар ағаш адалбақанның ілтектерін түгелдей темірден жасап, күміспен безендірді. Әдетте, мұндай темір адалбақандарды көш-қонға ыңғайлы болу үшін, екі не үш бөлектен алмалы-салмалы етіп те жасады. Мұндай адалбақанның өн бойы иілген темір өрнектермен көркемделді, оның бетіне кейде күміс, алтын, жез жапсырылып әсемделді. Осындай темірден жасалған тамаша адалбақанның бір үлгісі Ленинградтағы Антропология және этнография музейінде сақталған. Оны XIX ғасырдың орта шенінде Омбы уезін мекендеген қазақ ұсталары жасаған. Ол үш бөліктен тұрады. Үстіңгі бөлігінің жоғарғы басы ашаланып жасалған да, астыңғы бөлігінің төменгі жағынан үш аяқ шығарылған. Әр бөлімінің төменгі жағы сүйірленген, сыртына алтын қапталған. Бақанның үш жерінен беті алтындалған өрнекті қорғасын әшекейлер жапсырылған.

Зергерлік өнер

Қазақ зергерлері, негізінен, түсті металдардан сан алуан әсемдік бұйымдар жасады. Әсіресе, күмістен соғылатын көптеген сәндік бұйымдар — сәукеле әшекейлері, сырға, шолпы, шекелік, алқа, өңіржиек, қолтықша, тұмарша, білезік, сақина,





Айбалтаның бір үлгісі. Орталық Қазақстан этнографиялық экспедициясы материалынан


жүзік, белбеу, қапсырма, түйме, тана, тіс шұқығыш ертеден-ақ кең тараған заттар. Сондай-ақ, ерлерге арналған — кемер белбеу, кісе, ер-турмандарының күмістелген, алтындайған әшекейлердің неше түрлісі өте әдемі жасалды. Ал, жағлан, кебеже, сандық, асадал, төсағаш, адалбақан, піспек, тегене, ожау сияқты үй жиһаздары мен ыдыс-аяқ бетіне орнатылатын күмістелген әшекейлер мен турлі түсті шыншандан не болмаса асыл тастардан орнатылған көздері бар заттарды кез келген үйден кездестіруге болатын еді. Қару-жарақ беттерін күмістеу сияқты істермен де айналысты. Жоғарыда көрсетілген сәндік бұйымдар, негізінен, орыс немесе қытай күмісінен жасалды. Шетелдермен сауданың дамуына байланысты қазақ даласына жайылған Россияның күміс және алтын ақшасы, қытайдың қой туяқ, тай туяқ жамбылары, поляк күмісі іскерлердің қолына түсісімен, олардан сан түрлі сәндік бұйымдар жасалды. Күмісті, әсіресе, алтынды, асыл тастарды, көбінесе, сәндік бұйымдар жасатушылардың өздері

тауып берді. Кейбір қала маңында мекендейтін зергерлер өз күмісінен де сәндік бұйымдар жасап сататын болған.

Халық шеберлері сәндік күміс бұйымдарды жасауда көптеген зергерлік тәсілдерді қолдана білді. Соның ішінде, ең кең жайылған тәсілдер: отқа қыздырып соғу, балқытылған металды қалыпқа құю, кептеу, тынықелеу, қаралау, темір бетіне күміс шабу, сымқаптеу, сіркелеу, жұқа күміс әшекейлердің астынан бедерлі қалаудастармен батыра ұрып бедерлеу, бізбен бөзеу, күмістеу, алтындау, данекерлеу, оймалау, асыл тастардан көздер орнату және тағы басқалары.

Зергер теңгелер мен жамбыларды балқытып құю арқылы өзіне қажетті мөлшерде күміс кесектерін дайындап алатын-ды. Оны отқа қыздырып, төс үстінде балғамен жайлап соғу арқылы әр түрлі зергерлік бұйымдар жасауға немесе күміс кесегін әбден қақтап, жұқартқан соң қиып, темір әшекейлер бетіне күмістеуге болады. Құйма бұйымдарды жасау үшін күміс кесектерін шойын ожауда балқытып, арнайы қалыптарға құяды, содан ол суыған соң, өңдеуге кіріседі. Қалып, әдетте, иі қанған балшықтан жасалып, алдын ала мұқият кептіріледі. Құю әдісімен тек күміс бұйымдар ғана емес, сонымен бірге мыс, жез, қола, қалайы және қорғасыннан неше түрлі заттар жасалады. Күміс бұйым бетіне түрлі түсті тынық жүргізу әдісі Қазақстанның орталық, оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында жиірек кездеседі. Зергерлердің айтуынша, тынықпені көбінесе шыны үгіндісін еріту арқылы алады екен және оны күміс бұйым бетіндегі бізбен безенген іздерге құйып, суығаннан кейін егеумен өңдейтін болған.

Күміс бетіне қарала жүргізуді қазақ зергерлері ертеден білген. Әсіресе, Қазақстанның батыс, солтүстік, солтүстік-шығыс және орталық өңірлерінде қаралау тәсіліне көп мән берген. Күміс бұйым бетін қаралауды «қара бағдар», «қара алтын» кейде «қарала кавказ» жүргізу деп атайтын болған. Бұлай деудің мәні, әрине, кавказ зергерлерінің әсеріне байланысты болса керек. Жазба деректерге қарағанда, Батыс Қазақстан өңіріне Кавказ зергерлерінің өнері ХІХ ғасырдың бірінші жартысында келе бастағанға ұқсайды. Бұған қосымша қазақ этнографы Э. А. Масахановтың зерттеулері бойынша, күміс бетіне қарала жүргізу өнері Орта Азия зергерлеріне ХІІІ—ХVІ ғасырдан бері белгілі екен. Автор содан бері зергерліктің бұл тәсілі қазақ даласына ХІХ ғасырға дейін беймәлім болып келуі шындыққа үйлеспейтіндігін ескере келіп, қаралау тәсілін зергерлердің кавказдықтар әсерінен, яғни ХІХ ғасырдан, әлдеқайда бұрын білгендігін дәлелдейді. Оның үстіне, қазақ зергерлерінің айтуынша, олар қараны өздері жасапты. Оның құрамы — күміс, мыс, қорғасын және күкірттен тұратын көрінеді. Бұл құрамдардың араласмағы әр түрлі болады. Мәселен, күміс пен мыс бір-бір есе болса, қорғасын мөлшері күмісті жар-



Зергерлік құрал-сайманы. Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен

тысына тең болады, күкірт металдардың балқуына байланысты көз мөлшерімен қосылады. Осы құрамды шойын ожаушаға салып ерітіп, әбден араластырған уақытта қап-қара қоймалжың пайда болады. Мұны көбінесе осы күйінде қара жүргізетін күміс бұйымның бетіне жағып, суытады. Артық қалған қара қоспаны суытып алып, майдалап үгіп қояды да, керек болған уақытта қара ұнтақты күміс бұйымның бетіне жүргізілген ою-өрнек үстіне себеді. Ал, отқа қыздырғанда ол қайта еріп, күміс бетіндегі іздерге жабысып қалады. Оны әбден суып, кепкен соң егеумен өңдеп, былғары және киіз ысқыштармен жалтырата ысады. Қарала жүргізілетін күміс бұйымға түсірілетін оюды алдын ала сызып алып, өткір біз үшімен безейді, содан кейін оның үстіне қарала жүргізеді.

Қараланы, көбінесе, әйелдерге арналған күміс білезік, қапсырма, сырға, жүзік, белбеу, еркектердің кіселеріне, кейде ер-тұрман әбзелдеріне, тағы басқа да үй бұйымдарын көркемдеуге де жиі пайдаланады. Темірден соғылатын әр түрлі әшекейлер бетіне күміс шабу тәсілін, көбінесе, ер-тұрман әбзелдерін көркемдеу үшін қолданады. Мұнымен бірге белбеу, кісе және ағаштан жасалатын көптеген үй бұйымдарын безендіретін оюлы темір әшекейлердің беттеріне, көбінесе, күміс шабылады. Ол үшін темір әшекейлердің беттері өткір шапқымен өте жиі шекіліп, оның бетіне бөлек қақталған жұқа күмісті жеңіл балғаммен жайлап, кіріктіре соғу арқылы орындалады. Бұл тәсіл Қазақстанның барлық аймақтарына ежелден бері кеңінен тараған. Күміс шабылған темір әшекейлердің бетінен әр түрлі

ою-өрнектер ойылып, оның бетіндегі күміс қабық сыпырылғанда ар жағынан қара темір көрініп тұрады. Оны жалған қаралау дейді. Күмістелген темір әшекейлердің беттері бізбен безеу, алтындау, қаралау, тас орнату тәсілдерімен де қосымша көркемделеді.

Сымкөптеу тәсілімен әйелдерге арналған қапсырма, шолпы, түйреуіш, білезік сияқты шағын күміс әшекейлер жасалады. Ол үшін таза ақ күмістен жіңішке сымдар арнайы темір қалып арқылы созылып, сол сымдардан жоғарыда көрсетілген әшекейлер жасалады. Әдетте, күміс сымдарды төске салып жазайды, содан кейін оларды арнайы жасалған күміс шеңбердің ішінде, арасынан санылау қалдыра қырынан қатарластыра орналастырып, ұштарын шеңбердің ішкі жиегіне дәнеркерлейді. Мұндай әшекейдің дәл ортасына асыл тастардан көздер орнатылады. Әдетте, сымкөптеу тәсілімен жасалған әшекейлер қызылды-жасылды бағалы тастармен үндесіп, әсем көрінеді. Сымкөптеу тәсілімен жасалатын әр түрлі күміс әшекейлер Қазақстанның барлық өңірлерінде кездеседі. Соған қарағанда, бұл бұйымның орындалуы асқан шеберлікті қажет еткенімен, оны қазақ зергерлерінің көпшілігі-ақ жақсы меңгергендігі байқалады.

Қазақстанның батыс, оңтүстік-батыс және оңтүстік аймақтарында әйелдерге арналып жасалатын алтынданған үлкен білезік, жүзік, сақина, алқа, өңіржіек, қолтықшалар беттеріне сіркелеу тәсілімен геометриялық өрнектер жүргізіледі екен. Құйылған не қақталған күміс бетіне сірке түсіру үшін, темір қалып арқылы күмістен жіңішке сым жүр-



Зергерлер күміс үстіне. Шығыс Қазақстан облысы

гізіп созып, оны өткір пышақпен ұсақтап тұрайды, содан оларды тегіс бетті екі жалпақ темірдің арасына салып, айналдыра домалатудың нәтижесінде күміс кесінділерін біркелкі домалақ сіркеге айналдырады. Күміс бұйым бетіне «бура» деп аталатын ақ үгінді — дәнекер — себеді. Оның үстінен белгілі тәртіппен қажетті әр түрлі өрнек жасайды. Күміс сіркелер отқа қыздырған уақытта себілген орнында дәнекерленіп, бұйым бетіне біте қайнасып, жабысып қалады. Сірке түсірілген бұйым бетіне үлкенді-кішілі асыл тастар, маржандар, түсті шынылар орнатылып көркемделеді. Сонымен бірге, көпшілік жағдайда бұйымның бет жағы түгелдей алтынмен буланады, оны «алтындау», «алтын жалату» деп те атай береді.

Күміс тана, сырға салыншақтары, түйме және үй бұйымдарының бетіне шегелейтін күміс ашекейлерді жасау үшін, көбінесе, ақ күмісті жұқартып қактайды, оны арнайы жасалған қалыпқа қорғасын кесегімен қоса балғамен соғу арқылы, яғни кептеу тәсілімен дайындайды. Қа-

лыптын өзін екі түрлі етіп темірден жасайды. Бір түрі — қыздырылған қалың темір кесегіне белгілі күміс бұйым формасын бере темірді батыра соғып, құмыс қалып жасау болса, екінші түрі — дәл осы тәсілмен қорғасын кесегіне белгілі форманы батыра ұрып, қалып жасау. Кейде қорғасын кесегіне қойылған қақталған күмістің үстінен жұмыр басты қадаубастармен батыра соғып, күміс ашекейлердің бетіне бедерлі ою-өрнектер де жасайды. Мұндай әдіспен, көбінесе, күміс таналар мен шашбау шолпыларын дайындайды. Төске салу не құю арқылы жасалатын білезік, жүзік, сырға, тана сияқты күміс бұйымдардың бетіне кішкене шапқы немесе шықуда әр түрлі өрнектері бар қадаубастармен үшеу тәсілімен де оюлар түсіріледі. Кейбір үй бұйымдарының, әсіресе, ердің алдынгы және артқы қастарының бет жақтары қақталған таза күміспен қаптала көркемделгенде, оған оймалы оюлар ойылумен бірге сызу, безеу арқылы да ою-өрнектер жүргізіледі.

Қазақ зергерлері таза алтыннан білезік, сырға, сақина, жүзік соққан, сонымен қатар құю әдісімен де жасаған. Бірақ, таза алтыннан жасалатын сәндік бұйымдар өте қымбатқа түсетіндіктен, оны тек ірі байлар ғана жасатқан. Қазақстанның батысы мен оңтүстігіндегі күміс ашекейлердің бетіне алтын жалату, алтынмен булау немесе қақталған жұқа алтынмен көркемдеу жиірек кездеседі. Зергерлердің айтуынша, күміс бетіне алтын жалату мен алтын булаудың айырмашылығы болмаған. Бұл тәсілді «алтынмен аптау» деп атаған. «Аптау, булау, жалату» деген ұғымдар бір-бірімен үйлеседі. Бетіне сынаппен араластырылған дәнекер себілген күміс бұйымға алтын ұнтағы қоса себіліп, отқа қыздырылғанда, алтын жылдам ериді. Алтын ерітіндісін түтікпен үріп, күміс бетіне түгел жаюды алтын жалату, алтынмен аптау не булау дейді. Алтынмен булау деудің де жаны бар. Өйткені, қыздырылған сынаппан бұшығарады да, алтынның күміс бетіне берік жабысып қалуына жағдай жасайды. Күміс бетіне алтын жалатудың тек қана отқа қыздыру арқылы орындалатындығы туралы бұдан бұрын жарық көрген әдебиеттерде де деректер бар. Күміс бетіне жағылатын алтынның жұқалығы сондай, оның ұтындағы күміс бетіне сызу, безеу арқылы жүргізілетін өрнектер анық көрініп тұрады. Ал, темірден не шойыннан жасалатын үй бұйымдарының бетін жалату тәсілімен алтындауға болмайтындықтан, оларды тек қақталған алтынмен ғана көркемдейді екен. Онда да қақталған алтынның буына қорғасын құю арқылы темір бетіне дәнекерленеді.

Кез келген күміс бұйымдардың беттерін әр түрлі асыл тастар мен түсті шынылар орнату тәсілін қазақ зергерлері жиі қолданды. Ол бөлек жасалады: көз есебінде орнатылатын дөңгелек, сопақ не төрт бұрышты тастарға күмістен жүргізілген жиектер арқылы дәнекерленіп орнатылады. Қазақ зергерлері жиектерге орнатылатын тастың

түсіп қалмауын ойластырумен бірге, оның әсемдігін де мұқият ескеріп отырған.

Әр түрлі бұйымдарды көз салып әсемдеу үшін қолданылатын асыл тастардың түрі көп. Оның ішінде гауһар, лағал, інжу, сүтас (хрусталь) сияқты аса бағалы тастармен қоса, ел ішіне кеңінен тараған аяқ, маржан, меруерт, сүңгір, перезе және түрлі түсті шынылар, көгілдір тыныке жиі қолданылды. Бұл тастардың көпшілігін сатып алып отырған, ал кейбіреулері қазақ даласынан да табылып жатты. Өшекейге көз салатын асыл тастар мен түсті шынылар болмай қалғанда жиі түссіз шынының астына қызылды-жасылды мата төсеп, немесе көзді күмістен жасап, оның бетіне қарала жүргізіген көрінеді.

Негізінен, қазақ зергерлерінің ісі әйел әшекейлерін жасауға байланысты болса, сол әшекейлердің ең бастыларына жеке-жеке тоқталуымыз артық болмас.

Әйел әшекейінің ең қымбаты ұзатылатын қыздың үйінен киіп шығатын бас киімі — сәу келе. Оның негізін ақ кмізден биік конус тәріздендіріп жасайды. Сыртын қызыл шұға немесе камқан тастап, алтыннан, күмістен, әр түрлі асыл тастардан, түсті шынылардан әшекейлер тағып күндызбен жиектеледі. Сәукеле ұзатылатын қыз әкесінің тапсыруы бойынша алдын ала дайындалады. Алтын, күміс әшекейлері, гауһар-інжу тастары мол сәукелелердің құны тиіп қымбат болады. Мәселен, осындай қымбат сәукелелердің Бөкей ордасында кездескен бір түрінің құны күміс ақшамен 1 000 сомға бағаланған екен. Ал, Семей төңірегінде 2 000 сомға жеткен көрінеді. Өткен ғасырдың орта шенінде Жетісу атырабында жасалып, Ленинградтағы Антропология және этнография музейіне сыйланған бір сәукеле жүз жылқының құнына бағаланғаны да белгілі. Әрине, мұндай қымбат сәукелелер сирек кездеседі.

Сәукеленің жалпы кескінінің, жасалу принциптерінің біркелкілігін қолда бар деректер дәлелдейді. Негізгі айырмашылық — олардың әшекейленуінде ғана.

Әйелдерге арналатын әшекейдің ең көбі — біл езік. Оны қыз-келіншектер де, орта жастағы әйелдер мен үлкендер де салады. Білезік көбіне күмістен, кейде таза алтыннан да жасалады. Тек күмістен соғылған білезіктердің өзі Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі болады. Жергілікті өзгешеліктер оның жасалу, әшекейлеу тәсілінен де, көлемінен де, сыртқы мүсінінен де байқалады. Мәселен, Қазақстанның шығыс, оңтүстік-шығыс аудандарына, негізінен, жұмырланып және төрт қырланып соғылатын білезіктер тән болса, солтүстік және орталық Қазақстанға жұқартыла соғылған жіңішке білезіктер тән, оңтүстік өңіріне күйма сом білезіктер, ал батыс пен оңтүстік-шығысқа өте көлемді сырты алтынмен буланатын көзді білезіктер тән. Әрине, осы келтірілген білезік түрлерінің әрқайсысының ішінде айтарлықтай өзгешеліктер байқалады. Ол, негізінен, әр аты-

рапта көптеген шеберлер мектебінің болғандығын айтағы. Бұған қоса бірнеше асыл тастардан тұратын үзбелі білезіктер де кездеседі. Олардың негізі күмістен жасалады да, сырты алтындалып, әр үзбелің үстіне әр түрлі тастардан көздер орнатады. Мұндай білезіктерге жиі қолданылатын тастар — аяқ, перезе, ағат, т. б. Қазақстанның батысы мен оңтүстік-батысында жасалатын көлемді білезіктерге арнайы тағылатын шыңжырлар ұшына 2—3 сақина, жүзіктер ілінеді. Мұндай білезіктердің сыртына сіркелеу әдісімен, негізінен, геометриялық өрнектер жүргізіледі.

Білезіктің бауыры топса арқылы ашылып-жабылатын да түрі болған. Мұндай білезіктерді білекке салу да онай, олардың көркемділігі де айтарлықтай әдемі болады. Қарағандық топсалы білезіктерді біз Маңқыстау, Көкшетау және Қазақ ССР-інің Орталық музейлерінен кездестірдік.

Қазақ зергерлерінің өте көп жасайтын әшекейінің бірі — әйелдерге арналатын әр түрлі сақина мен жүзіктер. Сақинаны, көбінесе, күмістен, кейде алтыннан жасатады. Сақинаның жасалуы жүзікке қарағанда онай. Өйткені, оның сыртына шапқамен шеку, бізбен безеу әдісімен орындлатын қарапайым ою-өрнектерден басқа ештеңе жүргізілмейді, кейде тіпті, ешбір ою-өрнексіз жасалатындары да аз емес. Ал, жүзік жасау анағұрлым күрделі және оның сан алуан түрлері болады. Жүзіктің үстіңгі бетіне әр түрлі асыл тастардан, түсті шынылардан немесе күмістің өзінен көз, балдақ, отау, құс тұмсық орнатылады. Бұл қосымша мүсіндер жүзік сақинасының үстіңгі жағына дәнекерленеді.

Қазақстанның батысы мен оңтүстік-батысында қудағи жүзік деп аталатын өте көлемді және аса санды жүзік жасалады. Мұның бауырнында екі саусаққа бірдей кигізетіндей қосарланған екі сақинасы болады. Ал, жүзік беті көлемді келеді. Сонымен бірге асыл тас, түсті шыныға қоса, міндетті түрде, алтындалып әсемделеді. Мұның қудағи жүзік аталу себебі де бар. Әдетте, оны ұзатылған қыздың енесіне, яғни қудағиларына бір жылдан соң тарту ету үшін арнайы жасатады. Бірақ, барлық қудағиларға бірдей мұндай дәстүрлі тарту жасалмайды. Қудағи жүзік жана түскен келініне аналық мейірім шұағын төге білген парасатты қудағиларға ғана сыйға тартылатын дәстүрлі сыйлық. Оны, әдетте, оң қолының ортанғы екі саусығына кигізгенде, төрт саусақ сыртын түгелге жуық жауып тұрады.

Әйелдердің құлаққа салатын сырғалары әрқелкі болып жасалады. Сырғаны бой жеткен қыздар, жас келіншектер тағады. Ал, жасы келген әйелдердің сырғалары болғанмен, оны құлақтарына тақпайды. Өйткені, революцияға дейінгі қазақ әйелдері жаулық тартып, кимешек киген. Кимешек құлақты жасырып тұратындықтан, сырға тағудың қажеті де болмаған.

Сырғаның айшықты сырға, ай сырға, тұмарша сырға, салпыншақты сырға, козалы сырға,

тасты сырға, алтын сырға, күміс сырға, қарала сырға, нықты сырға, қоңырау сырға, күмбезді сырға, сою сырға деп аталатын түрлері бар. Сырғалардың атаулары, негізінен, олардың сыртқы көрінісіне, қандай металдан жасалғандығына немесе жасалу тәсіліне қарай қалыптасқан.

Бой жеткен қыздар шолпы тағатын болған. Шолпыны күміс тегеліктердің бірнешеуін бір-біріне кішкене шығыршықтар арқылы жалғастырып жасайды, ең үстіндісіне күміс шынжырдан немесе матадан ызылған бау тағады. Бауды, әдетте, бұрыммен қоса өріп қояды. Кейде шолпыны сымкәптеу тәсілімен ортасына тас орнатып немесе қолдан соғылған дөңгелек күміс таналардың бетіне тыныке, қарала жүргізіп, шекіп-өрнектеп жасайды.

Қазақ әйелдерінің сәндік бұйымының бір тамаша үлгісі — алқа. Алқаның аса көркем әрі күрделі түрі Қазақстанның батыс және оңтүстік-батыс өңірінде кездеседі. Оны өңіржиек деп те атайды. Бұл алқалар бір-біріне шығыршық арқылы жалғасады және бірнеше төрт бұрышты әшекейлерден құрастырылады. Әр әшекейдің ортасына, жиектеріне асыл тастар орнатады. Мұндай әшекейлер әбден жұқартылған және іші қуысталған күміс қабатынан жасалады, арасына ақ балшық толтырылады.

Мойынға тағып жүретін әшекейдің бірі — тұмарша. Оны шебер зергерлер күмістен не бұрыштап, не жұмыр тұтікше тәріздендіріп жасайды және мойынға іліп жүретін әсем шынжыр бау тағады. Бұлардың іші қуыс болады, онда дұға сақталады. Мұның өзі ерте кездегі қараңғы халықтың дінге деген нанымнан туған. Тұмар адамды пәле-жаладан, тіл-көзден сақтайды деп білген. Сондықтан, тұмаршалардың осындай «қасиетіне» табынған жұрт оны күмістен жасатып, сыртына неше түрлі зер жүргізіп, алтынмен бұлақтан. Мұндай тұмаршалардың өте әсем түрлері Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық және Ө. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейлерінде сақталуда.

Қазақ әйелдерінің киіміне тағатын күміс әшекейлері де мол болған. Бұлардың қатарына: қапсырма (қаптырма), тана және әр түрлі түймелер жатады. Қапсырма екі бөлек жасалады да, бір-бірімен ілгек арқылы жалғасады, түйме орнына қолданылады. Қапсырманың өңірге тағалған екі бөлігінің сыртқы формасы да, бетіне жүргізілетін ою-өрнегі де, ортасына орнатылатын тастары да бірдей. Олардың ішінде қарапайым, бір үлгіде жасалған түрлері өте көп кездеседі. Мәселен, Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінде сақталған күміс қаптырма. Өсімдік тектес ою-өрнектермен қарала жүргізу арқылы әсемделген. Осы музей қорында Қазақстанның оңтүстік-батысында жасалған бұдан басқа да өте көркем қапсырмалар сақталған. Бұлар үш бөлек аяққа тастарын жеке-жеке күміс негізге орнатып, өзара ілгектермен бірігетін етіп жасалған. Әрқайсысының




Суреткелер. Антропология және этнография музейі. Ленинград

астыңғы ілгектерінен шынжырлы салпыншақтар және екі шеткісінің жанынан қос шынжыр ілінген. Мұның бірі әдемілік үшін жасалған. Қапсырманың сымкәптеу тәсілі арқылы оймалы өрнектермен сәнделіп, ортасына асыл тастар орнатылатын өте күрделі және әдемі түрі болған. Мұндай қапсырманың үлкен талғаммен жасалған данасы Ленинградтағы Антропология және этнография музейінің қорында сақтаулы тұр. Қапсырманың бұлардан басқа да кескінде жасалатындары аз емес.

Әйелдер үшін зергерлердің көп жасайтын әшекейлерінің бірі — үлкенді-кішілі тұймелер. Оны, көбінесе, ішің қуыстап, әр түрлі кескін бері күмістен жасайды, сыртына зер салады. Мұндай тұймелерді торсылдақ түйме деп атайды. Шағын тұймелерді, көбінесе, асыл тастарды тесіп, оған күміс өткізу арқылы, кейде түсті жұмыр тастарды қоршауларға орнатып та жасай береді.

Зергерлердің әйелдерге лайықты дөңгелек күміс тана, күміс оймақ, тіс шұқығыш, құлақ тазалауыш, қолтықша сияқты әшекейлерін көптеп кездестіруге болады. Ендігі бір зергерлік өнер туындылары — кісе, кемер белбеу. К і с е — ж . . .



келген еркектерге арналып жасалады. Оны одетте сырт киімнің сыртынан буынады. Сондықтан, олардың ұзындығы 1,5—1,8 метр, ені 4—5 сантиметр шамасында болады. Мұндай кіселердің негізі қалың былғарыдан екі қабатталып жасалады да, сыртына күмістен, алтыннан және асыл тастардан сан алуан әшекейлер орнатылады. Кісеге былғарыдан жасаған үлкен қалта (кісе) пышақтың қыны және бірнеше жалған қалталар, яғни шағын салпыншақтар ілінеді. 1733—1737 жылдары жасалған осындай кісенің бір тамаша данасы СССР Ғылым академиясының Ленинградтағы Антропология және этнография музейінің қорында сақтаулы. Бұл кісе музейге бұрынғы Костанай уезінен келіп түскен. Оны тапсырушының айтуынша, кісе Уалихан балаларының бірінікі болса керек. Осы тәрізді кіселер Қазақстанның барлық аудандарында жасалды. Олай дейтіміз, мұндай кіселер түрін біз Қазақстанның барлық облыстық музейлерінен және этнографиялық экспедициялар кезінде ел арасынан да жиі ұшырастырдық.


Орта жастағы не жігіт ағасы болған салсерілер кезінде қамзол сыртынан кемер белбеулер буынған. Кемер белбеу адам белін бір

ғана орайтындай қысқа болады, екі басына темірден қапсырма орнатылады, сырт жағының өн бойы күміс, асыл тас әшекейлерімен безендіріледі. Мұндай белдіктерді әйелдер де пайдаланды. Еркектерге арналған кемер белбеулердің негізі жібек, барқыт немесе шүгәдан жасалды.

Ұзатылатын қыздарға арналған үзбелі күміс белбеудің бір тамаша үлгісі Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінде сақтаулы тұр. Ол белбеудің бастарына, яғни қапсырмасына өте көркем өрнектер жүргізумен бірге үш бірдей ақық тастар орнатылған. Қапсырманың екі жағынан күміс шынжырлармен жалғастырылған 14 дөңгелек күміс тамалардың орталарына перуза тастары орнатылып, күміс сыртына алтын жалатылған.

Кісе болсын, кемер белбеу болсын, олардың өн бойына орнатылатын күміс әшекейлердің беттеріне ою-өрнектер безеліп, қарала, тынық жүргізіледі, кейде алтынмен де апталады.

Жоғарында келтірілген деректерге қарағанда, революцияға дейінгі қазақ зергерлерінің ісі нағыз өнер деңгейіне көтерілгендігі байқалады. Ендіше, олар жасаған бұйымдардың өн тауір үлгілерін бүгінгі зергерлер өз творчествосында жиірек пайдаланса, құба-құп.





1—2. Түймелер

3—4. Күміс түймелер



5. Алқаның бір бөлшегі

6. Күміс оймақ

7. Күміс білезік. 1—2, 4, 5, 7-сурет Қазақ ССР Ғылым академиясы археология музейінен; 3, 6-сурет Ө. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен





1. Қарала жүзік
- 2, 5. Құс тұмсық жүзіктер
3. Құлағы жүзік
4. Отау жүзік
6. Күміс жүзік
7. Топсалы білезік
8. Жұмыр білезік
9. Тұмарша. 1—3, 7—9-сурет Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен; 4—6-сурет Қазің ССР Ғылым академиясының археология музейінен





1—4. Күміс тамалар. Қазақ ССР Ғылым академиясының археология музейінен



5. Тіс шұқыраш. Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен



1. Алқа
2. Шашыбай
3. Тұмарша

4. Тұмарша. Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен; 1, 3-сурет Ә. Кастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен, 2-сурет Қазақ ССР Ғылым академиясының археология музейінен






1—2. Шашбаулар. Екеуі де Қазақ ССР Ғылым академиясының археология музейінен







1. Шашбау
2. Шолы. Екеуі де Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен





1—9. Қапсырмалар мен алқа. Бәрі де Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейі мен Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен



1—5. Сырғалар. Бәрі де Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейі мен Қазақ ССР Ғылым академиясының археология музейінен







Сүйек пен мүйіз ұқсату

Қазақ колонерінде сүйек пен мүйіз өңдеу ісі өз алдына жеке кәсіп ретінде бөлінбеген. Ертеректе сүйектен кейбір еңбек құралдары мен қару-жарак бөлшектерін жасаған. Ағаштан жасалатын үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарды көркемдеу үшін мал сүйегін кенінен пайдаланған.

Үй бұйымдарын әсемдеуге жылқы мен түйе сүйектері ғана жараған. Оның өзінде, ең алдымен, олардың жауырын сүйектері мен қабырғалары қолданылса, кейде әсемдеу үшін жіліктің қас сүйегі іске асқан. Әдетте, қыстығүні соғымға сойылатын ірі жылқы мен түйе сүйектерінің жарамдыларын тастамай, жинай беретін-ді. Шеберлердің айтуынша, шикі сүйектерден гөрі асылған еттің сүйегі өңдеуге қолайлы болады. Семіз соғымның сүйектері тым майлы болған жағдайда, оларды артық майдан арылту мақсатымен өңдеу алдында тағы да бірнеше сағат суға қайнатып алады. Сүйекті іске қосу алдында суға қайнатудың тағы бір себебі, кеуіп тұрған сүйектен гөрі қайнатылған сүйекті өңдеу оңайға түседі.

Алдымен жылқы және түйе жауырындарының кемісзін қас сүйегінің екіге жаруға келетін жалпақ етек жақтары мен қабырғаларының жалпақтауын қол арамен кесіп, кесінділерді шапашотпен мекімтен әбден арылтып алады, содан кейін іске кіріседі.

Әсемдейтін бұйымдардың ыңғайына қарай, дайындалған сүйектерден мүмкіндігінше көлемі жағынан біркелкі тік бұрышты, төрт бұрыш, шаршы үш бұрыш, ромбы тәрізденген ешекейлер кесіліп алынады, олардың беттері тегістеледі, мұқият өңделеді. Сүйек бетін өңдеу үшін пышақ, шапашот, егеу, шыны сынықтары қолданылады. Сүйек ешекейлерді ағаш бұйым бетіне шеге арқылы ұстататындықтан, олардың шеге қағылатын тұстарын жінішке қуысқұлақпен алдын ала тесіп алады. Сүйек ешекейлердің бетіне бедерлі ою-өрнек ойылумен бірге сымз әдісімен әр түрлі геометриялық өрнектер де жүргізіледі. Сүйек бетіне жүргізіл-

ген бедерлі оюлардың түрі қызыл, қоңыр, жасыл бояулармен боялады. Кейде сүйек ешекейлердің өзін мүсіндеп, оймалаумен бірге ағаш бетін ойып орналастырады. Сүйек ешекейлерімен әсемделетін үй бұйымдарының түрлері көп-ақ. Оның ішінде, әсіресе, жиірек көркемделетіндері — кебеже, төсағаш, сандық, ер, піспек басы, адалбақан, қант тоқпақ және домбыра сияқты музыкалық аспаптар. Жылқы мен түйенің асық жіліктерінің жінішке жағының қас сүйектері пышақ, қылыш, қанжар, ожау саптарын әсемдеуге кеңінен пайдаланылады.

Сүйекті түзетіп, жонып, тегістейтін құралды бастырық не қысқы дейді. Жалпы, сүйекті жону, өрнектеу, шегелеу, сүйекке күміс қақтау жұмыстары — асқан шеберлікті талап ететін өте нәзік өнер.

Ірі қара, серке, арқар, ақбөкен және таутеке мүйіздері мен тұяқтарын хас шеберлер өте тиімді пайдаланатын болған. Мәселен, сиыр, серке мүйіздерінен шақша, тарақ; ақбөкен мүйізінен қамшының сабы, шиті мылтықтың сирақтары, арқар және таутеке мүйіздерінен қымзы ожау, қасық сияқты заттар жасалады.

Сүйекке қарағанда, мүйіз жонуға, июге, қалыпқа салуға, тесуге, шегелеуге өте ыңғайлы. Және оны оюлап өзге заттарға қиюластыру да жеңіл.

Жоғарыда айтылған үй жануарлары мен тағы аңдардың мүйіздерін іске жарату үшін, оларды жастай жинап, ылғи көлеңкеде сақтау қажет. Өйткені, далада көп жатып, қабыршақтанып, әбден қураған мүйіздер іске жарамайды. Мүйізден жасалатын бұйымның ыңғайына қарай, бабымен кептірілген мүйізді қол арамен көлденең кесіп, дайындап алады да, ыстық қоламтаға бие сауым уақыт көміп, әбден жұмсартып, балқытады, одан кейін ғана шебер іске кіріседі. Айталық, шақша жасайтын болса, мүйіз кесіндісінің сыртқы пішінін қалауынаша өзгертіп, суығанша арнайы қысқашпен қысып қояды. Суыған мүйізді пы-

шақпен, егеумен, шынының сынығымен және киізбен мұқият өңдейді. Сосын сүйектен, ағаштан, күмістен, не мүйізден түп, қақпақ салып кейде сыртын күмістеп, көздің жауын алатындай етіп әсемдейді.

Сныр мүйізінің түп жақ кесіндісінен тарақ жасайды. Ол үшін арнайы жасалған әлді темір пышақпен мүйіз кесіндісінің бауырынан жара тіледі, алдымен мүйізді түзетіп, содан соң қысқашпен қысып қойып суытады. Сумған мүйізге тарақ кескінін нобайлап, мұқият өңдеген соң оны қысқашқа қысып қойып, бір жақ шетінен «еркек тістер» деп аталатын ірі тістер, екінші жағынан «ұрғашы тістер» деп аталатын жінішке тістер шығара жұқа қол арамен тілетін. Болмаса екі түрлі — бірі қалың, екіншісі жұқа нышақпен тарақ тісін тіледі. Дайын тарақтар егеліп, ыспаланады, боялып әдеміленеді.


Ақбөкен мүйіздерінің қуысы жоқ жінішке ұштарын қоламтаға салып түзетіп, бірнешеуін жалғастыру арқылы қамшының сабын жасайды. Оның сыртын да әдемілеп өңдеуге болады. Оны жез не күміс әшекейлермен көркемдейді.

Арқар не таутеке мүйіздерін қоламтаға көміп, балқытып барып, түзетуге болады. Ал, сыртындағы кедір-бұдырын шаппа шотпен шауып, пышақпен жонып тастайды. Сөйтіп барып, шағын қымыз ожаудың басы мен сабын тұтастыра шығарады. Бұл аңдардың мүйізінен пышақ, семсер, қанжар, қылыш саптары да жасалған.

Ерте замандарда сүйек пен мүйізден жебе, ине, пышақ жасағандығы археологиялық зерттеулерден белгілі. Келе-келе халық өміріне металл түрлерінің енуіне байланысты сүйек пен мүйізден, жоғарыда көрсетілген, құрал түрлерін жасау сирей бастады. Өйткені, қару-жарақ, құрал-сайман ретінде сүйек пен мүйіз металл түрлерінің қайсысымен болсын бәсекелесе алмайтыны айрықша дәлелдеуді, әрине, қажет етпейді ғой.

Осы көрсетілген үй бұйымдарының ішінде сүйекпен көркемделетін беттері көлемдірек келетін кебеже, төсек ағаш сияқты бұйымдардың беттерін әдетте бірнеше төрткүлге бөліп, олардың әрқайсысының беттеріне ою-өрнек ойылған көлемді келген сүйек тақтайлар күміс бүркеншікті шегелерден қиыстырылатын. Әр төрткүлдің ортасына күмістелген бедерлі темір әшекейлер орнатылатын. Ажурлы әшекейдің астына төселетін қызыл не жасыл шұға, көксауыр былғары, дәл ортасына аяқ не перуза тастарынан, яки түрлі шынылардан орнатылатын көздер сүйек түсімен үйлесім тауып, безендірілген бұйым бетінің реңін енгізетін.


Мұқият өңделген сүйек әшекейлермен мейлінше ұқыпты безендірілетін үй бұйымдарының бірі ұзатылған қыздарға арнайы дайындалатын қол сандықтар. Бұлардың хас беттері, екі жаны және қақпақтарының төбесі түгелдей сүйектелетін.





1. Білсу ағаш. Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен

2. Мүйіз шақшалар. Антропология және этнография музейінен. Ленинград


3—4. Сүйектелген асадалдар. Ә. Кастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен







- 1—2. Сүйектелген төсек ағаш
 3. Сүйектелген кебеже
 4. Сүйектелген сандық
 5—6. Сүйектелген асадал. Ә. Қастеев атындағы Қазақ
 ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен
 7. Сүйектелген кебеже. 1—4, 7-суреттер Қазақ ССР-інің
 Мемлекеттік орталық музейінен





Тері ұқсату мен етікшілік

Үй жануарлары мен әр түрлі аң терілерін өңдеу қазақ өмірінде ежелден-ақ үлкен орын алды. Өйткені, революцияға дейінгі қазақ жұртшылығы иленген мал, аң терілерінен сан алуан киім түрлерін тігіп киген-ді. Сонымен бірге, өздері илейтін немесе сатып алатын былғары түрлерінен қазақ шеберлері киімнен басқа көптеген үй бұйымдарын да жасады.

Қазақ шеберлерінің ішінде ел арасында тұрып, тері илеуді кәсіп еткендері де аз болмаған. Ондай ісмерлер, негізінен, Өскемен, Семей, Омбы, Орынбор, Орал, Гурьев; оңтүстігіндегі: Верный (Алматы), Әулиеата (қазіргі Жамбыл), Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қалаларында тері илеп, былғары жасауды үйренген қазақтар кейінірек ел арасына шығып, өз алдына осы кәсіппен айналысты. Осындай адамдарды біз 1956 жылы Шығыс Қазақстан облысы Улан ауданы Амангелді атындағы колхозда кездестірдік. Олар ағайынды Сағаді мен Арын Тоқаевтар болатын. Бұлар XX ғасырдың басында Өскемендегі былғары зауытында істеп, былғары жасау өнерін менгерген соң, Өскемен уезінің Сібе болысындағы еліне оралып, өз алдына осы кәсіппен айналысқан. Олар жасаған сапалы былғарыларды сол атыраптағы орыс және қазақ жұртшылығы бірдей сатып алып отырыпты. Мұндай кәсіптегі адамдар Қазақстанның басқа өңірлерінде де болған.

Мал терісін илеудің ел арасына кен тараған екі түрі бар. Біріншісі — ағаш күбіге немесе басқа кен ағаш ыдысқа айранның сары суына, ашыған іркітке, ұн, кебек, тұз салып ашытады да, теріні соған салады. Екіншісі — тері бетіне ұн, тұз араластырылған іркіт жағу арқылы орындалатын. Мұны иі жағып илеу дейді.

Мал терілерін өңдеу тәсілдерінде көптеген өзгешеліктер бар. Ол өзгешеліктер қай түліктің терісінен қандай бұйым жасайтынына байланысты. Мәселен, сырт киім, бас киім тігуге арналған қозы, лақ, құлын терілерінің немесе әр түрлі аң

терілерінің жүнін алмай илейтін-ді. Ол үшін әлі кеуіп үлгірмеген жас терілерге немесе су бүркіліп жібітілген терілердің өң жағына іркіт жағып, ұн не кебек, тұз сеуіп алып, тері бетіндегі иді араластырып, терінің шеттерін үстіне қарай қайырып, жылы жерге бүктеп қояды. Мұндай әдіспен иленетін терілердің иі қану, яғни дайын болу мерзімі тері түрлеріне байланысты. Қозы, лақ және аң терілері жылдам иі болса, үлкен қой-ешкінің, әсіресе, құлын, жабағы не тай терілерінің иі болу мерзімі әлдеқайда ұзақтау келеді. Орта есеппен 3—5 күн ішінде қандай теріге болсын иі сіңіп үлгіреді. Иден шыққан теріні көленкеде кептіріп, талқыға салып жұмсартады, содан соң қырғышпен қырып, өңдейді, жақсылап уқалайды. Елтірі мен аң терілерін талқысыз-ақ уқалап жұмсартады.

Көбінесе, бас киім немесе ішік тігетін аң терілері мен елтірі, сеңсендерді боямай-ақ матамен тыстап тіге береді. Ал, қыс киетін тон, шалбар тігуге арналған қой терілерін томар бояу немесе қара тал қабығының қайнатындысымен бояйды. Жарғақ және тайжақы тігуге арналған құлын, жабағы немесе тай терілерінің жүні сыртына қаратылғандықтан, оларды боямай-ақ матамен астарлап тігеді. Ешкі терісінен тақыр шалбар; серке терілерінен кестелі жарғақ шалбарлар тігу үшін немесе ірі қара терілерінен үй шаруасына қажетті қайыс, аяқ киім тігуге арналған көн илеу үшін теріні суық суға салып, өден жібітіп алып, жүнін ұстамамен қырып тастайды. Кейде жас теріні бүктеп жылы жерге 2—3 күн қою арқылы жүнін жидітіп те түсіреді. Жүні алынған терілерді ағаш күбіге салып үстінен иі құяды. Мұндай терілер иіге түгелдей батып тұрады да, бір жетінін ішінде иіге қанады. Иіден шыққан терілерді көленкеде кептіріп, талқыға салып жұмсартады. Қайысқа арналған теріні талқыдан кейін оңдемей, сол күйінде кептіріп қояды да, керек болғанда шетінен таспалап, тіліп алып отырады.



Етікші жұмыс үстінде. Антропология және этнография музейінен, Ленинград

Ал, аяқ киім не болмаса баскадай үй бұйымын жасауға немесе оларды көркемдеуге арналатын теріні талқыдан соң қолымен уқалап, қырып өңдейді де қара, қоңыр түсті бояулармен бояйды.

Түрлі ас құятын ыдыс жасауға арналған жылқы, түйе, сиыр, серке терілерін, әдетте, илемейді. Өйткені, иленген тері су тисе болды тез жібіп, былжырап кетеді, оған құйылған сұйық тағамға иінің дәмі шығып тұрады. Сондықтан саба, торсық, жан торсық, сүйретпе, көнек жасауға арналған жылқы терісінің жүнін ұстарамен қырып, кейде, тіпті, жүнімен аязға тастайды да, көктемде қайта жібітіп, жүнін алып ыстауға кіріседі.

Қазақ арасында тері ыстауға маманданған ысшылар болған. Саба жанартқысы желгендер терісін жинап, ысымға ыстататын-ды. Мәселен, Көкшетау төңірегінде (1970), Сыр бойынан (1971), Жетісу өңірінде (1974) жиналған деректерге қарағанда, революцияға дейінгі ысшылар кыстау жанында бірнеше жылқы терілерін бірден ыстау мақсатымен жертөле қазып, оның төбесін топырақпен түтін шықпайтындай етіп жауып отырыпты. Тек бір шетінен аздап леп шығып, ауа кіріп тұратын саңылау қалдырады. Жертөле ішіне бірнеше жылқы терілерін қырынан ілу үшін ар теріге екіден ұзын сырғауыл дайындап, біреуін жертөле төбесінің астынан орнатып, оған жіңішке жіптермен терінің ар жерінен ілетін де, төменгі жақ шетінің ар жерінен жіңішке жіптер арқылы астыңғы сырғауылға байлап, сырғауылды жерге тимейтіндей етіп салбыратып қояды. Сырғауылдың салмағымен тері жақсы керіліп тұрады. Теріні ысқа ілер алдында суға салып, жібітіп, мұқият шөлдеп, жүнін тегіс қырып тастайды. Осылайша ілінген терілер бір-біріне тимей, әбден сорғып, дегдуді қажет етеді. Жертөле есігі де

түтін шықпайтындай болып жабылады. Бұдан, әрине, Қазақстанның барлық өңірінде тері ыстау үшін тек осындай жертөлелер қазылады екен деген ұғым шықпаса керек. Мәселен, кейбір ауылдар терілерін ысымға бермей-ақ, ені 1 метр ұзын ор қазып, оған әркім белгі салынған терілерін іледі де, төбесін шыммен жауып, арнайы мұржа арқылы тобылғы, қайын түтінін жібереді. Тері ыстаушылар отты кезекпен жағады. Кейбіреулер жалғыз-жарым терілерін шыммен не құрым киізбен жабылған шағын күркелерде де ыстай біреді.

Тасы көп таулы жерлерде, әсіресе, оңтүстік Алтай атырабында ысшылықты кәсіп еткен адамдар ысты тастаң да салатын-ды.

Ыстың жанынан беті жабық жерошақ қазылады да, одан шығатын түтін арнайы жасалған ұзындығы 2—3 метрдей мұржамен жертөле ішіне тоқтаусыз баруы қажет. Жертөле мен жерошақ арасының мұншалықты қашық болатындығы — от жалынның тікелей жертөле ішіне жетпеуін көздегендіктен. Өйткені, ыстық жалын лебі терілерді бықтырып, күйдіріп жіберуі мүмкін.

Жерошақта бықси жанған қайыңның не тобылғының түтініне жертөле толғанша от жағылады. От күн сайын, кейде күніне екі рет жағылады. Оның өзі жертөлеге толтырылған түтінінің қаншалықты сақталуына байланысты. Тері ыстау үшін қайын мен тобылғыдан басқа араштың, әсіресе, май қарағай немесе ки, тезек сияқты отын түрлері еш уақытта қолданылмайды. Мұндай отын-дардың майы сіңген сабаның қымзынан оның жағымсыз қышқыл дәмі шығып тұрады.

Жоғарыда айтылған әдіспен күн сайын ыс салып отырғанда, бір ай шамасында терілер дайын болады. Теріге ыс сіңуі барысын үнемі бақылап отырады. Терілерді күйдіріп алмай, әбден бабына келтірген уақытта тері жұқарып, тығыздалып, артық майы шығып шымылтырланады. Ар жағынан күн көрінгендей жағдайға жеткенде ыстау жұмысы тоқтатылады. Кейде терінің тілген жері ақ жолақтанбай, қара қошқылданып жылтырап тұруы керек. Жеріне жете істалған теріден тігілген сабаның ішіндегі қымыз дегені сабаға жарық түскенде анық керіліп тұратындай болуы керек. Сабаны, көбінесе, 1—3 жылқы терісінен жасатады. Бұрын атакқұмар байлар үлкен астарға көп қымыз апарып, атын шығару үшін 10 жылқының терісінен саба жасататын болса керек. Сабаның түбі шаршыланып, жоғары жағы құсырыла келіп, мойнына піспек басы еркін сыятындай болып пішіледі де, шуда жіппен сырт жағынан жөрмей тігіледі.

Кейде жүні қырылған теріні бірер күн қара тал қабығының не томар бозудың жалымшыы қайнатындысына салып, бозу сіңіріп алады да, біраз дегдиген соң, одан саба тігіп, дайын сабаны ыстайды.

Сабадан қалған тері кесінділерінен үлкенді-кішілі торсық, жан торсық, сүйретпе сияқты ас құятын ыдыстар да тігеді. Сүйретпеге түйенің мой-

нағы да жиі қолданылатын болған. Жан торсықтың көлемі шағын, сыйымдылығы 2—3 литрлік болатын да, әр түрлі тәсілдермен көркемделді екен. Жылымшы томар бояу қайнатындысынан шыққан тері біраз дегдіген соң, одан бірнеше жан торсық пішіліп, өрнектеліп барып тігіледі, сосын ішіне ыстық құм толтырып кептіреді. Торсық кепкен соң құмды төгіп, ысқа іледі. Мұндай әдіспен жасалған жан торсық өз пішінін еш уақытта жоймайды.

Жол жүргенде қымыз құйып алып жүру үшін жасалатын қолайлы ыдыстың бірі — м.с. Месті бітеу сойылған серке серкенің терісінен жасайды. Ол үшін жібітілген серке терісінің жүнін ұстарамен алып, тазалап шелдейді. Бұдан соң оны тал қабығының түздалған қайнатындысына бірер күн ұстап, түбін шуда жіппен тігіп, біраз дегдітеді, одан кейін уқалап, созылап жұмсартыады. Жел қақтырып кептіргеннен кейін, местің мойнынан тобылғы түтінін жіберіп, 2—3 күн бойы ыстайды. Сөйтіп, оны дайын ыдыс ретінде керегіне жарата береді. Қымыз құйған месті көлікке артып, бір жерден екінші жерге жеткізерде леп шығып тұру үшін, местің аузына іші қуыс қой жілігі қоса байланады. Өйтпесе мес жарылып кетеді. Жолшыбай мөстен қымыз құйып алғысы келгенде, оны көліктен түсіріп жатпайды, бітеу сойылған серке терісінің алдының аяғының біреуінің ұшын тікпей, шүмек есебіне қалдырады, ол жерді ағашпен мықтап тығындап қояды, соны ашып, мөстен қымыз құйып алады. Жасамалы серкенің терісінен жақсылап істеген мес көпке шыдайды. Қымыз біткеннен кейін, оның ішін сумен шайқап, көленкеге іліп, жел қақтырады. Қатырмай керіп-созып, майлап отырады.

Жылқы, сиыр және серке терілерінен өздері идеятын қалың былғарыны халық көн дейді. Одан тоқым, тебіңгі, белбеу, жағлан жасаумен бірге етік, масі тігіледі. Бұрын аумақты адамдар мұндай заттарды, көбінесе, саудагерлерден сатып алынатын қалың былғарыдан, хромнан (жұқа былғары) жасататын болған.

Тоқым, тебіңгі, жағлан жасауға арналатын көнді де, қалың былғарыны да ою-өрнектермен көркемдейді. Оның өзі әр түрлі әдістермен орындалады. Қалың көн мен былғарының бетіне ою түсіру үшін, оны, ең алдымен, суға салып, жібітіп алады. Аздап дегдігеннен кейін оның бетіне мүйізден не сүйектен жасалған сызғышпен жүргізетін оюдың ізін түсіреді. Енді бірде тақтай үстіне жайылған былғары бетіндегі өрнек бойымен ұшында кішкене шеңбер ізі бар темір қадауына ағаш тоқпақпен уру арқылы болмаса қалың жүзді жалпақ шапқымен терен із қалдырып көркемдейді. Көн не қалың былғары бетіне бедерлі ою-өрнек жүргізу үшін ағаштан арнайы қалып жасалады. Қалыптың бетіне бедерлі ою ойылады, оның үстіне жібітілген көннің не былғарының өңі астына қаратылып төселеді. Сөйтіп, балғаның жіңішке басымен былғарыны таптай уру арқылы оған бедер түсіреді. Мұндай бедерлі оюдың кепкеннен кейін

жойылып кетпеуі үшін, астына желімге иленген балшық қоймалжыны толтырылады. Желім араласқан балшық былғарыға жабысып қатып қалады да, былғары бетіндегі бедерлі өрнектің ұзақ уақыт сақталуына жағдай туғызады. Кейде осындай қалып арқылы жүргізілген бедерлі оюлардың айнала қиғегі астармен қосыла, жіңішке тарамыспен қайылып тігіледі. Бұл әдіс ою-өрнектің былғары бетінде айқын тұруымен бірге, оның көпке дейін жойылмауына көмектеседі. Мұндай бұйымдардың бет жағы әр түрлі тәсілдермен жүргізілген ою-өрнектерге қоса күміс, тас, сүйек әшекейлермен де безендіріледі.

Қазақ арасында жылқы терісінен көн илеп немесе сатып алатын қалың былғарыдан бедерлі ою-өрнек жүргізілген тұс киіздер жасайтын шеберлер де болған. Әрине, мұндай бұйымдарды, көбінесе, аумақты адамдар сонау 18—19 ғасырда жасата алатын. Мұндай бұйымдарды жасау тәсілі қазіргі күнде ел арасынан мүлдем ізін жоғған. Осы үлгідегі былғары тұс киіздің бір тамаша үлгісі Қазақ ССР-інің Мемлекеттік Орталық музейінің қорында сақталған. Оның көлемі $2 \times 1,5$ м шамасында. Мөлшермен 18 ғасырда жасалған бұл дүниенің ісіне, көркемделу стиліне қарағанда, Жетісу өңіріндегі айтулы өнер иесінің қолынан шыққан туынды деуімізге болады. Музей деректері де соны қуаттайды.

Тұс киіз өңіне түсірілген өрнектің композициялық құрылымы әдеттегі киіз, мата, тұс киіздердікіндей дәстүрлі бөліністерден тұрады: ортасы шеті, жиегі бір-бірімен кестелініп бөлінген де әрқайсысы өзінше оюланып безендірілген. Ою мотиві, негізінен қазақтың дәстүрлі қошқар мүйіз, сынар мүйіз, өрнектерінің ұнамды үлесімі арқылы өз көркемдік шешімін тапқан. Тұс киіз бетіне жүргізілген бедерлі ою-өрнек ынтағайына қарай, симметриялық заңдылықты сақтай орналасатын 107 әр түрлі күміс розеткалар бар. Олардың басым көпшілігі күн символы тәрізді дөңгелек розеткалар да, қалғандары ұшқан күс бетінен не жарты ай кескінін танытатын әшекейлер.

Сөйтіп, бедерлі ою-өрнекпен безендірілген қарақошық былғарыдан жасалған тұс киіз негізінің бетіне тігілген ақ, қызыл жібек кестелер, ақ күмістен орнатылған әр түрлі әшекейлер тұс киіз бетінде үйлесім тауып, оның ренін енгізіп тұр.

Мұның өзі қазақ шеберлерінің жоғары талғамдылық дәрежесін аңғаруға мүмкіндік бергендей. Олай болса, бұл бұйым бұрынғы өткен қазақ шеберлерінің өнерлі еңбегінің бізге жеткен тамаша үлгісінің бірі екені даусыз.

Қазақ өмірінде ірі қара терісінен иленетін қайыс тал үлкен орын алды. Иленген теріден қайыс жасау үшін малмадан иі қалып шыққан теріні келенкеге дегдітіп, талқыға салып, жұмсартып алады да, керегіне жарата береді.

Қазақта ағаш талқының екі түрі болады. Бірі ағаштың екі айыр жерінен жасалады. Ол үшін айыр ағаштың үстіңгі бетіне кертпе бедер жасалады.



Жағандар. Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік музейі мен Қазақ ССР-інің Мемлекеттік ырталық музейінен

Айыр ортасынан келетін білектей қайыңның бір басым топсалап орнатып, оның астыңғы қырынан кертпе бедерлер түсіріледі. Қайысты осы керткі ағаштардың арасына салып жұмсартады. Талқының екінші, кейінірек қалыптасқан түрі мынадай: оның ұзындығы 40—50 сантиметр, жуан ағаш кесіндісінің ортасынан биіктігі 50—60 сантиметр екі тактай (арасы 25—30 сантиметр) тігінен орнатылады. Тактайлардың жоғарғы қырлары жұқартылып жонылады. Иленген теріні осы талқының үстіне келденен салып, тіземен басу арқылы қайысты жұмсартады. Кейде қайысты ағаш жаңғырық үстіне салып, қол тоқпақпен ұру арқылы да жұмсартатын болған.

Қайыстан қамыттың құлақ бауы, айыл, шілія, жүген, тізгін, шылбыр, қанжыға, қамшы, божы, тұсамыс, шілер, нокта, тағы басқа да үлкенді-кішілі бұйымдар жасалады.

Қазақ арасында ежелден бері етікшілік өнері де кең дамыған. Семья мүшелеріне түгелдей аяқ киім тіккізгісі келген адамдар, әдетте, етікшіні өз үйінде бірнеше ай бойы ұстайды. Етікшілердің құрал-саймандары онша көп болмайды, олардың бәрі шағын ағаш қобдиға сыяды. Олар — балға, шапашот, шағын төс, пышақ, түрпі, кергіш ағаш, тістеуік, ине, қаю біз, жуан қайқы біз, шеге біз, әр түрлі қалыптар және басқа да саймандар.

Аяқ киім тігуге қажетті көн, былғары, қайыс, ұлтан, сірі, тоз, тарамыс сияқты заттарам, әдетте, аяқ киім тіккізушінің өзі табады. Тек, ағаш шеге жасайтын кепкен қайың кесіндісін, ұсақ темір шегелерді, үлкенді-кішілі қалып түрлерін етікші ардайым өзімен бірге ала жүреді.

Өзіне керекті саймандардың бәрін, сондай-ақ, аяқ киім түрлеріне арналған қалыптарды етікшінің өзі жасап алады. Аяқ киім түрлеріне арнап қалып шабудың бір ерекшелігі — тұзу табан болып шабылған бір қалыптың екі аяққа бірдей жарай беретіндігінде.

Ертеректе қазақ етікшілері ер адамдарға арналатын етіктің бірнеше түрін көннен не қайыстан жалаң қабат етіп тігетін. Жаздығүні ат үстінде жүргенде киетін көн етіктердің басы қайқы, ұлтаны ішінен тігілетіндей жұмсақ келеді. Мұндай етіктерге өкше мүлдем салынбайды немесе өте жұқа болады. Қыста ерлер киетін ұзын қонышты, киіз байпақты етікті саптама етік дейді. Киіз байпақпен, кейде, тіпті, аяққа шұлғау орап не мәсінің сыртынан киетіндіктен саптама етіктердің басы да, қонышы да кең болады. Мұндай етіктердің байпағы, әдетте, тізеден асады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласына сырттан келетін былғарының тарауына байланысты, саптама етік пен жеңіл етіктерді қалың қара былғарыдан тігу өріс алды. Сонымен бірге, орыс үлгісімен қисық табан жеңіл етік тігу де біртіндеп берік орын ала бастағандығы белгілі. Әйелдерге арналған жеңіл етікті қара, қызыл, жасыл түсті жұқа былғарыдан сәндеп тігеді. Олардың өкшесі биік келеді, қонышы түсті жібек барқыт-

тармен көркемделеді, сонымен бірге сәнді кестеленеді.

Ер адамдарға арналған кебісті көннен немесе қалың былғарыдан түзу табан етіп тігеді. Бұлардың өңшесі биік болмайды. Әдетте, еркек етіктері мен кебістерінің өкшесіне темірден нәл қағады. Әйелдерге арналған кебістер түрлі түсті жұқа былғарыдан тігіліп биік өкше қағылады, әр түрлі жібек жіптермен кестеленіп көркемделеді. Әрине, мұндай асем кебістерді ұзатылатын қыздарға арнап жасататын болған.

Кебісті, әдетте, ерлер де, әйелдер де мәсімен киеді. Мәсіні көннен, қалың былғарыдан, ал әйелдерге арналатын мәсілерді сатылып алынатын түрлі түсті жұқа хромдардан тігеді.

Мәсі тігудің екі тәсілі болған. Оның ішінде ең көп тарағаны — жалан қабат ұлтанды мәсінің басын ішінен тігу әдісі. Ол үшін мәсінің қонышына басын, намаздығын тігіп алып, теріс айналдырады, сосын қалың былғарыдан ұлтан шегеленген қалыпқа тартылады, ұлтан мен мәсінің басын жуан тарамыспен қайып тігеді, онан кейін қалыңты суырып алып, мәсіні айналдыра салады.

Мәсі тігудің күрделірек тәсілі — қос ұлтандап тігу. Ол үшін қонышына басы мен намаздығын тігіп болған соң, ішпектелген қалыпқа тартылады. Содан кейін сыртынан ағаш шегелермен қалың ұлтан шегеленеді, оған бір қабат аласа өкше қағылады. Мұны халық шетік мәсі деп те атайды.

Етікшілер етік тігуде олардың өкше сірісін мықтап жасауға көбірек көңіл бөледі. Ол үшін

өкшелікті былғарыдан екі қабаттап тігеді, арасына сіріден немесе қайың тозынан өкше сірі салады.



Етік, шетік мәсінің ұлтанын шегелеу үшін қолданылатын ағаш шегелерді әбден кепкен қайыңнан жасайды. Әдетте, етік шегесі ірірек, мәсі шегесі кішірек келеді.



Етікші ісінде орын алатын заттың бірі — тарамыс. Тарамысты соғымға сойылатын ірі қараның сирағындағы сіңірінен дайындайды. Сіңірді кесіп алысымен күлге бір аунатып қораның құмдығына іліп қояды, сөйтіп ол жазға дейін қатып, кеуіп қалады. Кепкен сіңір еш уақытта бұзылмайды. Одан тарамыс жасау үшін, алдымен, ағаш тоқпақпен соғып жұмсартады, содан кейін талшықтарға бөле тарамдайды. Міне, осы тарамдалған сіңірдің жіңішке талшықтарынан жіңішке және жуан тарамыстар ширатылады.

Сонымен, революцияға дейінгі қазақ өмірінде аң, мал терілерін ұқсатып, одан әр түрлі киім тігу, үй бұйымдарын, ер-тұрман абзелдерін, ыдыс түрлерін жасау үлкен орын алған. Көрші елдермен сауда-саттықтың артуына байланысты, көптеген дайын былғары түрлерінің қазақ даласына жайылуы көп илеуді азайтып жіберді, сөйтіп одан жасалатын бұйымдар да азая бастады. Дегенмен, сауда-саттықтың күрт өсуі былғары түрлерінің қазақ өміріне берік енуіне қолайлы жағдай туғызды. Бұдан былай қазақ шеберлері көннен, сіріден, тақыр жарғақтан, былғарыдан тігілетін киім түрлерін, жасалатын үй бұйымдарын оқлап, кестелеп, күмістеп көркемдеуге көп көңіл бөле бастады.




1—2. Жармақ шалбарлар
 3. Әйелдің оялы етігі
 4. Көк етік
 5. Кісе
 6. Қамшы. Барі де Антропология және этнография музейі-
 нен. Ленинград










1—3. Кісе. Үшеуі де Антропология және этнография музейінен. Ленинград





1. Былғары түс киіз. 1, 4-сурет Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен
2. Күмістелген қорамсақ
3. Көй қорамсақ. 2—3-сурет Антропология және этнография музейінен. Ленинград
4. Күмістелген ер-тоқым
5. Тебіңгі. Ө. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен







1. Жүген
2. Құйысқан
3. Бызланы тоқым мен табиңгі. Үшеуі де Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен
4. Құйысқан, тастан және өмілдірік. Ө. Кастеев атындағы Қазақ ССР-інің Мемлекеттік өнер музейінен



1. Көнек
2. Торсықтар. Үшеуі де Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен





Кесе қатар. Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейінен



Тас өңдеу

Тастан жасалған қандай бұйым болсын ұзақ уақыт бойы сақталатындығы белгілі. Өйткені, тас шірімейді, жұмылу, тозу процесі өте баяу жүреді, тіпті, сыну қаупі кездескенімен, ондай бұйымдардың бастапқы қалпын қандай болғанын болжау қиынға түспейді. Қазақстан жерінде тас түрі көп.

Археологиялық зерттеулерге қарағанда, Қазақстан жерінде тас өңдеу дәуірі неолит дәуірінен басталған. Сондай-ақ, қола дәуіріндегі Қазақстанның көне тұрғындарының сан ғасырлық мол тәжірибесі болғандығын ғалым, академик Ә. Х. Марғұлан 1979 жылы Алматыда жарық көрген «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» деген еңбегінде егжей-тегжейлі айта келіп, кварц, халцедон, яшма және басқа да осындай берік тастарды мұқият өңдеп шағын құрал-саймандар жасағанын, тас құпиясын меңгере түскендігін баяндайды. Әрине, бұл кезеңде тас өңдеу үшін металл түрлерін пайдаланудың өзі-ақ жасалағын өнімнің сапасын анағұрлым арттыратындығы даусыз. Келе-келе халықтың күнделікті өміріне қажетті кейбір еңбек құрал-саймандарын өте берік көкшіл не қызғылт граниттен де жасайтын болды. Олар — әр түрлі пішіндегі дән жарғыштар, жер өңдейтін кетпен-шот, тау-кен өндірісіне қажетті кен үккіштер, тас балға, келсап. Бұдан кейінгі замандарда тас өңдеу ісі одан әрі дами түсті, әсіресе, түркі қағандығы заманында (біздің заманымыздың XII ғасырына дейін) Орталық және Шығыс Қазақстан, Жетісу өңірінде дүние салған адамның басына ескерткіш есебінде оның мүсіндік бейнесін қашап қоятын болған. Мұндай ескерткіштерді «кемпір тастар» (каменные бабы) дейді. Оларды мұқият қашаудың арқасында өлген адамның жас, жыныс ерекшеліктерімен қоса марқұмның бет-алпет кескінін ұқсас бейнеленгендігі ғылыми тұрғыда дәлелденген жағдай. Мұндай тас ескерткіштердің басым көпшілігі жауынгер-сарбаздар

зиратына қойылады. Көпшілік жағдайда олар жалаң бас, мұртты болумен бірге, жағалы киім киген, оң қолында ыдыс не құс, сол қолы беліндегі қанжар сабында болады. Бұлардың ішінде әйелдер зиратына қойылатындары да аз болмайды. Олардың кейбіреулерінің басында қимешек тәрізді бас киім, екі қолдап көтеріп ұстаған ыдыс бейнеленеді. Ендігі бірі жалаң бас, өрілген бұрымды болумен бірге, алқа, сырға сияқты әшекейлер де тағады. Кейде, тіпті, жалаңаш әйел мүсінін бейнелейтін «келіншек тастар» да кездеседі. Осы айтылған тас мүсіндердің бәрін, әрине, сол уақыттың талантты шебер мүсіншілері жасады. Бұлар біздің заманымыздың VII ғасырында пайда болып, далалы атырапта оның кейбір өзгерген түрлері XI—XII ғасырға дейін сақталып келді. Ал, Қазақстан жерінде ислам дінінің үстемдік етуіне байланысты зират басына мұндай адам бейнесі мүсінделген тас ескерткіштер қою салты мүлдем жойылғандығын көптеген зерттеушілер сөз етеді. Өйткені, шаригат бойынша тек адам ғана емес, тіпті, барлық тірі жануарлардың суретін салудың өзі кешірілмес күнә болып есептелген. Олай болса, Қазақстанда ислам дінінің таралуы бейнелу өнерінің дамуына қырсығын тигізгендігі даусыз.

Жауынгер-сарбаздарға арналған мүсіннің шығыс жағынан бірнеше шағын тас бағаналар қойылатын болған. Оларды ғылымда балбал тастар деп атайды. Балбал тастарды жұмырлап, төрт қырлап, аздап нобай бере ыңғайланғанымен, артықша өңделмейді, оның бетіне ешқандай ою-өрнек, бейне, таңба салынбайды. Ғылымда қабылданған пікір бойынша, жауынгер-сарбаздар мүсінінің жанына қойылатын балбал тастардың саны оның өз қолымен өлтірген жауының санына тең болатын көрінеді. Ал енді, әйелдер басына қойылған тас мүсіндер (кемпір тас) жанына жоғарыда айтылған тас бағаналар (балбал тас) қойылмаған. Бұған қарағанда, балбал тастардың жауынгер-сарбаз мүсіндерінің жанына қойылу се-

бөбі туралы жоғарыда айтылған пікірдің дұрыстығына сенуге болады.

Түркі дәуірінде өлген адамдардың басына тас мүсіндер, балбалдар қойылды. Сонымен бірге түркі хандарының басына оның кім екенін, кейде, тілті, өмірбаян тарихын жазған тақтай тастар қойылатындығын белгілі совет ғалымы С. Е. Малов өз еңбегінде дұрыс дәлелдеген. XIX ғасырдың соңында мұндай көне жазулы тақтай тастардың бес данасы Жамбыл облысындағы Талас өзенінің бойынан табылды. С. Е. Малов зерттеулері бойынша, бұл тастар V—IV ғасырда түркі хандарының басына қойылған ескерткіштер екен. Ал, дәл осы тәрізді ескерткіштер сонау Монғолиядан бастап Батыс Қазақстанға дейінгі байтақ өлкеден көптеп табылғандығын айта келіп, Э. А. Масапов дәстүрлі қазақ құлпытасының тарихын бейнелі тас мүсіндерден гөрі осы көне жазулы тақтай тастармен орынды байланыстырады.

Қазақстан жерінде, қазақтың халық болып қалыптасқанынан бергі дәуірде, әр түрлі тау жыныстарынан салынған үлкенді-кішілі бейіттер мен жеке зираттар көп-ақ. Бұлардың ішінде ешбір ондеу ізі жоқ табиғи жұмыр тастар үйінділерінен, яғни көптеген обалардан тұратын үлкен бейіттер де кездеседі. Мұндай бейіттер, негізінен, Қазақстанның солтүстік аудандарында жиірек ұшырасады. Мәселен, «Молалы қуыс» деп аталатын осындай бейітті біз Баянауыл-Қызылтау атырабынан кездестірдік. Ал, енді, әр түрлі табиғи жалпақ тастардан төрт құлақты аласа шаршы қорған там салу дәстүрі Қазақстанның таулы аудандарының бөріне де тараған. Мұндай тас зираттарды, әдетте, өлген адамның артында қалған туыстары мен ұрпақтары өздері-ақ сала береді. Өйткені, мұндай там салу үшін артық шеберліктің де керегі болмайды. Өңделмеген табиғи жалпақ тастардан кейбір атақты адамдарға XIX ғасырда салынған үлкен тамдарды тас қалаушы шеберлер жасайды. Олардың көлемі 4×4 метрдей шамасында болды, ал қабырғасының биіктігі 4—5 метрге жетті. Әдетте, мұндай төрт құлақты, есігі бар, төбесі ашық, үлкен тамдарға бірнеше адам жерленді. Мұндай тамдар қатарына XIX ғасырдың екінші жартысында Баянауылдағы Қызылтау салаларына салынған Әкімбек, Бейіс зираттары жатады.

Қазақстан жерінде өңделмеген тақтай тастардан салынған еңселі күмбездер де бар. Олардың қатарына Орталық Қазақстандағы Домбауыл батыр мен Семей облысындағы айтулы Қозы Көрпеш — Баян сұлудың күмбездері жатады. Сірә, бұл күмбездерді руы ел болып, бірігіп салған болар. Өйткені, туым ертеректе, техниканың жоқ кезінде қыруар ауыр тастарды бір жерге жинау, оларды қалауға ыңғайлап сындыру, одан соң алып күмбез салу жалғыз-жарым шебер мен оның шағын көмекшілерінің ғана қолынан келер іс еместігі даусыз. Бұл құрылыстарды салуда көпшілік қауым-



Құмбестар. Манғыстау этнографиялық экспедициясы материалынан

ды ұйымдастырушы басшылар мен тікелей құрылыс жұмысын жүргізетін сәулетші өнерпаздардың да болғандығы айрықша дәлелдеуді қажет етпейді. Өйткені, сан ғасырлар бойы уақыт пен табиғат құбылыстарының қатал сынынан өтіп, осы күнге дейін сақталып келуінің өзі оларды салушы шебердің ісінің беріктігін, сәулетшілік есебінің дәлдігін дәлелдейді. Енді осы екі ескерткішке жеке-жеке қысқаша ғана тоқталайық.

Домбауыл күмбезі — қазіргі Жезқазған облысындағы Қара Кеңгір өзенінің бойында VIII—IX ғасырда оғыз-қыпшақ заманында салынған ескерткіш. Ел арасындағы аңыз бойынша, ол Домбауыл батырдың басына салынған. Әдебиетте Домбауыл күмбезін Домбауыл кешені деп те атайды. Оның түп жағы ортасына дейін шыршаланып келеді де, төбе жағы дөңгелепін күмбезделіп шығарылған. Сыртынан қарағанда киіз үйге ұқсайды. Ескерткіштің жалпы биіктігі — 6 метр, табаны — 9×9 метр, қабырғасының қалыңдығы — 2,5 метр шамасында. Күмбездің есігі оның оңтүстік-шығысынан шығарылған. Жел мен жауын-шашынның әсерінен есіктің жоғарғы жағы



құлап, біраз бүлінгендігі болмаса, 10 ғасырлық жасына қарағанда, жақсы сақталған.

Қозы Көрпеш — Баян сұлу басына қойылған ескерткіш туралы жазғандар көп-ақ. Бұл күмбез Семей облысы Аягөз ауданындағы «Таңсық» совхозының жанындағы шағын төбе басына табиғи қалақ тастардан төрт қырланып салынған. Ә. Х. Марғұлан өлшемі бойынша, мұның биіктігі — 12 метр, табанының көлемі — 6×6 метр, есігі оңтүстік жағынан шығарылған. Өткен ғасырдың ортасында Ш. Уәлихановтың айтуынша, мұның жанында үш әйел, бір еркектің тас мүсіндері болған. Кейін ол мүсіндер жоғалған. Дәл қазір ол мүсіндердің Қозы Көрпеш — Баян сұлу ескерткішіне қандай байланысының болғандығын кесіп айту қиын. Адам бейнесіндегі тас мүсіндер түркі заманына байланысты, ал «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастаны әлдеқайда кейін пайда болғандығын еске алсақ, бұлардың тікелей өзара байланысы, сірә, болмау керек. Олай болса, бұрыннан тұрған тас мүсіндердің жанына сөз болып отырған алып ескерткіш кейін орнатылған немесе ол жерге мүсіндерді басқа жақтан әкеліп орнатуы да мүмкін ғой. Бұлай деуімізге, біріншіден, Қозы Көрпеш — Баян сұлу күмбезінің жанынан 1856 жылы Ш. Уәлиханов көрген мүсіндердің белгісіз жағдайда жоғалып кетуі; екінші-

ден, Қазақстанның басқа жерлерінде кездесетін тас мүсіндердің жанында мұндай зәулім зираттың кездеспейтіндігі дәлел болғандай. Бұл ескерткіштің қай уақытта салынғаны осы күнге дейін анықталмай келеді. Әдебиет зерттеушілерінің жорамалы бойынша, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастаны мөлшермен XIII—XVI ғасырларда пайда болса, олардың атымен аталатын ескерткіш, шамамен, сол кезенге тап болар, сірә. Қазір бұл ескерткіш әжептәуір жөнделіп, мемлекет қарауына алынған.

Өлген адамның басына жұмсақ тастан өте сәнді және күрделі ескерткіштер қою дәстүрі Қазақстанның батысында ежелден бар. Әсіресе, Маңқыстау түбегі, Үстірт атырабы, Сам құмы, Жем, Сағыз, Жайық өзендерінің бойында жұмсақ бор тас, сұр құм тас, қызғылт қабыршық ұлу тастардан көркемдік сапасы өте жоғары сан алуан ескерткіштер қойылады. Жоғарыда көрсетілген тастар өте жұмсақ болады, оларды арамен кесуге, шотпен шауып, пышақпен жонып, қырғышпен қырып, түрпімен түрпілеп тегістеуге, арнайы аспаппен ою ойып, жазу жазып, көркемдеуге әбден болады.

Мұндай жұмсақ тастардың таусылмас қоры Каспий теңізінің шығыс жағалауында, Маңқыстау түбегі мен Үстіртте өте көп. Теңіз жағалауы-





1—6. Құштықтар. Бәрі де Маңғыстау этнографиялық экспедициясы материалынан





1—2, 5—6. Құлпытастар
3—4. Қойтастар. Бәрі де Маңғыстау этнографиялық экспедициясы материалынан



Құлпытастар. Бәрі де Маңқыстау этнографиялық экспедициясы материалынан

ның су жуып, жаркабақтанған тұстарында қабыршық ұлу тастың ірі-ірі кесектері көрініп жатады, іске жарайтынын арамен кескілеп ала береді. Ал, Үстірт, Маңқыстаудың жазық жерлерінде 1—1,5 метр топырақтан сон тұтасқан бор тас, құм тас немесе қабыршық тастың көлемді қалың қабаты жатады. Мұндай жерлерден арнайы кеніш (карьер) жасайды да, үлкенді-кішілі тас кесектерін керегінше кесіп ала береді.

Батыс Қазақстанның әр жерінде, әсіресе, Маңқыстау өңірінде, Жем бойында ертеректе мекендеген көптеген кедей жатақтарында жеті атасынан бері қарай тас қашап, өлген адамға әр

түрлі ескерткіштер жасауды кәсіп еткендер көп болған. Тек бұл араларда ғана емес, өткен ғасырдың 70-жылдары Орынбор маңында да тас ескерткіштерді көркемдеп жасайтын кедей ауылдар болған.

Қазақстан жерінде тас ескерткіштердің сан алуан көнелері де, жаналары да бар. Олай болса, сол көне замандарда тас қашағыш шеберлердің де болғаны хақ. Бірақ, олардың жасаған өнерлі ісі осы уақытқа дейін сақталып жеткенімен, шеберлер есімдері біздер үшін құпия. Ал, енді XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың басында Маңқыстау өңірінде көптеген ғажайып

есерткіштер жасаған әйгілі тас шеберлерінің есімдері елге кеңінен мәлім. Манкыстау тас кескіштері мен тамшыларының өнері атадан балаға мұра есебінде беріліп, бірнеше ұрпаққа созылып келеді, әйгілі шеберлер әулетін қалыптастырған. Бұл өңірлерде тас шеберлерінің көп болғандығы сондай, кейде әйгілі шеберлер есімінің алдында оның пірі болған кісі атын қоса айтады. Мәселен, У. Қырдыралын деректері бойынша, Жары руынан шыққан Қаражүсіп XIX ғасыр ортасында Түпқараған бекінісінің маңына қоныстанып, Т. Г. Шевченкомен достасқан атакты шебер. Ал, оның балалары — Онғалбай, Игібай, Дүйсенбай, Қарақұл, Өмірбай, Қосмәмбеттер де түгелдей әке кәсібін қуып, тас қашу өнерін жете меңгерген. Халық оларды «Қараның алтауы» атандырған; Жаңай-Қаламбет тамшы, оның балалары — Боранбай, Тұрақбай, Ізбасар, немересі — Нұрнияз; XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген атакты тамшы Шалданбай, оның балалары — Байжанак, Есгелді, Тәжі, Есентемір, Дүтбай, Қара немерелері — Өмір, Темір, шеберлері — Назар, Базар; Саки тамшы, оның балалары — Еңсе, Қозыбақ, Ордабай, Дүйсенбай, немерелері — Шаншар, Мұқан, Ергали, т. б. осылар сияқты өнерлі жандарға қазақ елі кенде болмаған. Батыс Қазақстанда кездесетін толып жатқан тас ескерткіштердің ішінде қай тұрғыдан алсаң да, мінсіз, нағыз көркемөнер туындысы қатарына қосылатын ескерткіштерді жасалуына қарағанда, тас шеберлерінің құрал-саймандары өте күрделі болған деуге әбден негіз бар. Ал, шынына келсек, тас шеберлерінің өздері жасайтын құрал-саймандары өте қарапайым, саны да шағын болды. Ол құрал-саймандар қатарына — ара, балта, сүймен, шот, балға, тоқпақ, қашау, қырғыш, сүргіш, түрпі, шерпе, қалақ, біз, сызғыш, кескіш, шапқы, пышақ, кез, үш бұрыш, қылқалам, ойымш төгетін үлгі жатады.

Батыс Қазақстанда тас ескерткіштердің үлкенді-кішілі көптеген түрлері бар. Осылардың шағын түрлеріне қажетті тастарды тас шеберлері алдын ала дайындап қояды, шанырақ иелерінің арнайы тапсыруы бойынша оларға өлген адамның кім екені туралы араб графикасымен жазулар жазып береді. Ал, енді жеке адамдарға жасалатын ескерткіштердің күрделі түрлерін тек арнайы тапсырмалар бойынша алдымен оған қажетті тастарды келіште дайындап алады, содан жасатушының көлігімен бейіт басына жеткізіп алып, іске кіріседі. Әдетте, мұндай ескерткіштерді бірнеше шебер бірігіп жасайды. Оның өзінде ескерткіш салудағы ауыр, қара жұмысты атқару үшін жасатушы жағынан бірнеше көмекшілер бөлінеді, шеберлер оларға басшылық ететін болған.

Батыс Қазақстанда ылғи тас ескерткіштерден тұратын толып жатқан үлкенді-кішілі бейіттер бар. Олардың көпшілігінің аттары осынау орта ғасырларда осы атырапта мұсылман дінін таратушы адамдардың аттарымен аталады. Халық олар-

ды әулие атандырып, көптеген ғажайып аңыз-әңгімелер қалыптастырған. Мұндай бейіттер қатарына Маңкыстаудағы, Үстірттегі Шопан ата, Сейсен ата, Шақпақ ата, Қараман ата, Қошқар ата, Масат ата, Бекет ата, Ушқан ата, Сислям ата сияқты көне қорымдар жатады.

Кейбір бейіттердің аттары бір кезде жерленген атакты адамдардың аттарымен де аталып кеткен. Булардың қатарына Уали, Қамысбай, Құлбарак, Демеу, Сағындық-Бейсембай сияқты шағын бейіттер жатады.

Бұл өңірде әр түрлі жер аттарымен аталатын үлкенді-кішілі бейіттер де аз емес. Олардың қатарына Сазды, Тасастау-Қайнар, Қарашұңғыл, Қарағаш, Жоласқан, Қараған сияқты қорымдар жатады. Бұл бейіттердегі тас ескерткіштердің сақталу дәрежесіне, олардың жалпы сипатына, түрлеріне қарағанда, әр түрлі жер аттарымен немесе белгілі кісі аттарымен аталып (Сазды, Тасастау-Қайнар, Қарашұңғыл, Қамысбай, Уали, т. б.), оған «ата» деген эпитет қосылмай айтылатындардың кейбіреулері кейінірек шамамен XVIII-XIX ғасырда пайда болуы ықтимал. Өйткені, бұлардағы ескерткіштер жақсы сақталған, басым көпшілігінде араб әрпімен жазылған жазулар өшпеген. Және Қарашұңғыл, Тасастау-Қайнар сияқты бейіттерде құйдірілмеген кірпіштен салынған мешіттер бар, ал Қамысбай, Уали, Құлбарак, сияқты бейіттерде мешіт жоқ. Ел арасынан жинаған деректерге қарағанда, Тасастау-Қайнар бейітінің басына XIX ғасырдың бірінші жартысында табын Досеке ишан көп бөлмелі үлкен мешітті кірпіштен салдырған. Досеке кезінде Мекеге барып келіп, табын ішінде ишандық құрған, бала оқытқан адам. Бұған 1962 жылы Тасастау-Қайнар мешітінен көптеген арабша жазылған діни кітаптар беттерін талқанымыз қосымша дәлел болғандай.

Ал, енді жоғарыда келтірілген көне бейіттердің бірқимдыруында жер астындағы қалың тас қабатын үңгіп-қашап жасаған үлкенді-кішілі жер асты мешіттері де бар. Олардың ішіндегі ең күрделілері Бекет ата, Шопан ата, әсіресе, Шақпақ ата бейіттеріндегі жер асты мешіттері. Кезінде бұл мешіттерді де жасаған жергілікті тас шеберлер екені даусыз. Бұл мешіттерді көне архитектуралық ескерткіштер қатарына қосуга әбден болады. Ескерткіштерді жасаған шеберлердің аты-жөні, әрине, бізге дейін жетпеді, бірақ олар қалдырған сәулет өнерінің ғаламат туындылары сақталып отыр.

Көне ескерткіштер ауа райы құбылыстарының, уақыт талқысының әсерімен бұзылып, қирап, өзінің алғашқы қалпын жоюының нәтижесінде, олардың қай ғасырда жасалғандығын айыру өте қиын. Дегенмен, бұл атыраптың көне тарихына үнілсек, ондағы тастан жасалатын құрылыстар мен ескерткіштердің тарихы сонау Х ғасырға дейін кететіндігін белгілі қазақ архитекторы М. Мендіқұлов өз еңбегінде дұрыс көрсеткен.

Тас ескерткіштердің орта ғасырлардан бері жасалып, кейбіреулері қазірге дейін қабір басына қойылып келген шағын түрлеріне — құлпытас, үш тас, бес тас, арқар тас, қошқар тас, қойтас және сағана жатса, кейінірек пайда болған күрделі архитектуралық ескерткіштер қатарына — сағана там (кереге там), төбелі күмбез там сияқты құрылыстар жатады.

Енді біз осы айтылған ескерткіш түрлеріне жеке-жеке тоқталайық. Бұлардың ішіндегі тек қана Қазақстанның батысы емес, сонымен бірге оның басқа аудандарынан, сирек болса да, кездесетіні — құлпытас. Елген адамның басына құлпытас орнату салтының ежелден бері Қазақстанның барлық өңіріне тән екендігі белгілі. Әрине, Батыс Қазақстандағы құлпытас республиканың өзге өңірінде, тек солтүстікте, әсіресе, Көкшетау атырабында гранит және известняк тастарынан жасалып, бетіне араб әрпімен жазулар жазылған құлпытас кездеседі. Олардың биіктігі 1—1,5 метрден аспайды, өңдеу дәрежесі де төмендеу.

Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы қойылатын құлпытасардың жалпы кескіні бір-біріне ұқсас болғанымен, біраз ерекшеліктері де бар. Олар ерекшеліктер құлпытастың қойылған уақытына, шеберлер мектебінің стиль, талғам ерекшеліктері мен шеберліктеріне, ескерткіш қойылған адамның тұрмыс жағдайы мен қоғамдағы орнына, жымысына, өмірдегі кәсібіне, тағы басқа да толып жатқан жағдайларға байланысты сипатталады. Бұл өңірдегі құлпытасардың биіктігі мөлшермен 80 сантиметрден 2,5 метрге дейін жетеді. Сыртқы кескіні жалпақтау және төрт қырланып жасалады. Құлпытас қабір басына жеке де, ескерткіштің басқа түрлеріне қоса да қойылады. Олардың ең қарапайым түрлеріне ру таңбасы ғана қашалады, енді біреулеріне араб әрпімен жазу ойылтып, ру таңбасы қашалады. Уәли бейітіндегі көне құлпытас бетіне адам бейнесі қашалған, ал Қараған бейітінен стильденген оюмен мүсінделіп жасалған құлпытас түрлерін де кездестірдік. XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қойылған құлпытасар, әдетте, жақсы өңделіп, сыртына ою-өрнек жүргізілумен бірге, сыртқы кескіні мүсінделіп те жасалатын болған. Әдетте, төрт қырлы құлпытасардың ұшар басы стильденген адам басы тәрізденіп келтіріледі, одан төменгі бөліміне бірнеше доңгелек гүлдер, ең негізгі бағанасына жазу жазылып, ою-өрнек ойылады. Жалпақтау құлпытасардың бір бетіне жазу жазылса, екінші бетіне егер ер адамға орнатылса — қылыш, найза, айбалта, кісе, тартылған садақ немесе тіршілігінде ол адам ұсталықпен айналысса, оның құрал-саймандары, бір қолына қылыш, екінші қолына айбалта ұстаған кісінің бейнесі, аттың суреті де салынады. Ал, әйелдерге қойылған құлпытас бетіне әр түрлі алқа, сырға сияқты күміс әшекейлер, үкілі сәукеле, қайшы және басқа да заттар салынады екен.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында қойылған құлпытасар мұқият өңделіп, жазу және ою-өрнектермен мейлінше көркем безендірілетіндіктен, оларды нағыз көркемөнер туындысы деуге әбден болады. Бұл өңірдегі қабір басына қойылатын және көне қарапайым ескерткіштердің бірі — шағын сағана. Ол, әдетте, ұзыншақтау төрт бұрышты, төбесі жабылған тас қорап тәрізденіп жасалады. Мұндай сағаналар төңкерілген бітеу қорап тәрізді болады. Бұлардың биіктігі — 1—1,5, ені — 1, ал ұзыны — 1,5—2 метр шамасында болады. Сағанаға арналған тастарды мұқият өңдейді. Кейде керегелердің сыртына ою-өрнектер де жүргізіледі. Әдетте, сағананың бас жағына құлпытас қойылып, кейбіреулерінің төбесіне қошқар тас, әсіресе, стильденген қой тастар қоса қойылады. Қой тас қойылған сағаналарды Маңғыстау, Үстірттің барлық бейіттерінен кездестірдік. Қошқар ата бейітінде бұзылып, қираған сағананың үстінде қошқардың мүсіндік бейнесі сомдалған. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында сомдалған. XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қашалған сағаналардың көлемі де үлкенірек, сыртының әшекейі, алдына қойылған құлпытас, үстіндегі қой тасы да көз тартарлық әдемі келеді. Мұндай ескерткіштер, әсіресе, Сейсен ата, Үшқан ата бейіттерінде молырақ кездеседі.

Маңғыстау мен Үстіртте XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында пайда болған ескерткіштің өте көркемдігімен көз тартатын түрі — үш тас және бес тас немесе үш мін, бес мін деп аталады. Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы — тас санына байланысты. Ескерткіштің бұл түрінің бір ерекшелігі, бұларға қоса не қой тас, не құлпытасар қоса қойылмайды. Бес тастың ең төменгісінің ені — 1, ұзындығы — 2 метр шамасында, жоғарғыларының көлемі барған сайын кішірейді беріп, бес қатар пирамида тәрізденіп жасалады, ал үш тастың көлемінде, жасалу техникасында айтарлықтай өзгешелік болмағанымен, әр қабаттың қалыңдықты бес тас бөлшектерінен қалыптануы жасалады. Екеуіне де тән бір ерекшелік бар — ең үстіндегі тастары астыңғыларына қарағанда көлемі жағынан кіші, бірақ қалыңдықтары төменгі тастарға қарағанда екі есеге жуық биік етіліп қашалады. Үш тастың да, бес тастың да жан-жағы түгелдей бедерлі оюлармен өрнектеліп, қара, жасыл, қызыл бояулармен боялады.

Ою-өрнек мотиві, негізінен, стильденген сыңар мүйіз, өсімдік жапырақтары мен геометриялық фигуралардың ұнамды түрде тоғысуымен сипатталады.

1. Қойтас пен құлпытас
2. Құлпытас
3. Саңдықтас пен құлпытас. Бәрі де Маңғыстау этнографиялық экспедициясы материалдан





Үш тас, бес тас ескерткіштерінің ен тауірлері Қамыспай бейітінде қойылған. М. Мендіқұлов көрсеткен қылыш суреті бар үш тастың көне түрі үш тастан гөрі сағана үстіне қойылған қой тасқа ұқсайды. Оның үстіне сыртына қылыш салынған үш тасты түрікпендердікі деуі де қисынға келмейтін сияқты. Өйткені, Маңқыстау мен Үстірттегі сыртына казак руларының таңбасы салынған көптеген тас ескерткіштерге қару түрлерімен бірге, қайқы қылыш та қашалған ғой. Қайқы қылыштың казак жұртшылығына ежелден бері белгілі болғандығы дәлелдеуді керек етпейтін тәрізді.

Маңқыстау мен Үстірттегі Сейсен ата, Масат ата, Қошқар ата бейіттерінде арқар бейнесін дәл мүсіндеп сомдаған ескерткіштер бар. Бұларды жергілікті халық арқар тас деп те атайды. Қазақ арасында төре тұқымын «арқар ұранды төре» деп те атаған. Соған қарағанда, мұсылман дінін қабылдамай тұрғандағы төре тұқымна қойылған ескерткіш болуы да мүмкін. Арқар тастарды кейде қошқар тас деп те атайды. Шынында, бұл дұрыс емес. Өйткені, қазақы қойдың қошқарында арқар тастағыдай салбыраған құйрық болмайды. Ал, арқар бейнесін дәл мүсіндеп жасай білген тас шеберлері қойдың қошқарына арқардың құйрығын қашап шығаруы нанымсыз нәрсе. Оның үстіне бұл пікірдің дұрыстығына тағы бір дәлел — Бейнеу мен Бекет ата деп аталатын үлкен бейіттерде аздап стильденген нағыз қазақы қой қошқарының мүсіні кездескендігі. Олай болса, халық шеберлері арқар мен қошқар бейнесін ажырата да білген. Сондықтан, сан ғасырлар бойы сақталып келген көне ескерткіш арқар тастар мен қошқар тастарды ажырата зерттеу дұрыс болар. Арқар тастардың екі жағына да қару түрлері қашалады. Айталық, бір жағына қылыш ойылса, екінші жағына мылтық, айбалта сияқты қарулар бедерленіп түсіріледі. Осындай арқар тастардың екі тамаша данасы 1968 жылы Масат ата бейітінен әкелініп, бірі Қазақ ССР-інің Мемлекеттік орталық музейіне, екіншісі Ә. Қастеев атындағы Қазақ ССР-інің Өнер музейіне тапсырылды. Масат атада қазірдің өзінде бес арқар тас бар. Басқа бейіттерде көп емес. Мәселен, Қошқар ата мен Сейсен ата бейіттерінде бір-бірден ғана арқар тас ескерткіштерін кездестірдік. Ал, нағыз қой қошқарының мүсіні Бейнеуде ғана бар, онда да біреу-ақ. Арқар тас болсын, қошқар тас болсын қабір үстіне қойылады, ал оған қосымша құлпытас қойылмайды. Тек Қошқар ата бейітіндегі Арқар тас қана кезінде сағана үстіне қойылған тәрізді. Қайткен күнде де бұл ескерткіштер осы өңірге ислам діні ене қоймаған кезде жасалған болар, сірә.

Маңқыстау, Үстірт, Сам өңіріндегі бейіттердің бәрінде де көптеп кездесетін шағын ескерткіштің түрі стильденіп жасалған қой тас. Стильденген қой тастардың көркемделуі де, сыртқы кескіні де, жалпы көлемі де әр түрлі болады. Қой



1. Домбырал кешені. Орталық Қазақстан этнографиялық экспедициясы материалдан
2. Құмбез тамдар. Маңқыстау этнографиялық экспедициясы материалдан

тасты өзін жеке қойып, оған ру таңбасын сызу да жиі кездеседі. Немесе қой тасты сағана үстіне қойып, жанына құлпытас орнату барлық бейітерде бар. Әсіресе, Сейсен ата бейітіндегі (XVIII—XIX ғ.) сағана үстіне қойылған қой тастардың сырты түгелдей бедерлі ою-өрнектермен көркемделген. Оюдың негізгі мотиві өсімдік тектес күрделі өрнектер мен геометриялық фигуралардың аралас орындалуымен сипатталады.

Қой тастарды әр шебер өзінше қашап, оған әр түрлі кескін бергендікті байқалады. Кейбір қой тастарға алдыңғы және артқы аяқтарының символы есебінде өрнекті аяқтар қашаса, енді біреулерінің астына бірден төртке дейін астынан үстіне қарай көлемі кішірейе беретін жалпақ тастар қояды. Мұндай тастарды төсек тас деп атайды. Арқар тастар мен қой тастардың негізін астынан шағын тостаған қашап шығарады. Ел арасындағы діни сенім бойынша, ол тостағанға жиналған жауын суын арқар мен қой, яғни аурақ шөлдеген кезде ішеді-мыс, бұл өлген адамға үлкен сауап болады деп есептеген. Ал енді, бізге кездескен арқар тастар мен қой тастардағы тостағандардың көбісінде шырақ жағу дәстүрінің де ізі байқалады. Олай болса, ол тостағандарды, шын мәнісінде, шырақ жағу үшін де жасауы ықтимал.

Қой тастың мұндай стильденген түрлерінен өлген адамға ескерткіш қоюдың өзі ислам дінінің бұл өлкеде кенінен таралуына байланысты. Арқар мен қосқарлардың шынайы мүсінін жасауға ислам діні қарсы болғандықтан, олардың стильденген түрлері дүниеге келгендігін М. Мендіқұлов жазды. Манқыстау, Үстірт, Сам өңіріндегі өлген адамға қойылатын ескерткіштердің ең күрделілері сағана там (кереге там деп те аталады) мен төбелі күмбездер. Бұл ескерткіштер қималы архитектуралық құрылыстар қатарына жатады.

Сағана тамдар, негізінен, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында салынған ескерткіштер. Олардың негізі, көбінесе, шарығға жақын, орта есеппен $4,5 \times 4$ метр шамасында болады. Биіктіктері 2—2,5 метрден аспайды. Сыртқы көрінісі Қазақстанның басқа аудандарында кірпіштен, табиғи тастан салынатын төрт құлақты тамға ұқсас болады, есігі, әдетте, оңтүстікке бағытталады. Керегенің ортасы табиғи жұмсақ тас сынықтарынан қаланып, іші-тысы бірдей мұқият өңделген бор тас не құм тастардан жмыы білінбестей теп-тегіс болып қиылыстырылады. Есік мандайшасына, көбінесе, бедерлі ою тігіліп, тамның іші-тысына бірдей әр түрлі ою-өрнек кескіні сызылып, ою кара бояумен боялады да, түрі сол бастапқы қалпында қалады. Тамның ішкі керегелеріне түгелдей ою-өрнектермен безеніп, кебіс-мәсі, шыны-аяқ, қару түрлері, самауыр сияқты үй бұйымдарының суреттері кара, қызыл, жасыл бояулармен салынады. Ою-өрнектер стильденген зооморфтық, өсімдік тектес өрнектер мен геометриялық фигуралардың ұнамды тоғысуы арқылы орын-

далады. Осындай тамаша сағана тамдардың талай үлгісі Манқыстау, Үстірт бейіттеріндегі жайысында болсын баршылық. Олардың салынғанына ғасырға жақын уақыт өтсе де, әлі күнге дейін өзінің алғашқы көркемдік кейіпін жоймағандары көп-ақ. Мәселен, М. Мендіқұлов деректері бойынша, XX ғасыр басында салынған өте көрікті сағана тамдар қатарына Қамысбай бейітіндегі әкелі-балалы Өмір мен Назар сияқты айгілі шеберлердің бірнеше туындылары; Шопан ата бейітіндегі Молдаш Муратовқа, Мурат Ниязбековке (шебер Бекмұхамбетов); Сейсен ата бейітіндегі Ахмет Жаналинге, Сүгір Ахметжановқа; Уали бейітіндегі Жамираға (шебер Жолыбай Қосымбаев) қойылған сағана тамдар жатады.


Маңқыстау, Үстірттегі сағана тамдар, негізінен, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында салынғандықтан, олардың сыртқы кескінінде көп өзгешелік жоқ. Ою-өрнектер мен көркемдеу стилінде әрбір шеберлер мектебінің өзіндік қолтаңба ерекшеліктері көрініп-ақ тұрады.

Батыс Қазақстанда, әсіресе, Маңқыстау, Үстірт, Сам және Жем төңірегінде жұмсақ тас түрлерінен салынған төбелі күмбездер де көп кездеседі. Жоғарыда аталған үлкен-үлкен бейіттердің бәрінде де өз алдына жеке тұрған күмбездер де толып жатыр. Төбелі күмбездер — қабір басына қойылатын ең күрделі архитектуралық құрылыс. Олардың төменгі керегелері, көбінесе, төрт, алты бұрышты сағана там сияқтынып салынады да, төбесі күмбезделіп шығарылады. Күмбез қабырғаларының ортасы табиғи тас сынықтарымен толтырылады, іші-тысы бірдей мұқият өңделген жұқа сұр құм таспен не қылаң бор таспен қиыстырылып қаланады. Төбелі күмбездерді, әдетте, өте ауқатты, беделді адамдардың басына тұрғызыған және оларды нағыз хас шеберлер салған.

Көбінесе күмбез сырты бедерлі оюлармен көркемделсе, ішкі жағы түгелдей түрлі түсті бояулармен өрнектеледі. Ою-өрнектерде стильденген қосқар мүйіз, өсімдік жапырақтары мен сабақтары және геометриялық фигуралар ұнамды тоғысады. Онымен бірге күмбез керегесінің ішкі жақтарына самауыр, шыны-аяқ, ожау, құман, тегене, найза, қылыш, мылтық, кебіс-мәсі сияқты тұрмыс бұйымдарының суреттері салынады.

Маңқыстау, Үстіртте XVIII ғасыр мен XIX ғасыр басында салынған төбелі күмбездердің көлемі де үлкейдеу, ісі де қарапайымдау келеді. Мұндай күмбездердің көпшілігінің күмбезденген төбесі табиғи тастардан қаланып шығарылады, сырты қапталмайды, ал төменгі төрт керегесінің сырты онша көп көркемделмейді. Бұған мысал ретінде Үстірттегі Қос мола, Маңқыстаудағы Ақ шора, Қамысбай бейітіндегі бірнеше төбелі күмбездерді келтіруге болады.

Ал енді, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында салынған төбелі күмбездердің көлемдері шағындау болумен бірге ісі де жатық, көркемделу стилі де өзгеше келеді. Бұларды сал-



Күмбез тамдар. Маңқыстау этнографиялық экспедициясы материалдарынан

ған шеберлердің аттары әлі күнге ел арасында ұмытылмаған. Мұндай жақсы сақталған, өте көркем төбелі күмбездер қатарына Үстірттегі Иманбай, Айтжан, Артық, Омар; Маңқыстаудағы Нұрберген, Демеу; Сейсен ата бейітіндегі Қожаназар, Ағатай сияқты нағыз өнер туындыларын жатқызуға болады.

Маңқыстаудағы Сенек аулының ортасында тұрған Нұрберген мавзолейінің салынғанына жүз жылдай өтсе де, ол өте жақсы сақталған. Ауыл ақсақалдары ол күмбезді салған Дұтбай, Нұрания сияқты шеберлерді де жақсы біледі.

Осы атыраптағы тамшылар өнерінің шығаршыны іспетті Үстірттегі Омар мавзолейін нағыз өнер туындысы деуге әбден болады. Оны 1924 жылы Дүйсенбай мен Өмірбай Қаражүсіповтер бүкіл Маңқыстау өңіріндегі сәулет өнерінің барлық жетістіктерін пайдалана отырып, қылаң бор тастан салған. Ел арасынан жинаған деректерге қарағанда, Омар онша дәулетті де болмаған. Бірақ, бүкіл ел күрметіне бөленген қадірлі қарт екен. Сондықтан да, жергілікті халық оның басына күмбез тұрғызып, оны «Омар ата» күмбезі атап кеткен.

Тамшы Енсеев Шаншардың (1898 ж. туған)

айтуынша, төбелі күмбез тамдарды 2—3 шебер бірігіп, 2—3 айда салып бітеді екен, ақысына, шамамен, 100 қой алып отырса керек. Маңқыстауда қойылатын тас ескерткіштердің ең күрделісі — төбелі күмбез үшін 100 қой, ең шағыны — құлпытас үшін 1 ат төленсе, басқа әр түрлі ескерткіштер ақысынын қанша екенін аңғару қиынға соқпайтын тәрізді.

Жоғарыда сөз болған көптеген көне бейіттердегі сан алуан ескерткіш түрлері бұл атырапта әр уақытта өмір сүрген халық шеберлерінің, талғамды өнер иелерінің болғандығына бұлтартпас дәлел. Бұл көне дәстүр осы уақытқа дейін ел арасында сақталып келеді. Қазақстан жеріндегі архитектуралық ескерткіштердің басым көпшілігі, әсіресе, Маңқыстау, Үстірттегі көне бейіттердің барлығы мемлекет қамқорлығына алынып, олардың ең тәуірлерін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп отыр.

Қазақстанның қай өңірінде болсын, гранит тасынан су диірмен, қол диірмен тастарын, орылған астықты бастыратын мала тас жасауды кәсіп еткен шеберлер қазақ арасында да болған. Бұл заттардың қай-қайсысы болмасын, егіншілікке бай-

ланысты қалыптасқан. Көне замандарда дән үккіш тастардың болғандығы туралы осы жұмыстың басында айттық. Осы көне дәстүрдің жалғасы ретінде қазақ арасында шағын гранит тасынан дөңгелетіп қашалатын қол диірмендер көптеп жасалған. Су диірмендер мен мала тастар жасау ісі қазақ жерінде орыс жұртшылығының келуіне байланысты пайда болса керек. Осылардың ішіндегі ең жиі жасалатыны — қол диірмендер. Қол диірменнің қашалу принципі бірдей. Тек, әр шебердің өнер деңгейі мен жасатушының жағдайына байланысты ғана ерекшеліктері болуы мүмкін. Қол диірмен тастардың диаметрі 30—50 сантиметр шамасында болады, астыңғы және үстіңгі тастардың қалыңдығы 5—6 сантиметрден аспайды. Астыңғы төсек тасының асты-үсті бірдей теп-тегіс етіледі, бет жағының дәл ортасынан темір кіндік орнатылатын тесік қашалады. Ол тесікке ауелі ағаш орнатылады, ал ағашқа үшкірленген темір кіндік қағылады. Үстіңгі тастың ортасынан диаметрі 4—5 сантиметрдей дөңгелек тесік жасалады. Оның негізгі қызметі — біріншіден, айналдырған уақытта үстіңгі тастың ауытқып кетпеуін қамтамасыз етсе; екіншіден, сол тесіктен тартылатын дән салынып тұрады. Үстіңгі тастың жоғарғы жақ шетінен тереңдігі 2—3 сантиметрдей тесік қашалады, содан кейін оған ағаш сап орнатылады. Сол ағаш саптан ұстап қол диірменді қозғалысқа келтіріп, дән тартады. Кейде қол диірмен тастары ағаш қорап ішіне орнатылады, сөйтіп дән тартуға әжептәуір қолайлылық туғызады. Мұнымен бірге ел арасынан аса шебер тас ұсталары жасаған көркем қол диірмендерді де кездестіруге болады. Мәселен, астыңғы тасы мұқият өңделіп, ортасына үстіңгі дөңгелек тас сыйып тұратындай тереңдікке дейін ойылып жасалатын шағын қол диірменді Орталық Қазақстаннан кездестірдік.

Қазақ арасында әр түрлі асыл тастарды өңдеп, оларды зергерлік бұйымдарды жемдеуге пайдалану ісі де кең тараған. Мұны, негізінен, зергерлер орындайды.

Сөйтіп, қазақ арасында тас өңдеу өнерінің негізгі түрлері қабір басына тұрғызылатын әр түрлі тас ескерткіштер мен шаруашылыққа қажетті кейбір құралдарды, үй бұйымдарын жасауға байланысты қалыптасты. Оның ішінде нағыз өнер деңгейіне көтерілген кәсіп түрі Қазақстанның батысында қалыптасқан әйгілі тамшылар өнері екені даусыз. Маңқыстау, Үстірттегі тамшылар өнері ғасырлар бойы атадан балаға беріліп келген дәстүрлі төл өнер.

Батыс Қазақстанда қабір басына ескерткіш қою дәстүріне байланысты қалыптасқан тас өңдеу өнерінің сан жылдарға созылған ұзақ тарихы,



Сағана там

Бес тас

Қошқар тас. Үшеуі де Маңқыстау этнографиялық экспедициясы материалынан



Мала тас
Тұтқалы қол дірмен. Көкшетау этнографиялық экспедициясы материалынан
Қал дірмен. Алғашқы сурет пен соңғы сурет Шығыс Қазақстан этнографиялық экспедициясы материалынан

өзіндік архитектуралық стиль, көркемдік ерекшеліктері бар. Бұл арада «Батыс Қазақстан» атандырып отырған кең атырапқа — қазіргі Маңғыстау, Гурьев, Орал және Ақтөбе облыстарының территориялары түгелдей кіреді. Өйткені бұл облыстардың қай-қайсысының болмасын территориясында қаб ір басына қойылатын сан алуан ескерткіштердің түрлері кездеседі. Дегенмен, жоғарыда көрсетілген кең алқаптың ішінде өңдеуге қолайлы жұмсақ қабыршық тастардан ескерткіштер дайындайтын орталықтар болды.

Мұндай орталықтар, ең алдымен, құрылысқа, ескерткіш қашауға қолайлы шикізаты мол, яғни жұмсақ қабыршықтардың сарқылмас қоры бар Маңғыстау түбегі, Үстірт жазығы, Сам құмы, Жем, Ойыл, Темір өзендерінің бойы болатын. Қаб ір басына қойылатын алуан түрлі белгілердің де көп шоғырланған аймақтары осы аралар. Бұл өңірде мекендейтін жергілікті қазақ жұртшылығының ішінде сан ұрпаққа созылған көптеген тамшылар мектебі болды. Мұндай мектептердің тек өздеріне ғана тән ерекшеліктері де аз болған жоқ. Ол ерекшеліктер, негізінен, жеке шеберлердің дарынына, қиял ұшқырлығына, еңбекқорлығына, өз өнеріне жауапты қарау деңгейіне, т. б. қасиеттеріне байланысты болатын. Тамшылар мектебінің, оларға біріккен шеберлер санының қаншалықты көп болғанымен олардың бәріне ортақ бір типтес шикізат, бәріне ортақ көне архитектуралық стиль, көркемдік дәстүр болды. Мұның өзі Батыс Қазақстанда көптеп кездесетін үлкен-үлкен көне бейіт-қорымдарға сыртынан қарағанда бәрі де бірдей сияқты көрінеді. Ал, әр қайсысының ішіне кіріп, асықпай араласаңыз ондағы бір типтес ескерткіштердің өзінде қыруар өзгешеліктер мен көркемдік ерекшеліктерді бірден байқауға болады. Мұндай ерекшеліктерді әр бір тамшылар мектебінің, қала берді, жеке дарын иелерінің өнерлі ісінің нәтижелі көрінісі деп қарау керек.

Батыс Қазақстанда ежелден бері қалыптасып дамыған тас өңдеу кәсібі, оның ішінде тамшылар өнері, басқа шалғайлары мен бүкіл Орта Азияның ешбір өңірінде кездеспейді. Олай болса, Батыс Қазақстандағы мұндай дәрежедегі тас өңдеу өнері жергілікті көне архитектуралық және көркем-өнер дәстүрінде қалыптасып, өзінше дамыған бірегей құбылыс.

Батыс Қазақстандағы көптеген бейіт-қорымдарда кездесетін үлкенді-кішілі барлық ескерткіштер типтерінің салыну, орнатылу техникасындағы ежелден бергі келе жатқан ерекшеліктер бар. Олар: біріншіден — ескерткіш бөлшектерінің мұқият өңделетіндігі; екіншіден — сол бөлшектердің бір-бірімен ешбір дәнекерсіз қиюластырып орнатылатындығы, тіпті күрделі сағана тамдар мен төбелі тамдардың қабырғалары, күмбезделген төбесі де ешбір дәнекерсіз өріліп шығарылатындығы; үшіншіден — сағана там және төбелі тамдардың шаршыланып шығарылатын биік қабырғалары іші-сыртынан мұқият өңделген сұр

не акшыл сары құмтас табақтарымен өріліп, қабырғаның арасы ылайымен араластырылған тас сынықтарымен толтырылатындығы; төртіншіден-шағын ескерткіштерді былай қойғанда, ірі сағана тамдар мен төбелі тамдардың өздері ешбір фундаментсіз салынатындығы; бесіншіден — сағана тамдар мен төбелі тамдардың қасбеттері, үш тас, бес тастардың үстіңгілерінің өн бойы, қой тастар мен құлпытастардың өн бойы бедерлене қашалған оюлармен мейлінше мол және өте сәнді етіп безендірілетіндігі; алтыншыдан — сағана тамдар мен төбелі тамдардың ішкі қабырғаларына әр түрлі қару-жарақ, үй бұйымдары ыдыс-аяқ, суреттері түрлі-түрлі киім-кешек түрлері, т. б. заттардың суреттері түрлі түсті бояулармен салынатындығы; жетіншіден — үш тас, бес тас және сағана сияқты ескерткіштердің сыртын бедерлі оюларға қоса түрлі-түсті бояулармен безендіру дәстүрі; сегізіншіден — ескерткіштер сыртына салынатын бедерлі оюлар болсын, бояумен орындалатын өрнектер болсын бәрінің негізгі мотиві стильденген жазулар және өсімдік тектес ою-өрнектердің геометриялық фигуралармен ұнамды үйлесім табуымен сипатталатындығы; тоғызыншыдан — ескерткіштерді бояумен безендіру үшін негізінен қызыл, қара, сары және жасыл түсті бояулардың қолданылатындығы; оныншыдан — ескерт-

кіштерді түрлі түсті бояулармен безендіру үшін түрлі бояуларды әр түрлі өсімдіктер мен жергілікті минералдарды пайдалана отырып, тамшылардың өздері жасайтындығы.

Тамшылардың өздері жасайтын түрлі түсті өсімдік тектес бояуларының ыстық-суыққа да, жауын-шашынға да, жүздеген жылдармен есептелетін уақыт сынына да төтеп беріп, онбай, қаз-қалпында қалуы таңданарлық құпия. Қазіргі күнде түрлі түсті өсімдік тектес бояу қайнату сырының ұмытылғандығы өкінішті-ақ.

Мінеки, Батыс Қазақстандағы қабір басына тастан қойылатын алуан түрлі ескерткіштердің техникасындағы біз байқаған осы ерекшеліктердің өзі-ақ бұл атыраптағы ескерткіштердің әлке табиғатына бейімделе салынатындығын және жергілікті тамшылардың биік талғам, сергек ой, ұшқыр қиялға қоса, шебер орындаушы деңгейіне көтеретіндігінің анық айғағы іспеттес.

Сондықтан Қазақстан жеріндегі қабір басына тастан қойылатын үлкенді-кіші ескерткіштердің бәрін тарихи-этнографиялық тұрғыда жан-жақты зерттеудің ғылыми-тәжірибелік мәні өте зор. Мұндай зерттеулер қазақ халқының этниктік тарихын анықтай түсуге, оның материалдық және рухани мәдениетін жете түсінуге көмектесетіні даусыз.

Қорытынды

Бұл кітапта Ұлы Октябрь революциясына дейін ер адамдар айналысқан қолөнер түрлерінің болмысы қарастырылды. Осы еңбек ел арасынан көп жылдар бойы жинаған қыруар жаңа материалдар, сондай-ақ, Алматы, Ленинград қалаларында және кейбір облыстық музейлерде сақталған нағыз өнер туйымдарын, бұрын-соңды баспа жүзін көрген жазба мұраны мұқият зерттеу негізінде жазылды.

Революцияға дейінгі қазақтың қолөнер кәсібі, шын мәнісінде, шаруашылықтың негізгі түрлері болған егіншілік пен мал өсірушіліктен түбегейлі түрде өз алдына дербес кәсіп болып бөліну процесі аяқталмаған еді. Өйткені, қазақ қолөнер шеберлерінің қай-қайсысы болмасын жер өңдеп, мал бағудан үздіксізді қол үзе қойған жоқ. Олардың басым көпшілігінің арнайы шеберханалары да болған емес. Оның үстіне олар көпшілік қауыммен жаз жайлауға, қыс қыстауға бірге көшіп, бір жағынан, аз ғана малын бағып-қағумен де айналысты.

Біз қарастырған қолөнер түрлерінің қайсысында болмасын белгілі бір дәрежеде жергілікті ерекшеліктердің орын алғандығы анықталды. Мұндай ерекшеліктер, ең алдымен, халқымыздың көрші елдермен экономикалық байланысына, мә-

дениет саласындағы бір-біріне тигізген игі әсеріне, ертеден қалыптасқан өнер дәстүріне және жергілікті жерлерде жиі кездесетін шикізат түрлеріне де тікелей байланысты болды. Мәселен, үй бұйымдарының көпшілігін Қазақстанның солтүстік, солтүстік-шығыс өңірлері мен оңтүстік Алтай, Алатау төңірегінде қайың, шырша, қарағай сияқты ағаштардан жасағанын, оңтүстікте бұл ағаштарға қоса терек, әр түрлі жеміс ағаштары, ал батыс және оңтүстік-батыста қарағай, қайыңға қоса жөке, тал жиірек қолданылғанын байқаймыз.

Ағаштан жасалатын үй бұйымдарының бетін безендіру тәсілінде де жергілікті ерекшеліктер бар. Айталық, Қазақстанның оңтүстігінде түрлі бояумен санду, нұсқалы оюлар жүргізу ба-сымырақ болса, Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда сүйекпен, күміспен, асыл тастармен, түсті маталармен әсемдеу жиі ұшырасады. Ал, Қазақстанның батысында ағаш түрлері аз болғандықтан, әйтеуір, одан жасалатын үй бұйымдарының бәріне дерлік өте әдемі, бедерлі ою ойылып, оған қосымша түрлі түсті бояулар жағылып, үйлесімді көркемделеді. Ағаштан жасалатын бұйымдардың бетіне жүргізілетін ою-өрнектердің мотивінде жергілікті өзгешеліктер байқалады. Оңтүстік Қазақ-

станда, негізінен, стильденген қошқар мүйіз оюы мен геометриялық фигуралар араласа қолданылса, Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда стильденген зооморфты оюлар басым. Сондай-ақ, Батыс Қазақстанда стильденген зооморфты оюлар өсімдік тектес өрнектермен жақсы үйлесім тапқан.

Қазақтың ағаш өңдеу кәсібінің ішіндегі ең күрделісі де, көшпелі халыққа ең қажеттісі де киіз үй сүйегін жасайтын үйшілер өнері екені даусыз. Киіз үй сүйегінің әр түрлі әлеуметтік ерекшеліктерін былай қойғанда, оның жергілікті ерекшеліктері де болған. Соның ішінде, ең бастысы, Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірінде киіз үйдің шаңырағының кішірек, уықтарының төменгі ийіндері шамалы болуына байланысты киіз үй сүйегінің төбесінің тік, яки шошақтау болуына мүмкіндік береді, ал Қазақстанның қалған өңірінде киіз үй шаңырақтары көлемдірек, уық иіні молдау келеді де, киіз үй төбесінің жатағандау болуына жағдай туғызады.

Ершілер өнерінде де жергілікті өзгешеліктер бар. Ол ерекшеліктер Қазақстанның әр өңірін тән ер түрлерінің жасалу тәсіліне, сыртқы кескініне, қандай ағаш түрлерінен жасалатындығына және көркемделуіне тікелей байланысты. Бұған

мысал ретінде Қазақстанның оңтүстігінде, негізінен, құраңды ер, батысында қозықұйрық ер, солтүстігінде, орталығында, шығысы мен оңтүстік-шығысында қазақ ерлерінің әр түрлі түрлері жасалған екен.

Жергілікті ерекшеліктер қазақ зергерлерінің ісінде де анық байқалады. Оның ішінде зергерлік өнерде Орта Азия ықпалы байқалатын батыс және оңтүстік-батыс аудандар. Әйелдерге арналған ашекейлердің бұл өңірдегі кең тараған алқа (өңір-жиек), білезік, қолтықша, тұмарша, жүзік, құдағи жүзік, сырға, белбеу, тағы басқа түрлерінің жасалуында айтарлықтай негізгі ерекшелік бар. Мұндай ашекейлердің Қазақстанның басқа аудандарымен салыстырғанда өте көлемді болуымен бірге, олардың көпшілігінің мұқият қақталған күмістің екі қабатының арасына ақ балшық толтырылып жасалуында. Сондай-ақ, оның айтарлықтай тағы бір ерекшелігі — бұл ашекейлердің сыртын сіркеуле, алтындау, асыл тастардан көз орнату тәсілдерімен көркемделуі болып табылады.

Қазақстанның солтүстік-батыс, солтүстік, орталық және солтүстік-шығыс атыраптарында күмістен жасалатын әйел ашекейлері, негізінен, көлемі жағынан шағын, жұқа, жінішке болып соғылады екен. Ал, олардың бетіне, көбінесе, қарала жүргізіледі, тастар орнатылады. Республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс өңірлерінде жұмырлап соққан білезіктер, қозалы сырғалар, әр түрлі шағын құйма ашекейлер жиі кездеседі. Күміс ашекей бетіне түсті шынылар мен асыл тастар орнату, түрлі түсті тынык (эмаль) жүргізу дәстүрі де бұл атырапта айтарлықтай кең тарайды.

Үй жануарлары мен аң терілерін илеу, былғарыдан әр түрлі бұйымдар тігу Қазақстанның кей өңірінде болсын халық өмір-

інде айтарлықтай орын алды. Ал, қазақтың өте көне үй ыдысы жағланды республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс өңірлерінде ғана жасайды. Жағланның негізгі ағаш болғанмен, оның беті бедерленген қалың былғарымен қапталып, күміс ашекейлер мен асыл тас орнату арқылы көркемделетін.

Қазақ шеберлері мүйегінен жеке бұйым жасамағанымен, оны әр түрлі үй бұйымдарының (тасағаш, кебеже, сандық, ер, жастық ағаш, т. б.) беттерін әсемдеуге жиі қолданды.

Табиғи тастан әр түрлі құрылыстар тұрғызу, шаруашылық құралдарын жасау Қазақстанның бар өңірлерінде де болған, ал қабір басына жұмсақ тастардан сан алуан ескерткіш түрлерін қою (құлпытас, үш тас, бес тас, қой тас, арқар тас, сағана, сағана там, кереге там, күмбез, т.б.) Қазақстанның батысында нағыз өнер деңгейіне көтерілген. Бұл өлкелерде бұрын-соңды әйгілі халық шеберлері жасаған сан алуан ғажайып ескерткіштер осы уақытқа дейін сақталып келеді. Тіпті, осы дәстүрлі өнердің мұрагерлері болған халық шеберлері қазірге дейін ел арасынан табылады.

Жоғарыда қарастырылған көлөнер түрлері Қазақстанның барлық шалғайларында түгелдей орын алды. Әр өңірдегі көлөнердің қалыптасып дамуына көрші халықтардың да ықпалы айтарлықтай болды.

Әрине, қазақ көлөнер шеберлерінің ішінде орта қол ісмерлермен бірге, аса өнерлілері де болды. Сондықтан да, революцияға дейінгі жасалған бұйымдардың осы күні ел арасында болсын, музейлер қорында болсын, ең тәуірлері ғана сақталып отыр. Ендеше, біздің жұмысқа, негізінен, арқау болған нағыз өнер иесі деңгейіне көтерілген шеберлердің қолынан

шықан әр түрлі туындылар десек қателеспейміз. Мұндай заттарды қазіргі күнде жасайтын халық шеберлері де некен-саяқ, оны күнделікті өмірге қажет етіп жасатушы да аз. Өйткені, қазіргі қазақ жұртшылығының күнделікті қажетін өтеуде өндірістік өнімінің алатын орны өте зор. Сонымен бірге, өндірістік заттар халықтың эстетикалық таламына да сай емес пе! Солай болғанын өзінде де, халықтың дәстүрлі мәдениетінің көптеген салаларын жандандыра түсуде, колөнердің дәстүрлі элементтерін өндіріске енгізу мәселесінде партия мен үкімет үлкен қамқорлық жасап отыр. Сол қамқорлықтың нәтижесінде, республикамызда киіз үй сүйегі жасайтын фабрикалар ашылды, сувенир фабрикаларында қазақтың дәстүрлі ұлттық бұйымдарының көптеген үлгілері жасалып, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің дамуына себін тигізіп отыр. Міне, осы міндеттерді жоғары дәрежеде орындау ісіне бұл еңбегіміз, аздап болса да, септігін тигізер деп ойлаймыз.

Әрине, бұл кітапта қазақ көлөнерінің ер адамдар айналысқан түрлерінің өзін толық, егжей-тегжейлі зерттеп, жан-жақты терең талдап қазып шықтық деуден мүлдем аулақпыз. Өйткені, Қазақстан жері өте кең ғой. Онда өткен ғасырларда, үстіміздегі ғасырдың басында өмір сүріп, көленердің ер саласында еңбек еткен өнер иелері — шеберлер де, олар жасаған ғажайып өнер туындылары да мол. Сондықтан, сол мол дүниенің ішінде біздің көзімізге алынбай, қолымызға түспегендері қаншама? Олай болса, қазақтың ұлттық көлөнер салалары бойынша бұл жұмыста ескерілмеген мәселелердің болуы ғажап емес. Оның бәрі жүре түзелер, жылдан-жылға толығырақ түсер деген үміттеміз.

Әдебиеттер

- СССР Министрлер Советінің «Халықтың көркем қолөнерін одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы» 1968 жылғы 14 августтағы қаулысы.
- КПСС Орталық Комитетінің «Халық көркем қолөнері туралы» 1975 жылғы 29 январьдағы қаулысы.
- «Бейнелеу өнерін одан әрі дамыту және еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде оның ролін арттыру жөніндегі шаралар туралы» қаулы.
- «Социалистік Қазақстан», 1986 жылғы 11 сентябрь.
- Агалов П., Кадырбаев М.*, Сокровища древнего Казахстана. Алма-Ата, 1979.
- Басенов Т. К.* Сам өңірінің архитектуралық ескерткіштері. Алматы, 1947.
- Басенов Т. К.* Тасқайнар, Қазақ ССР Ғылым академиясының хабаршысы. Архитектура сериясы, Алматы, 1950. II басылым.
- Валханов Ч. Ч.* Вооружение киргизов в древние времена и их военные доспехи. Соч., т. I, Алма-Ата, 1961.
- Востров В. В.* Казахи Джанымбекского района Западно-Казахстанской области. «Труды института истории, археологии и этнографии АН КазССР», т. 3, Алма-Ата, 1956.
- Востров В. В.* Новые материалы по этнографии казахов-адаевцев. «ТИИАЭ АН КазССР», т. 8, Алма-Ата, 1960.
- Востров В. В.* Некоторые вопросы этнографии казахов Кызыл-Ординской области «ТИИАЭ АН КазССР», т. 18, Алма-Ата, 1963.
- Востров В. В.* Некоторые изделия казахских мастеров-зергеров. «ТИИАЭ АН КазССР», т. 6, Алма-ата, 1959.
- Габбин Н.* Производство седел (ленчиков). Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области, т. 6, Ташкент, 1899.
- Гейнс А. К.* Собрание литературных трудов. СПб., т. I—III, 1897—1899.
- Герасимов Г. Г.* Памятники архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата, 1957.
- Давыдова С. А.* Кустарная промышленность Средней Азии. «Отчеты и исследования по кустарной промышленности в России», СПб, 1894.
- Добросмыслов А. И.* Скотоводство Тургайской области. Оренбург, 1895.
- Дудин С. М.* Киргизский орнамент. «Восток», М.—Л., 1925, кн. 5.
- Захарова И. В., Ходжаева Р. Д.* Казахская национальная одежда. (XIX—нач. XX вв.). Алма-Ата, 1964.
- Захарова И. В.* Об итогах эт-

- нографических экспедиций 1955 и 1956 гг. «ТИИАЭ АН КазССР», т. 6, Алма-Ата, 1959.
- История Казахской ССР, т. I—V, Алма-Ата, 1977—1980.
- Историко-этнографический атлас Сибири, М., 1961.
- Кадырбаев М. К.* Новые материалы по истории ранних кочевников Казахстана. «Известия АН КазССР», серия истории, археологии и этнографии, вып. 1/18, Алма-Ата, 1962.
- Казак Совет Энциклопедиясы, 4-т. Алматы, 1974; 6-т., Алматы, 1975.
- Карелин Г. С.* Путешествие по Каспийскому морю, «Записки РГО», СПб., 1883, т. 10.
- Каруцу Р.* Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. СПб., 1911.
- Кранихфельд В. В.* Степное киргизское хозяйство в Уральском уезде. «Памятная книжка Уральской области на 1898 г.», Саратов, 1898.
- Колл. авторов. Культура и быт казахского колхозного аула, Алма-Ата, 1967.
- Кустанаев Х.* Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов, Ташкент, 1894.
- Кыдыралин У.* Маңқыстау казактарының революцияға дейінгі мәдениеті мен тұрмысы. (Колжазба) Казак ССР Ғылым академиясы тарих, археология және этнография институтының колжазба қорынан.
- Маргулан А. Х.* Казахская юрта и ее убранство, М., 1964.
- Маргулан А. Х.* Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана, Алма-Ата, 1979.
- Марғұлан Ә. Х., Басенов Г. К., Меңдіқұлов М. М.* Қазақстан архитектурасы, Алматы, 1959.
- Масанов Э. А.* Из истории ремесла казахов (Вторая половина XIX—нач. XX вв.) «Советская этнография», № 5, 1958.
- Масанов Э. А.* Кузнечное и ювелирное ремесла в казахском ауле. «ТИИАЭ АН КазССР», т. 12, Алма-Ата, 1961.
- Масанов Э. А.* Условия труда и бытовой уклад казахских ремесленников (вторая половина XIX—нач. XX вв.).— «Известия АН КазССР», серия истории, археологии и этнографии, вып. 1, Алма-Ата, 1961.
- Масанов Э. А.* Заметки о резьбе по кости и камню у казахов (вторая половина XIX—нач. XX вв.). «ТИИАЭ АН КазССР», т. 18, Алма-Ата, 1963.
- Махова Е. И.* Материальная культура киргизов—источник для изучения их этнографии. «Труды киргизской археолого-этнографической экспедиции», т. III, Фрунзе, 1959.
- Мендыкулова М. М.* Памятники архитектуры Мангышлака и Западного Устюрта, Алма-Ата, 1957.
- Муканов М. С.* Казахская юрта. Алма-Ата, 1981.
- Муканов М. С.* Резьба по дереву у казахов. «ТИИАЭ АН КазССР», т. 6, Алма-Ата, 1959.
- Муканов М. С.* Казахские домашние художественные ремесла, Алма-Ата, 1979.
- Народные промыслы. «Казахстанская правда», 21 мая 1975.
- Нурмухамедов Нағым-Бек.* Искусство Казахстана, М., 1970.
- Обручев К. М.* Изучение кустарных промыслов Туркестанского края, «Туркестанские ведомости», Ташкент, 1894, № 72.
- Обручев К. М.* Несколько слов о кустарных промыслах в Туркестане, «Туркестанские ведомости», Ташкент, 1894, № 41.
- Отчеты Общества изучения Киргизского края за 1922, 1923, 1924 гг. «Труды Общества изучения Киргизского края», т. II—IV, Оренбург, 1922—1925 гг.
- Потто В.* Из путевых заметок по степи. «Военный сборник» т. 118, № 11, Санкт-Петербург, 1877.
- Руденко С. И.* Очерк быта киргизов бассейна реки Уила и Сагыза. «Казак», Л., 1927, вып. 3.
- Руденко С. И.* Очерк быта северо-восточных казахов. «Казак», Л., 1930, вып. 15.
- Руденко С. И.* Башкиры. Историко-этнографический очерк. М.—Л., 1955.
- Руденко С. И.* Культура населения горного Алтая в скифское время. М.—Л., 1953.

Рузбихан Михман-наме из Бухара, М., 1979.

Столянский П. Киргизская кибитка при высочайшем дворе Николая I, «Тургайская газета», 1903, № 25.

Труды института этнографии им. Миклухо-Маклая АН СССР, Новая серия, т. 37, 1958.

Чорманов М. О скотоводстве у киргиз Западной Сибири, «Сельское хозяйство и лесоводство», СПб., 1883, ч. 142.

Чорманов М. Заметки о киргизах Павлодарского уезда, — «Записки Западно-Сибирского отдела РГО», Омск, 1906, кн. 32.

Шнейдер Е. Р. Казахская орнамента, «Казаки», Л., 1927, вып. II.

Якоби А. И. Поездка в киргизской степи... Сборник сочинений по судебной медицине. СПб., 1874, т. 1.

Этнографиялық экспедиция деректері

Алматы этнографиялық экспедициясынан (1949, 1953, 1973)
Ақтөбе этнографиялық экспедициясынан (1956, 1972)

Ақмола этнографиялық экспедициясынан (1957, 1966)

Қостанай этнографиялық экспедициясынан (1956)

Қарағанды этнографиялық экспедициясынан (1969)

Көкшетау этнографиялық экспедициясынан (1970)

Қызылорда этнографиялық экспедициясынан (1958, 1971)

Гурьев этнографиялық экспедициясынан (1957, 1962)

Батыс Қазақстан этнографиялық экспедициясынан (1973)

Шығыс Қазақстан этнографиялық экспедициясынан (1956, 1959)

Семей этнографиялық экспедициясынан (1955, 1967)

Оңтүстік Қазақстан этнографиялық экспедициясынан (1958, 1976)

Жамбыл этнографиялық экспедициясынан (1952, 1959)

Маңғыстау этнографиялық экспедициясынан (1968, 1974, 1976)

Павлодар этнографиялық экспедициясынан (1961)

Талдықорған этнографиялық экспедициясынан (1960, 1964, 1974)

Орталық Қазақстан этнографиялық экспедициясынан (1963, 1965)

Мазмұны

Кіріспе	5
Ағаш ұқсату	9
Үйшілер өнері	9
Ершілер өнері	19
Мебельдер мен ыдыс-аяқ жасау өнері	34
Металл өңдеу	57
Ұсталық өнер	57
Зергерлік өнер	58
Сүйек пен мүйіз ұқсату	83
Тері ұқсату мен етікшілік	89
Тас өңдеу	105
Қорытынды	122
Әдебиеттер	124
Этнографиялық экспедиция деректері	126